исследованиях видим, что в высших учебных заведениях очень важно патриотическое воспитание на основе этнопедагогического образования. Потому что в независимой стране, национальное патриотическое воспитание должно вестись на высоком уровне. Формирование в будущем поколении национальных ценностей общества. В высших учебных заведениях патриотическое воспитание студентов должно вестись всесторонне. Этнопедагогика – основа народного воспитания. Средства народного воспитания: народный язык, народные традиции, устное народное творчество, история народа, прикладное искусство, национальные игры и т.д. Все они определяют особенности национального воспитания.

ЛИТЕРАТУРА

1. Мухаметзянова Г.В. Патриотическое и интернациональное воспитание старшеклассников в процессе усвоения основ национальной культуры: автореф. канд. пед. наук: 13.00.01. – Казань: Государственный педагогический институт, 1973. – 23 с.
2. Балкенов Ж.Ш. Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу мәселелері // Қарағанды мемлекеттік университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. - 2004. - №4 (36). - 160-163 бб.
3. Уразалиева Р.М. Студенттерге ұлттық ерлік негізінде азаматтық-патриоттық тәрбие беру формалары мен әдістері // Жас ғалымдар, студенттер және оқушылардың республикалық ғылыми-конференция материалдары. - Т.15. Жас ғалымдар. - Павлодар, 2005. - 144-147 бб.
4. Қожамжаров Е.Ж. Студенттердің бойында ұлттық патриотизмді қалыптастыру мәселелері // Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің даму жағдайы және перспективалары: Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Қарағанды, 2006. - 184-186 бб.

37.018.1:37.011.32-052(574)

PSYCHOLINGUISTIC AND LINGUA-CULTURAL PECULIARITIES OF TEACHING READING

**Келимбетова Раушан Жақсылыққызы,
Қожахметова Ғазиза Асқарқызы,
Шамшидинова Лаура Нұрланқызы,
Қадырова Гүлнұр Мақсатханқызы, магистр,
*«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы***

Reading is one of the main skills that a pupil must acquire in the process of mastering a foreign language in school. Reading is about understanding written texts. It is a complex activity that involves both perception and thought. Reading consists of two related processes: word recognition and comprehension. Word recognition refers to the process of perceiving how written symbols correspond to one's spoken language. Comprehension is the process of making sense of words, sentences and connected text. Readers typically make use of background knowledge, vocabulary, grammatical knowledge, experience with text and other strategies to help them understand written text. Through reading in a foreign language the pupil enriches his knowledge, of the world around him. He gets acquainted with the countries where the target language is spoken.

Reading develops pupils' intelligence. It helps to develop their memory, will, imagination. Pupils become accustomed to working with books, which in its turn facilitates unaided practice in further reading. [1, 18p.].

Teaching reading is very important, because it helps to develop others skills: speaking and writing.

One of the most influential characteristics that teachers can use to influence their students' reading behavior is to provide an instructional model during reading. Morrison, Jacobs, and Swinyard (1999) state that the “modeling of reading is recommended because children can see that an adult values reading enough that she regularly spends time engaging in reading and appears to enjoy it” (p. 81). When students observe their teachers reading for enjoyment, then they are able to establish the important connection of becoming a lifelong learner. Effective teachers place literacy as an important priority to model the characteristics of a lifelong learner. Morrison, Jacobs, and Swinyard (1999) add that “teachers who see their role as literacy model for their students may purposely involve themselves in literacy behaviors for the benefit of their students” (p.97). Effective teachers also verbally model instructional procedures as well. These teachers often talk aloud during problem solving and analytical

thinking to demonstrate to students the sequential steps of the thinking process. Kathleen Mohr, who studied four second grade teachers, found modeling to be a positive characteristic of effective teachers. Mohr (1998) notes: One specific positive aspect of task focusing was teacher modeling. All these teachers read aloud to their students. Teachers also took on the role of the learner and verbalized how to perform tasks so students were aware of the details or the sequence of the tasks. Using the first-person pronoun, these teachers verbalized think-aloud during tasks so students could adopt the learner self-talk and apply it to their own learning applications. (p. 21). Richard Allington (2002) also agrees. Allington feels that it is teacher modeling that increases effectiveness among the low-achieving students. He notes “these teachers offered models of useful strategies as separate lessons to the whole class, to targeted small groups, and to individual students in side-by side instruction. In fact, it is this plethora of instructional activity that truly sets these teachers apart”. [2, 177p.].

Teachers that also provide students with a literacy rich environment produce better readers. Morrow, O'Connor, and Smith (1990) note that “teachers who place their students in environments where literacy is valued and who provide stimuli for children to engage in literacy activities, find that such children increase the amount and type of literacy activity” (p. 255). Effective teachers know that a literacy rich environment can stimulate motivation and enthusiasm among the students in the classroom. The environment of the classroom can promote positive attitudes towards books, as well as offer students the opportunity to practice as independent readers. Providing students with a classroom library is critical to promoting learning and reading within the classroom environment. “Ideally, the classroom library should have a balance of easy-to-read materials and high quality literature”. A wide range of print allows the student to choose reading material that matches the students varying reading abilities. The classroom library should be a safe, comfortable place in the classroom where students engage in good literature and feel confident. Effective teachers introduce students to environmental print on a daily basis. Strickland and Morrow (1988) note that “studies have found that many preschoolers can already read road signs, labels on food boxes, and logos. This suggests the importance of utilizing environmental print to encouraging reading with young children”. [3, 134p.].

Environmental print not only provides students with reading opportunities on a continuous basis, but also strengthens reading skills that the students have already learned. “Emergent readers learn these words through many clues for meaning in which they appear. Similarly, when their classrooms are rich in print that label objects, students can use the strategies they have already mastered to attach meaning to new words”.

The environment that the teacher produces can greatly affect the students reading ability. Teachers that provide a classroom library of easy-to-read and high quality literature gain accessibility and confidence within the classroom reading program.

“Building an effective learning environment and collaborating with others to achieve a reading goal is an important part of being a teacher. The impact of an effective classroom environment on students and their learning is most important” (Morrison, 2003, p. 19).

Classroom Management an important characteristic that an effective teacher must possess is classroom management. “Effective classroom management is key to teacher success”. If teachers do not have the ability to manage their classrooms, then the ability to provide effective reading instruction becomes problematic. Walls, Nardi, von Minden, and Hoffman (2002) conducted a study with 90 teacher participants to find characteristics of effective and ineffective teachers. The most effective teachers motivated their students and had little difficulty with classroom management. Their care about student accomplishment and advocacy for student success set the tone for fair rules and grading. Such teachers were frequently depicted as requiring and maintaining high standards of conduct and academic work. Ineffective teachers were faulted for unreasonable or unfair assignments, tests, and grades. Opposite poles in classroom management were expressed, in which the ineffective teacher either was a dominating ogre or had no control. Metsala (1997), a member of the National Reading Research Center, also conducted a similar study to find effective teachers of a balanced literacy program. The research involved conducting two surveys of the practices of United States teachers who are considered by their supervisors to be highly effective in developing primary-level literacy competencies in their students. The results indicated that “the most effective teachers were also masterful classroom managers-managing time, materials, student behavior, and most notably, resource personnel with such finesse that their control was hardly noticeable”. Metsala (1997) also noted that the behavior was managed by having high expectations for each and every student in the classroom, along with high expected levels of achievement. Reading teachers have high expectations for all types of learners in the classroom. Effective classroom management involves students on task with all assignments, and constantly engaging in a wide variety of literacy activities. The reading teacher serves as the facilitator in a well-balanced literacy program. “If teachers have no command of their classroom, their students ignore their knowledge, and their compassion for their students’ 23efforts is pointless”. Thus, classroom management is essential to the reading teacher in order to produce an effective reading program.

The struggling reader can also be affected when the teacher places limitations on the selection of literature. Effective reading teachers understand the importance of providing elementary students with many genres of reading material to broaden their experiences and background knowledge. If students are not provided with a variety of texts, then their ability to gain knowledge is impaired. Collins and Cheek (2000) note that “lack of experience increases the difficulty level of material and decreases the student’s chances for success in reading”. Too often the classroom teacher does not provide ample instructional time to allow students to have free choice of reading. Students see more of the textbook than probably any other type of literature available to them. Ivey (1999) comments “despite numerous studies, I do believe that many students do not lose interest in reading as such but in the kinds of reading that they are typically required to do in school, such as textbooks and certain teacher-selected texts”. When students are given a choice to read any type of literature in the classroom, interest peaks among the students. The importance of promoting free choice in the classroom is to promote the concept that one must read to learn.

Students need a primary purpose to read when given a selected piece of literature. Ivey (1999) notes “struggling readers need real purposes for reading, not surprising given that motivation is highest when students engage in tasks for their own intrinsic reasons”. An effective teacher gives students a reason to engage in selections of literature, and provides expectations for students. Supplying students with a purpose for reading is deemed crucial for the struggling learner. When given a purpose to read, students are able to make a connection with the text, as well as place meaning into their own personal lives.

Expanding Available Instructional Time Effective reading teachers allot time for students to practice skills and strategies within the classroom literacy program. Expanding instructional time for struggling students has been suggested as a means for increasing student achievement. Richard Allington is an advocate for providing struggling students with more instructional time before, during, and/or after school. Allington (2001) comments “fundamentally, the argument is that some children simply need larger quantities of instruction and greater opportunities to practice reading. There is good research evidence that such added instruction can foster accelerated reading development”. Providing students with ample instruction time beyond the regular reading lesson can increase student’s knowledge of skills and fluency. Allington (1994) also stated that “American students spend less than 10 percent of the school day engaged in actual text reading”. If teachers and educators want to improve student’s reading skills in the curriculum, then time must be allotted for students to practice. If students are never given time to practice the reading skills that

they are taught in class, then teaching those skills to begin with will become a wasted effort. Students need to see specific skills embedded within selected texts to reinforce what they have already learned. Harvey and Goudvis (2000) state “we get better at reading by reading”.

One way to minimize interference from the text is to encourage narrow reading, as suggested by Krashen. Narrow reading refers to reading that is confined to a single topic or to the texts of a single author. Reading teachers usually provide short and varied selections, which never allow students to adjust to an authors style, to become familiar with the specialized vocabulary of the topic, or to develop enough contexts to facilitate comprehension. Rather, such selections force students to move from frustration to frustration. However, narrow reading provides students with the chance to easily adjust either to the repeated vocabulary of a particular topic or to the particular style of a writer. Further more, repetitions of vocabulary and structure mean that review is built into the reading. The significant advantage from the schema—theoretic point of view is that schemata are repeatedly accessed and further expanded and refined, resulting increased comprehension.

Another possibility of text facilitation is to develop materials with local settings. These materials might be local newspapers, pamphlets, brochures, or booklets about local places of interest, China Daily, for instance, for Chinese readers. [4, 202p.].

Instead of or in addition to, text control, we also need to consider what we can do with the readers.

Providing background information and previewing content for the reader seem to be the most obvious strategies for the language teacher. Of course, they are particularly important for the less proficient language students. These readers are more word-bound, and meaning tends to break down at the word level. Thus, they tend to have vocabulary acquisition emphasized and as such are encouraged to do a lot of specific (and less efficient) word-by-word processing exclusively in a bottom-up processing mode. Readers who are more proficient in a language tend to receive content previews because they are no longer as susceptible to vocabulary and structure difficulties in reading. As a result, they are encouraged to do more global, predictive (and certainly more efficient) processing in the top—down processing mode [5, 84p.].

LITERATURE

1. Albert J. Harris and Edward R. Sipay, 1985. How to Increase Reading Ability: A Guide to Developmental and Remedial Methods
2. Psycholinguistics and Reading, New York: Holt, Rinehart and Winston.
3. Krashen, S.D. 1981. The case for narrow reading.
4. Basic Processes in Reading : Perception and Comprehension
5. Rumelhart, D. E. 1980. Schemata : The building blocks of cognition.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ағылшын тілінде оқуға үйретудің психолінгвистикалық және лингво-мәдени ерекшеліктері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются психолінгвистические и лингво-культурологические особенности обучения чтению на английском языке

ӘОЖ 37.018.1:37.011.32-052(574)

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕ ҮШТІЛДІ МАМАН ДАЯРЛАУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Тәуіпбаева Айнұр Төребекқызы,

магистр;

Рысбаева Гулнара Исаханқызы,

оқытушы;

Байболова Динара Тұрмағанбетқызы,

оқытушы,

«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар тәрбиелеу десек артық айтпаған болар едік. Заманауи бағдарламалар мен оқытудың әдіс-тәсілдерін меңгерген білікті мамандар ұсынуы заман талабы. Оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болса, оның екінші қырынан үштілді толық меңгеру мақсаты алға қойылған. Елбасымыздың халыққа жолдауында берілген Қазақстанның әлемдегі ен дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақмерзімді басымдықтары белгіленген. Осы жолдағы басым бағыттардың бірі сапалы бірегей білім беру жүйесі бар ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс, педагогтан ақпаратты коммуникативті құзіреттілігін арттыруын талап етеді, осы тұжырым бағдарламаны негізге ала отырып, кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесін қалыптастыруда педагог құзіреттілігі, студенттен кәсіби құзыретті маман қалыптастыруды бәсекеге қабылетті, білімді, азаматтар тәрбиелеуді жүктейді. Нәтижеге бағдарланған оқыту яғни құзыреттілік ең алдымен мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды және дамытуды талап етеді. Кәсіби-педагог құзыреттілігін жүзеге асыруда, педагогтан қабілеттілік пен даярлықты талап етеді. Сонымен қатар кәсіби құзыреттілікке білімдер, іскерліктер, дағдылар мен қатар тұлғаның кәсіби құнды сапаларын, оның іс-әрекетін де қарастыруды талап етеді [1]. Аталған мәселелердің жиынтығынан педагогтың кәсіби жоғары деңгейінің болуын қажет етеді. Педагогика ғылымында құзырет-тұлғаның белгілі бір саладағы өкілеттіліктері мен қызметтері аясын анықтайтын интерактивті сапасы ретінде түсіндіріледі. Оның құрамына білімдер, іскерліктер, дағдылар кіретіні белгілі. «Педагог білімін әртүрлі әдістермен білім алушыларға береді»- деп, кәсіби даярлықтың жоғары сапалы қол жетімділігі –кәсіби сауаттылық негізі екенін анықтап берді.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үдерістің қарқыны, үштілді білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ең бастысы – өз жұмыс орнына және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын құзыретті маман тұлғасын қалыптастыру міндетті. Біліміне, біліктілігіне, парасатына пайымы сай ұстаз бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістерге байыппен қарап, оның заман талабына сай мән-маңызын түсінуі қажет [2].

Сондықтан, жүктеліп отырған аса жауапты міндет, білім саласындағы реформалар, педагогикалық әдіс-тәсілдердің тың, мәнді, әрі сапалы болуын талап етіп отырған осы бір айтулы кезеңде, педагогтың жылдар бойы жинақтаған іс-тәжірибесін жаңа ақпараттық технологияға ұштастыруын қажетті санайды.

Бүгінгі таңда педагогика ғылымында негізгі базалық ілімдердің бірі «құзыреттілік» болып отыр. Құзыреттілік дегеніміз – тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік, күш-жігердің болуы. Құзыреттілік жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда аман қалуды қамтамасыз етеді және олар бәсекеге қабілетті маманмен қамтамасыздандырады. Көптеген елдерде құзыреттілікке жаңаша мән бере отырып, білімді жоғары дәрежеге көтергені ақиқат. Құзыреттілік еңбек нарығында тұрақты өсіп отырған талаптармен, шапшаң технологиялық өзгертулермен, соның ішінде білімдік және еңбектегі мобильдік өсулермен негізделген. Құзыреттіліктің жеке компонентін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған мақсаттарын орындауға көмектесетін сипаты мен икемделігін айтады.

Қазақстанның әлеуметті-экономикалық даму мақсатын жүзеге асыруда кәсіптік білім беретін оқу орындарында бәсекелестікке қаблеті бар болашақ мамандарға әртүрлі өндірістік салаларға даярлау деңгейі білім беру жағдайларымен анықталады. Қазіргі таңда жан-жақты маман даярлау олардың әлеуметтік, кәсіптік, өздік жұмыс жасай алу қабілеттерін дамытумен белгіленеді. Себебі, әлеуметтік сала экономикасын дамыту осы болашақ мамандардан төмендегідей шарттардың орындалуын талап етеді [3].

Жалпы кәсіптік құзыреттілік - әр сала манының кәсіби мазмұнына сай қарастырылған. Құзыретті маман даярлау мақсатында «білім алушылардың білімдік белсенділігін арттыру технологиясын» пайлана отырып, бұл оқыту технологиясы бойынша білім беру мақсаты студенттерге өндірістік ситуациялар беру арқылы өз бетінше жұмыс жасау қабылетін, дұрыс шешім қабылдау мүмкіндігін қалыптастыру арқылы бәсекеге қабылетті маман ретінде дамуына көмектесу. Құзыреттілік – кәсіби маман даярлаудың басты сапасы екенін әрдайым есте сақтаған жөн. Өйткені елеміздің саяси – экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай өзінің

алдындағы үлкен жауапкершілікті сезініп, өз ісінің шебері, бәсекеге қабылетті, кең ауқымды, жан-жанты дамыған маман дайындауға ұмтылу- кәсіби білігі мол педогогты қажет ететін заман талабы екенін тағы да жүрегінде жазып алуы керектігін талап етеді. Кәсіби құзыреттілік - жете білушілік ұғымын енгізудің қажеттілігін, оның мазмұнының кеңдігімен, интерактивтік сипатымен, «кәсіптілік», «біліктілік», «кәсіби мүмкіндіктер» деген түсініктерді білдіреді. Педагогтың құзыреттілігі 1-ші орынға ақпараттық сауаттылығын, мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Құзыретті педагогтан өз ісінен шеберлікті, жақсы оқытушы болу үшін мамандығына қажетті қабылеттіліктерді және жалпы әлемдік мәдениетті сонымен қатар өз елінің мәдениетін, интегралды үдерістерді меңгерген, әлемдік білім кеңестігінің өресінен шыға алатын талпынысы жоғары, шығармашыл болуы керектігін талап етеді [4].

Педагог қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеп отыратын, ортамен, адамдармен, студенттермен қарым-қатынасқа тез түсе алатын, ұйымдастыру қабылеті жоғары тәжірибесі мол және тағы басқа қасиеттерді жинақтағанда ғана оның бойынан кәсіби құзыреттілікті анық байқауға болады. Сондықтан осындай міндеттерді орындай алатын құзырлы педагогтың алдында теориялық біліммен қаруланған, адамдармен қарым-қатынас мәдениетін меңгерген, бәсекеге қабылетті құзыретті маман даярлау міндеті жүктеліп отыр [5].

Педагог ретінде өзіміздің ақпараттық технологиямызды меңгеру оны әрбір сабақтарымызда қолдану, құзыретті педагог болуымызға, сабақ берудегі амал- тәсілдерімізді, дидактикалық жинақтарымыздың түбегейлі жаңаша іс – әрекеттерін жасауымызға керекті технология екенін айта кеткіміз келеді.

Қорыта айтқанда, кәсіптік білім беру барысында үштілді даярлықта әрбір кәсіптік оқу пәнінің білім мазмұны мен әдістемелік жүйесі негізінде жеке тұлғаға қойылатын кәсіби деңгейін, нәтижеге бағытталған сауаттылық шешімін табу керек.

ӘДЕБИЕТ

1. Бұзайбақова К.Ж. «Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру» - Алматы. «Жазушы», 2006 ж., 258 б.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы, – Алматы. 2008 ж.
3. ҚР Білім туралы Заңы. - Астана 27.07. 2007 №319 –ІІІ.
4. ҚР «Білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».

5. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан.
– 2012 ж. 10 шілде

РЕЗЮМЕ

В статье авторы рассказывают о важности подготовки педагогических кадров с полиязычным образованием в вузах страны.

SUMMARY

In the article authors tell about importance of training of pedagogical personnels with the multilingual education in institutions of higher learning of country.

ӘОЖ 37.016:316.452

СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ

*Сүнәділлаева Ә. 2 курс студенті,
5B012300 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы;
Мукажанова Э.Т, п.ғ.м.
ҚазМемҚызПУ, Алматы қаласы*

Әрбір ата-ана дүниеге шыр етіп келген баласын осы жарық дүниенің есігін ашып, сол жарық дүниенің қызығы мен қуанышын көрсін, ұрпағымды жалғасырып, артымда өз ізімді қалдырсын деп алдына мақсат қояды. Алайда, шыр етіп дүниеге келгеннен, көзін ашпай жатып тағдырдың тәлкегінде қалып жатқан бауырларымыз қаншама. Ал сол баланы өмір сүруге құштар етіп тәрбие беру әрбір ата-ана мен педагог қызметкерлердің міндеті. Ол үшін біздер біріншіден мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-анасына күш-қуат беріп, қолдау көрсетуіміз қажет. Себебі, ата-ананың армандап күткен балалары ойларындағыдай болмаған соң, ата-анаға қайғы мен мазасыздық жағдайын әкеледі. Мұндай ата-аналардың бойында үрей пайда болып, отбасында балаларын балалар үйіне өткізіп жатқандары қаншама. Сондықтан қазіргі таңда елімізде инклюзивті білім беру енгізілуде. Осы білім берудің барысында мүмкіндігі шектеулі балалардың бойынан табиғи талантын ашу үшін біздер ата-аналарға қолдау көрсетуіміз қажет. Ол үшін мектепке дейінгі мекемелерде, ата-ана мен мүмкіндігі шектеулі балалар арасында өмірге деген қызығушылық, құштарлықтарын оятатын арнайы жұмыстар жүргізіліп, мемлекет сол мекемелерге қолдау көрсетсін, оларға өз-өзіне сенімділік ұялата білсе, баланың өмірге деген жаңаша көзқарасы пайда болар еді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде баланың бойында жасырын жатқан табиғи таланты ашылар еді. Ал ол үшін педагогтер қауымы дер кезінде жұмыс жасап, ата-ана, мұғалім, мүмкіндігі шектеулі оқушы арасында үштік одағын құрғанымыз жөн.

Жоғары да аталған, мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру жүйесіне енгізуде шетелдік және ресейлік зерттеушілерінің Н.Форман, А.Пратен, Н.Д.Шматко, Л.М.Шипицына, Н.Н. Малофеевтің, сонымен қатар қазақстандық зерттеушілердің Р.А.Сулейменова, Г.Д.Хақимжанова, А.А.Айдарбекова, А.А.Байтурсынова және т.б. еңбектерінің маңызы зор [1, 2346].

Инклюзивтік білім беру дегеніміз – жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі бала мен басқа да әлеуметтік қорғалатын топтарға жататын оқушыларға өзгелермен теңдей білім беру, соған жағдай жасау, әлеуметтік ортадан оқшауламау.

Инклюзивті білім беру жүйесінің Қазақстанда алғаш дамуы 90-шы жылдардың ортасында жүзеге асырыла бастады. Қазіргі таңда біздің мемлекетімізде инклюзивтік білім беру үдерісін жүзеге асыруға қарасты заңдар қарастырылған. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімделуін жетілдіру мақсатында халықаралық құқықтық актілер қабылданды және ратификацияланды, олар “Бала құқықтары туралы Конвенция” (1989), “Білім беру” және “Мүгедектердің құқықтарының тепе-теңдігін қамтамасыз ету туралы ережелер” (1993), білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға арнайы білім беру және жағдайын реттеу үшін “Саламандық декларация” [2, 85 б].

Мемлекетіміз мемлекеттік білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған бағдарламасында бірінші рет инклюзивті білім беру мәселелері талқыланды. Бұл жоба қазіргі таңда біртіндеп қолға алынып келе жатыр. Осы жоба аясында еліміздегі кейбір мектептерде эксперименттік түрде 2011 жылы Алматы қаласының «Дыбыс» қоғамдық бірлестігіндегі 2 мектепке енгізген. Осы күндері бұл мектептердің 116 бірінші сыныбында 3 кохлеарлық имплантациясы бар балалар оқытылуда [3, 17 б].

Қоғамда мүмкіндігі шектеулі балалардың дәрежесіне қарап оқыту, яғни нашар қабылдайтын балаларды өз деңгейіне қарай оқыту әр деңгейді бөліп оқыту қарастырылған. Білім берудің бұл түрінде мүмкіндігі шектеулі балалардың өз-өзіне сенімі артады, ол қоршаған ортадағы адамдар тарапынан өзіне қолдау бар екенін сезінеді, бұл баланың өзі бағалай білуіне, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауына, өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне жол ашады. Осыған орай Назарбаев «Зияткерлік мектебі ұсынған Кембридж бағдарламасы кең таралуда». Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты сындарлы оқыту арқылы баланың бойындағы жасырын жатқан талантын ашып, кез – келген істің шешімін таба алатын дара тұлға тәрбиелеп шығару. Бұл бағдарлама негізінде жеті модульден тұрады. Осы бағдарлама аясында талантты және дарынды балаларды оқытуды дамыту үшін анағұрлым инклюзивті тәсіл пайдалануы керек делінген. Осы модульдердің ішінде баланы өмірге бейімдеп, өз бетінше өмір сүре алатын, адамдар арасындағы қарым-қатынасты меңгерген, бүгінгі күннің талабына сай азамат тәрбиелеп шығу үшін біз тек қана дарынды, талантты оқушыларды ғана емес соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың ішінен талантты дарынды балаларды анықтауымыз керек. Себебі, олардың да ішінен талантты, дарынды бала шығуы сөзсіз. Сондықтан әрбір ұстаз балаларды бір-бірінен бөліп жармай, балаларды инклюзивті мектепте оқытқаны жөн. Инклюзивті мектеп басқа дені сау балаға кері әсерін тигізбейді, керісінше, бір-бірінің ойларын толықтырып көпірше орнатады. Орыс

ғалымы Л.С.Выготскийдің пікірі бойынша оқушылар нақты мақсаттарды көздеген, көбірек білетін қайраткер жандармен әлеуметтік қарым-қатынас нәтижесінде оқушы ойлау және сөйлеу дағдыларын дамытады. Ал көпіршелер арқылы мүмкіндігі шектеулі баламен дені сау баланың ортақ шешім қабылдап, біреудің көмегінсіз орындай алмайтын тапсырманы орындауға мүмкіндік алады және даму деңгейінде ахуалы бар баланың бойында өзіне деген сенімділік пайда болады. Дені сау адамның өзі қандай да бір істі бастау үшін жүрексінеді ғой, сол сияқты мүмкіндігі шектеулі тұлғаға біріншіден өз-өзіне сенімділік қажет. Ол оқушының да өзіндік мені қалыптасуы керек. Ал мына біздер оларды тең ұстап, қодау көрсеткеніміз жөн. Дені сау оқушының өзі дамудың бір кезеңінде өте қабілетті болса, келесі кездерінде қабілеттің танытпауы мүмкін. Британдық оқыту және оқу академиясы мүмкіндігі шектеулі балалардан талантты және дарынды балаларды анықтауға зерттеу жүргізген. Бұл зерттуде есту қабілеті нашар және ағылшын тілі ана тілі емес балалар үшін кеңейтілген тапсырмаларды танымдық сипаттағы мектепшілік бағдарлама жасады. Шектеулі вербальды қарым-қатынасты қолдана отырып, осы тапсырмалар қабілеттің жоғары деңгейін көрсетті. Бір тапсырмада қарапайым вербальды қарым-қатынас пен дене қимылын қолдана отырып, олар судың ағысын көрсетті, ал екіншісінде өздеріне және аюға жеткілікті кең үйді жасау үшін суретті нұсқауларды пайдаланды, ал үшінші тапсырмада олар әнді тыңдаған соң жауабын жазу үшін әртістік қасиеттерін пайдаланды. Соңында олар жылдам сөйлей алмаса да, жоғары деңгейде сенімділіктерін, зейінмен тыңдай алатынын және тұрақты қызығушылықтары ұзаққа созылатынын көрсеткен дарынды және талантты балалар екеніндігі анықталды. Мінекей Британдық ғалымдардың зерттеулерін біздер қазақстандықтар басшылыққа алып, шектеулі балалардың ішінен де талантты, дарындыны анықтауымыз керек. Себебі, оларды қоғамға керексіз етіп қалдыруға болмайды [4, 72 б.].

Осы инклюзивті білім берудің маңызын білу барысында ата-аналардан төмендегідей сауалнама жүргіздік.

Сауалнама құрылымы 4 сұрақтан тұрады. Сауалнамада келесі мәселелер қарастырылады:

1. Қазіргі таңдағы қалыпты деңгейде дамыған балалардың ата-аналарының мүмкіндігі шектеулі балалар туралы ақпараттармен қаруланғанын анықтау;
2. Инклюзивті білім беру жүйесіне деген көзқарасын анықтау;
3. Қалыпты деңгейде дамыған балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың біріктіріліп білім алуына деген көзқарасын айқындау.

Осыған орай бірінші сұрағымыз («Сіз өміріңізде мүмкіндігі шектеулі балаларды кездестірдіңіз бе?»).

кесте №1

№1 «Сіз өміріңізде мүмкіндігі шектеулі балаларды кездестірдіңіз бе?»			
%	Ия	Жоқ	Қарым-қатынасқа түспедім
100	82%	18%	0%

2-ші сұраққа («Мүмкіндігі шектеулі балалардың қандай мектепте оқығанын қалайсыз?») сәйкес төмендегідей қорытынды жасалды: ата-аналардың көп бөлігі мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы мектепте оқығанын дұрыс деп білетіндігін сауаланама сұрағы арқылы дәлелдей білді.

кесте №2

№2 «Мүмкіндігі шектеулі балалардың қандай мектепте оқығанын қалайсыз?»			
%	Жалпы мектеп	Арнайы мектеп	Мектеп-интернаты
100	55%	45%	0%

(«Мүмкіндігі шектеулі балалардың қандай мектепте оқығанын қалайсыз?») сәйкес төмендегідей қорытынды жасалды: ата-аналардың көп бөлігі мүмкіндігі шектеулі балалардың арнаулы мектепте оқығанын дұрыс деп білетіндігін сауаланама сұрағы арқылы дәлелдей білді.

кесте №3

№3 «Мүмкіндігі шектеулі баланың сіздің балаңыз оқитын мектепте оқуына көзқарасыңыз қандай?»			
%	Қарсымын	қарсы емеспін	білмеймін
100	54%	36%	9%

3-ші сұраққа ата-аналар қарсы екендігін, және де мүмкіндігі шектеулі баланың қалыпты дамыған баламен бірге оқуы, қалыпты дамыған баланың бойындағы қабілеттін анықтауға кедергі болдады деген пікірлер айтылды.

Жауаптардың нәтижесінде мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы мектепте қалыпты дамыған балалармен оқуын дұрыс деп құптағандар да теріс пікір білдіргендер дер де бар. Дегенмен, мүмкіндігі шектеулі бала да жеке тұлға, сондықтан оларды бөліп жарудың керегі жоқ деген пікірлер айтылды.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру бағдарламасы енгізілгенімен, қоғамның оны қабылдауы қиынға соғып отыр, сондықтанда ең біріншіден адамның санасын психологиялық түрде тазалай отырып, ата-аналарға инклюзивті білім беру бағдарламасы жөнінде арнайы кеңес беру орталықтары ашылса қоғамның оң қабылдауына көп ықпалын тигізер еді. Инклюзивті білім беру жүйесін енгізу үшін ең бірінші мектеп пен отбасының, мектеп пен баланың қарым-қатынасын жақсарту мақсатында арнайы бағдарламалар жүргізілуі қажет. Демек, мүмкіндігі шектеулі баланың және жасөспірімдердің білім беру және әлеуметтік қажеттіліктерін бағалау, баланың мүмкіндік деңгейіне сәйкес мектеп қажетті құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен қатар арнайы психологтың қалыпты деңгейдегі және мүмкіндігі шектеулі баланың ата-аналарымен тікелей жұмыс атқару қажет.

Қорыта келгенде соңғы кездері Қазақстанда дамуында ақыл ойы және дене ауытқулары бар балаларды жалпы білім беретін мекемелерге оқыту тәжірибесі қалыптасу жолында. Жалпы білім беретін бағдарлама бойынша мектептерде оқытылатын мүмкіндігі шектеулі балалар арнайы педагог, психолог, әлеуметтік педагогтің қолдауынсыз білім алуда. Жалпы мектептердің психологтары мен мұғалімдері мүмкіндіктері шектеулі балаларға сындарлы оқыту бойынша білім беріп, тәрбиелесе қоғамның дамуына ықпал етері айдан анық.

ӘДЕБИЕТ

1. Халитова І.Р «Әлеуметтік педагогика» - Алматы 2006 ж., 234 б.
2. Мардақаев Л.В. «Әлеуметтік педагогика» - Алматы, 2012ж 85б.
3. «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» журнал №1 2014 ж.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық (МАН) 72 б.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается конструктивное обучение, как развитие инклюзивного образования

SUMMARY

This article focuses on constructive learning, the development of inclusive education.

31.016.1:37.011.32-052(412)

ГЕНДЕРЛІК ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Рысбаева Гулнара Исаханқызы, оқытушы;
Тәуіпбасва Айнұр Төребекқызы, магистр;
Байболова Динара Тұрмағанбетқызы, оқытушы,
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

Гендер ағылшынша «gender» - әлеуметтік жыныс, латынша «genus» - род деген мағынаны білдіреді. Гендер – қоғамдағы адамдардың мінез-құлқын анықтайтын, сол мінез-құлықтың қабылдануын анықтайтын әлеуметтік жыныс, яғни басқа да адамдармен қатынасты анықтайтын жыныстық-рөлдік мінез-құлық.

Психология мен сексологияда «гендер» түсінігі кең мағынада қолданылады. Бұл түсінік ерлерді әйелдерден айыратын және маскулиндік, фемининдікпен ассоциацияланатын кез-келген психикалық немесе мінез-құлықтық қасиеттерді сипаттауда қолданылады [1, 58 б.].

«Гендер» сөзін сексолог Джон Мани грамматикадан алып мінез-құлықтық туралы ғылымға енгізді. Джон Мани 1955 жылы интерсексуалдылық пен транссексуалдылықты зерттеу барысында осы түсініктерді мағынасы бойынша бөліп қарастыруға қажеттілік туындады. Олар жалпы жыныстық қасиеттер, жыныс фенотип ретінде деген түсініктерді сексуалдық-гениталдық, сексуалдық-эротикалық және сексуалдық-прокреативтік қасиеттерден айырмашылықтарын анықтады [2, 28 б.]. Қоғамдық ғылымдарда, әсіресе феминизмде гендер түсінігі едәуір тар мағынаға ие. Онда әлеуметтік жынысты белгілей отырып, биологиялық-жыныстық айырмашылықтарға емес, қоғамдық әлеуметтік ұйымдасуына тәуелді ерлер мен әйелдердің әлеуметтік детерминацияланған рөлдерін, бірдейлігін және іс-әрекетінің сфераларын білдіреді.

Гендерлік зерттеулерде орталық орынды ерлер мен әйелдердің әлеуметтік теңсіздік мәселелері алады. Ағылшын тілінде «гендер» сөзімен тұлғаның ерекшеленетін ерлігін немесе әйелдігін, қандай да бір сипатты немесе адамдық емес ағзаны айтады. Тұлғаның құжатпен бекітілуі дамыған мемлекеттерде әлеуметтік жыныс әдетте құжатта бекітілген жыныспен, яғни төлқұжаттық жыныспен сәйкес келеді.

Гендер кең мағынада міндетті түрде индивидтің биологиялық жынысымен, тәрбиедегі жынысымен немесе төлқұжаттағы жынысымен сәйкес келмейді. Әдетте қоғамда гендердің 2 түрін бөліп

көрсетуге болады: әйел және ер. Бірақ та, гендерлер жиынтығы едәуір кең.

Ғалым Маханова «гендер дегеніміз не?» деген сұраққа былай деп жауап бере отырып: «гендер ұғымы жыныстың әлеуметтік құрылымы деген мағына береді. Гендер қоғамның әйел және еркекке бөлінуінің өзі әлеуметтік өмірдің жемісі екенін көрсетеді. Сонымен қатар, гендер дегеніміз - жеке адамның белгілі бір шектердегі мінез-құлқын белгілейтін және шектейтін ұстанымдарының жиынтығы»-деп гендерді әлеуметтік тұрғыда қарастырады.

Гендер қоғамда дүниеге келіп ұлттың тілдік тұлғаға әсер ететін әлеуметтік, психологиялық және мәдени процестерінің жиынтығы.

Басқа модальдықтармен салыстырғанда көру модальдығы жеткілікті деңгейде қарастырылған [3, 58-69 бб.].

Нәрестелердегі көру түйсігінің жыныстық ерекшеліктерін зерттеу: 1966-1972 жылдар аралығында екі жыныстағыларды қосып санағанда 580 нәрестеге 14 ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу барысында мыналар анықталынды:

- Стимулға бекіту: квадратта; жаңа квадратта; қара және ақ квадратта; өте кішкентай стимулда (2*2), өте үлкен стимулда (12*12);

- Әртүрлі стимулдарды салыстыру (бекіту бойынша): бет және геометриялық фигуралар; тірі және өлі объектілер; көру және есту стимулдары;

- Квадратта бекітілуге бейімделу;

- Ақ панельді жағымды нығаюмен өндіру реакциясының жоқ болуы;

- Ақ және сарғыш түстерге жауап ретіндегі электроэнцефалограмма көрсеткіштері;

- Қозғалғыш заттың көргіштігінің жиілігі мен ұзақтығы;

Мұны былай түсіндіруге болады: біріншіден, белгілі-бір жыныс түрінде көру басым болса (әсіресе, ер адамдарда), екіншісінде есту басым (әсіресе, әйелдерде) болатындығы жөнінде миф бар; екіншіден, әйелдер туғанынан «әлеуметтік», ал еркектер «инструменталды» болмайды; үшіншіден, анықталған ерекшеліктер стимулдардың қол жетімділігі және тартымдылығымен түсіндірілуі мүмкін; төртіншіден, бір ғана әдіске сүйенген зерттеулер өте аз.

Маккоби мен Жаклин кеңістіктік қабілеттерді екі типке бөліп қарастырады: аналитикалық емес және аналитикалық. Аналитикалық емес кеңістіктік қабілеттерде жыныстық ерекшеліктерді анықтау барысында аналитикалық қабілеттер талап етілмейді. Ал, аналитикалық қабілеттерде негізінен белгілі-бір элементтер бөлініп алынады. Осыған байланысты бірқатар зерттеулер жүргізілген: олардың қатарында Э.Хемпсон, З.Шпиц, С.Кунджаби, Й.Такеучи, Ю.Глюектің т.б зерттеулері де бар [5, 52 б.].

Есту түйсіктері ер адамдарға қарағанда әйелдерде жақсы байқалады. Г.Гейманстың зерттеулеріне сүйенсек, әйел сарапшылар екі жыныстың да есту қабілеттері бірдей деңгейде деп есептейді. Ал, еркек жыныстағы сарапшылардың пікірінше есту модальдығы әйел адамдарда жиі байқалатын көрінеді.

Есту түйсіктерін зерттеуге байланысты 1957-1973 жылдар аралығында 19 ғылыми жұмыс жазылған.

Нәресте шақ:

- Дыбыс стимулдарына әртүрлі реакция түрлерін көрсету: жүрек қағысының өзгеруі, стимулдарға бағдарлану;

- Дыбыс стимулдарын қолдану: қатты және ақырын дыбыстар, қоңырау дыбыстары, басқа нәрестенің жылауының аудиотаспалары;

Сәбилік шақ:

- Дыбыс стимулдарына әртүрлі реакция түрлерін көрсету: мазасыздану, дыбыстық реакция, дыбыстарға бағдарлану, сөйлеп тұрған адамға бағдарлану, қолдың қозғалысы;

- Анасының дауысы мен бөгде біреудің дауысына деген реакциясын салыстыру (екеуінің дауысын да аудиотаспа арқылы);

Жеткіншек жасы:

- Дыбыстарды айыра алу,

- Стимулдардың қай жақта басым екендігін құлақ арқылы анықтай алу;

- Вербальды емес дыбыстардың идентификациясы;

- Сөздік дыбыстарды анықтай алу;

- Музыкалық дыбыстарды танып білу;

- Әдеттен тыс дыбыстарды анықтау;

Ересек жас:

- Дискомфорт туғызып отырған дыбыстарды анықтай алу;

- Дыбыстарға терілік-гальвандық реакциялар;

- Музыкалық дыбыстарды танып білу;

- Ағылшын тіліндегі антонимдерге басқа тілдегі антонимдерді іріктеп алу;

Зерттеулердің нәтижесін қорытындылай келе, белгілі бір жыныста соған сәйкес келетін модальдықтар ғана болады деп сенімді түрде айта алмаймыз. Қай жыныс болмасын онда түйсік пен қабылдауға байланысты модальдықтардың барлық түрлері болады, дегенмен біреуінде басым түрде көрінуі мүмкін.

ӘДЕБИЕТ

1. Бурн Ш. Гендерная психология. - СПб.: прайм-Еврознак, 2001 г.
2. Бендас Т.В. Гендерная психология СПб., 2006 г.
3. Воронцов Д.В. Социально-психологическая концепция полового поведения // Психологическая адаптация личности к

условиям рыночной экономики // Под ред. Т.Ю. Синченко, В.Г. Ромека. - Ростов-на-Дону: ЮРГИ, 1999 г., стр. 58-69.

4. Карвасарский Б.Д. Медицинская психология. Л.: Медицина, 2002 г., с.5-117, 98 с.

5. Бэрн Р., и др. Агрессия. СПб.: 2001.- 352 с.

РЕЗЮМЕ

В статье раскрывается социальное, психологическое и культурологическое влияние национального языка на формирование личности.

SUMMARY

In this article is devoted social, psychological and cultural impact of the national language to the formation of personality.

ӘОЖ 004:82.085:802.0

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУДІҢ ІСКЕРЛІГІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АҚПАРАТТЫ- КОММУНИКАТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бекназарова Ұлжан Өмірзаққызы,
магистрант,
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

Қазақстан Республикасы білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат болуда.

Елбасының Қазақстан халқына жолдауында ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: компьютерлік техниканы, интернет, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үдерісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсету. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің болашағы –білімді, жарқын, парасатты, өз ана тілімен бірге орыс, ағылшын тілдерінде еркін сөйлеу. Өз елін, жерін, мәдениетін, халқын шетелге таныстыра алатын үш тілде еркін сөйлейтін азамат болу [1].

Бүгінгі күні ағылшын тілін үйретуде оқытудың заманауи технологиялары – ақпараттық технологиялар жоғарғы коммуникативті мүмкіншіліктер мен оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуымен сипатталып, білімнің әлеуеті белсендіріледі және білім алушылардың коммуникативті құзіреттілік дағдылары сәтті дамиды. Бұл әрекетте мұғалімге қойылатын басты мақсат компьютер желісін және мультимедиялық –электрондық құралдарды ағылшын тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда презентацияларды және мультимедиялық-электрондық құралдарды, Интернетті білім беру процесінде терең қолдану.

Ағылшын тілі – бүгінгі заманның қарым-қатынас жасаудың кілті болып табылады. Ағылшын тілі – ұлы әдебиет тілі. Әлемге әйгілі Вальтер Скотт, Джонатан Свифт, Вильям Шекспир сөйлеген тіл.

Ағылшын тілін оқытудың басты мақсаты – ағылшын тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту. Оқыту мазмұнына қарапайым коммуникативтік біліктілікті, ауызша және жазбаша (сөйлеу, тындап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас процесінде қолдана алу қабілеттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білік дағдылар енеді.

Тіл – қарым-қатынас құралы. Тіл сөйлеу арқылы жүзеге асырылады, сөйлеу арқылы ғана дамып, ауызекі сөйлесуде өмір сүреді. Ағылшын тілін оқытуда ең алдымен тілді қатынас құралы ретінде оқытамыз.

Тыңдап түсіну дағдысы:

Ағылшын тіліндегі «аудирование» термині тыңдап, оны түсіну деген мағына береді. Ағылшын тіліндегі тыңдап, түсінуге үйрету сөйлеу әрекетіндегі екі қызметтік түріндегі үрдіс. а) қарым-қатынас (диалогтық үдеріс) арқылы тыңдау мен түсінуге үйрету; б) мәтінді (монологтық үдеріс) қарым-қатынас құралы ретінде тыңдау мен түсінуге үйрету.

Білім алушыларды дамытудың маңызды мәселесі сөйлеу мен тыңдауды қашықтықтан дағдылау, яғни аудиомәтіндерді түсіну мен қабылдау қарым қатынас тірек құралы шартында. Ағылшын тілі сабағында Ақпараттық коммуникативті технологияларды сөйлеу мен тыңдауды дамытуда қолдануда көптеген артықшылықтары бар. Көрнекілікті тірек ете отырып, бірнеше дәлелдерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді жазып алуға ұсынуға болады, ол көп оқушыларға дұрыс жазылу процесін жеңілдетеді. Келесі кезекте ол жазбалар тақырып бойынша пікірталаста және монологты сөйлеуде, сонымен қатар үй жұмысын орындауда қолданылады.

Сөйлеу дағдысы

Сөйлеу – сабақтың маңызды құралы. Ауызша сөйлеу – мәтінді тыңдау мен оқу кезіндегі оқылған материалды тексеру құралы.

Ауызша сөйлеуге мынадай талаптар қойылады: сөйлеу тілін түсіну және тақырып бойынша ағылшын тілінде әңгіме жүргізе білу, яғни сөйлей білу. Бұл сөйлеудің тәжірибелілік мақсаты. Ауызша сөйлеу ағылшын тілін үйренудің маңызды құралы. Ол лингвистикалық материалды таныстыру құралы: дыбыстар, сөздер, грамматикалық құрылымдар; сөздік үлгілер мен сөздікті меңгеру құралы.

Ағылшын тілі мұғалімдері сөйлеу мен тыңдауды сабақтарын жетілдіруде мақсатты тапсырмалармен таратылатын материалдар жоқтығы мәселелерімен жиі кездеседі. Бұл проблеманы Мультимедиялық презентациялар (ММП) көмегімен шешуге болады.

Тыңдау мен сөйлеу дағдыларын үйретуде презентацияны қолдану маңызды оңтайлы нәтижеге жеткізеді – сабақтың жылдам темпі, оқушылардың қызығушылығы. Тағы да үлкен қызығушылықты арттыру білім алушылардың өздеріне мұғалімнің қадағалауымен презентация дайындау.

Ағылшын тілі сабағында өз ойын айтуға дайындау үшін Интернет қорларды қолдануға болады. Оқытудың бұл түрі

ақпараттық хабарлама, берілген тапсырмаға толық жауап жасауға көмектеседі («АҚШ туралы хабарлама», «Жастар саясаты»). Желіден алынған ақпаратты тірек ете отырып, монологты және диалогты түрде сөйлеу оқушылардың тақырыпқа қызығушылығының оянуы және толық жауабымен ерекшеленеді.

Оқу дағдысы

Оқу – сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерінің бірі. Оқу сөйлеу әрекетінің рецептивті түрлеріне жатады. Себебі ол графикалық белгілерді қабылдаудан, түсінуден тұрады. Оқу сөйлеу әрекетінің тыңдау, жазу сияқты түрлерімен тығыз байланысты.

Интернетті сәтті қолдану әлемдегі соңғы болып жатқан оқиғалар туралы ақпараттар алу үшін жақсы құрал ретінде табылады. Интернеттің көмегімен сынып бөлмесін жаңалықтар агенствосына айналдыруға, ал білім алушыларды жоғарғы деңгейдегі репортер деуге болады. Бұндай түрдегі әрекет жоғарғы сынып, колледж, университет оқушыларына келеді, өйткені бұл жұмыста көлемді оқылым және талғап-талдап түсіндірудің шеберлігі, ағылма сөзді қажет етеді.

Тәжірибе жүзінде әлемдегі барлық басылымдардың **web-парақтары бар**, ол жерде тек қана оқу емес, сонымен қатар түрлі тілдерде жаңалық тыңдауға, тіптен ағылшын тілін меңгерген қажетті деңгейін таңдап, LEARNING ENGLISH режимінде тыңдауға болады. Мақаланың тақырыбына және континентіне байланысты қос түрдегі мақала қызықты болуы мүмкін.

Онлайнды газет мәдениаралық біліктілікті жетілдіру жоспарында ауыстырылмайтын көмекші болып табылады. Ол дүниежүзілік қазір болып жатқан оқиғалардың арасынан табылуға, түрлі көзқараста қарауға мүмкіншілік береді. Әсіресе сынып жұмысына бағалысы сілтеме - send us feedback – оқырмандарды баспамен араласуды іске асырады. Оқығанына қатысты өз пікірін айтуға және «бүгінгінің тілшілері» (“Today’s Columnists”) бөлімде автордың өзімен тілдесуге болады.

Білім алушыларға әдеттегі немесе ауыспалы жұппен өмірдің барлық жақтарын қамтитын мақаланың зерттелуіне байланысты жұмыс жасауға ұсынуға болады: спорт, ауа-райы, мәдениет т.б. Мұндай жұмыстың артықшылығы топтың барлығының толық қамтылуы тапсырманың түрлілігімен тіркеседі: мықты оқушылар қиын мақаланың зерттелуімен айналысады, әлсіз оқушылар ауа-райы немесе мәдениет жаңалықтары жайында мәліметтермен жұмыс жасайды.

Сөйлеу мен оқу дағдыларымен жұмысқа қосымша сөздік қорды толықтыруға болады. Бұл үшін білім алушыларға оқыған мақаланың негізінде сөздік мақала жасауға ұсынуға болады. Атақты өлеңдер

аудармасымен, ағылшын тіліндегі кино үзінділері бөлімдерін де Интернет сайттарынан алуға болады. Ағылшын тіліндегі грамматикалық дағдылар мақалалардағы кездескен мысалдармен жұмыс арқылы үйретіледі. Мақала зерттеудегі мәдениетаралық күзiреттiлiгiн дамытудың өзiндiк артықшылығы бар: мәселемен жете танысып оқушылар аталмыш елдің ұстанымын анықтап қана қоймайды, сонымен қатар сондай көзқарасқа негiз тауып, оқиғаның дамуын болжай алады. Атқарылған жұмыстан кейiн мiндеттi түрде пiкiр талас немесе телеконеренция өткiзуге болады. Онда әр бiр оқушы немесе топтың әрекетi тақырыптық бөлiмнiң жалпы мәселесiнiң зерттеу негiзi бола алады. Бұндай жұмыстың жетiстiгi оқушылар бiр апта бұрын басылымда басылған ақпаратпен емес, бүгiнгi ақпаратты бiрiншi болып мұғалiмнiң ықпалымен ала алады.

Жазу дағдысы

Жазу – ағылшын тілін оқытудағы қиын және маңызды іскерлік. Жазу арқылы ағылшын тіліндегі әріптерді, дыбыстарды қолдануға үйренеді, сөз қорын кеңейтеді, сөйлеу, оқу, тыңдап түсіну іскерліктерін дамытады.

Виртуалды әлемде қарым-қатынас жасау электронды пошта көмегімен жүзеге асырылады. Онда мәдениетаралық күзiреттiлiктi достық хат алысуды орнату арқылы қолдануды меңгередi. Халықаралық хат алысу тiл үйренудiң кез-келген жасында немесе деңгейiнде жүзеге асырылады. Үйренiп жатқан тiлдi қолдаудың мақсаттылығымен достық байланыс орнатылып, шетел мәдениетiн үйренедi. Электронды хат алысу қағазбен алысудан гөрi анағұрлым артықшылығы: тез, ыңғайлы, арзан. Үй тапсырмасын тексеру және қарым-қатынастың жаңа түрi – электронды пошта. Оқушылар тексеру үшiн шығарма, эссе, хат және басқа жазбаша жұмыстарды жiбередi. Мұғалiм әрбiр оқушыға өз қателiктерiн көрсетедi.

Интернет белсенді түрде қолданылуы керек. Оқушы өзін тұтынушы емес ақпаратты жеткізуші ретінде көрсетуі керек.

АКТ көмегімен оқыту міндеттері екі үлкен бағыт бойынша белгіленеді: танымдық және коммуникативтік.

Танымдық бағыт:

- оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру;
- сөз мәдениетін таныту;
- ағылшын тілінің қоғамдық мәнін түсіндіру;
- тілдік шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;
- сөйлеу тәсілін, түрін меңгерту;

Коммуникативтік бағыт:

- тіл нормаларын меңгерту;
- тіл сауаттылығын арттыру;
- тілдік этика-эстетикалық талғам қалыптастыру;

- шығармашылық қабілетін дамыту;
- қарым-қатынас талаптарына сай іскерлікті қолдануға қалыптастыру;

- пікірталаста сөз қолдану біліктілігін қалыптастыру [2].

Тілдік ортадағы сөздік жүйе сөйлеу әрекетінің маңызды компоненттері: тыңдау және сөйлеу, оқу және жазу. Сөз арқылы қарым-қатынас процесінде тұлғаның өзіндік сөйлеу қажеттілік принципі іске асырылады. Ағылшын тілінің әрбір сабағында ол өзінің маңызды орнын анықтайды, және лексикалық дағдының құрылымы әрдайым мұғалімнің көз алдында болады. Шетел тілі ортасының болмауы қарым-қатынас үшін үйреніп жатқан тілді қолданудың маңызды қажеттілігі мұғалім үшін де, оқушы үшін де үлкен қиындық тудырады. Мұғалімнен тәлім-тәрбие мақсаттарын шешуге шығармашылық жақындасуды қажет етеді, өйткені оқыту әрекеті оқушыларға қызықты болуы керек, ол сыныптан тыс уақытта өз күшін сақтауы керек.

Грамматикалық дағдыларды қалыптастыру сөйлеу кезінде грамматикалық құрылымдардың қызметтік шарттарымен есептеледі, және оларды қалыптастыру - таныстыру және алғашқы бекіту; жаттықтыру; қолдану әрекеттері арқылы іске асырылады.

Мультимедиалық презентация көбінесе білім алушылардың саяси-мәдениеттілік тәрбиесіне дағдыландырады. Презентацияның өзіне тән мүмкіншілігі жаңа лексика мен грамматика, фонетика материалдарын интерактивті, мультимедиалық тақтамен қолдану барлық сөйлеу әрекеті түрлерін оқытуда қолдауға ие болады.

Ағылшын тілінде сөйлейтін елдің мәдени мұрасымен танысу қол жетімді. Бұрынырақ қажетті мәліметтерді әр түрлі көздерден түйіршіктеп жинақтауға тура келетін, ал қазір атақты көрікті жерлерді, атақты сәулетшілердің, мүсіншілердің, суретшілердің тамаша туындыларын толық әдемілігімен білім алушыларға сыныптан шықпай ақ көрсетуге толық мүмкіншілік бар. Барлық оқушылардың қала сыртына, шет елге, үлкен мұражайларға баруға мүмкіншіліктері бола бермейді. Сондықтан, виртуалды саяхат үлкен мүмкіншілік болып табылады. Мысалға, ТЭЙД және Третьяков галереялары, Эрмитаж және Британ музейлері, АҚШ Конгресс Кітапханасы мен Мәскеудегі Мемлекеттік Кітапханасы, Шекспир театры т.б. көрікті жерлер тақырыптары ММП жинағында жинақтауға болады.

Шынында да аутентивті мәліметтерді алу мүмкіншілігі жақсы бағалауға болады. Лондон Тауэры туралы ММП даярлау барысында осы музейдің өз сайтына ене аламыз. Ондағы мәліметтер өте тамаша! Лондон мен Ұлыбритания, патша жанұясы мен Біріккен Хандықтың жалауы тарихы, ағылшын тағамы мен Америка мектебі туралы біз

елдің өзінен біле аламыз. Оларды естімесек те оқулықтағы мәтін, диалог пен шынайы әңгіменің арасындағы айырмашылықты сезе аламыз. Туристік карталар мен проспектілердің көмегімен Вашингтонның тарихи жерлеріне сырттай саяхат жүргізе аламыз.

Сабақтың барлық уақыты презентациямен өтілмеуі керек. Презентация слайдтары түсіндіру, бекіту және проблемалық жағдай туындату кезінде ғана қолданылу керек.

Жұмыс барысында коммуникативті технологиялар келесі жағдайларда көмектеседі деген қорытындыға келдім: әдеттегі ақпаратқа жетуді кеңейту, ақпаратты берудегі мүмкіндікті ұлғайту, оның рационалды және эмоционалды аспектілерін байланыстыру, ойын элементтерін қосу, модельдерді қолдану мүмкіншіліктері, әдістемелік құралдарды таңдаудағы көптүрлілік, әдістемелік материалдарды жасау және көбейту, ара қашықтыққа жеткізуге ықшамдау, ақпаратты топтаудағы жаңа мүмкіндіктер, оқыту үдерісін жекелендіру және оның көптүрлілігі, пәнаралық байланыс ұйымдастырудағы жаңа мүмкіндіктер, мұғалімді көп жұмыстылықтан босату және оның назарын шығармашылық сәтке аудару, білім алудағы қызығушылығын арттыру.

ӘДЕБИЕТ

1.Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан, 2007 ж.,

2. Сақтағанова М.С., Алиева Н.Қ., Айтбаева Н.Қ. «Ағылшын тілін оқытудың әдістері», «Білім», 43-бет, №3, 2006 ж.

3. Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е., Баймұқанова Б.С., Бисенғалиева А.Н. Шетел тілін оқыту әдістемесі. Оқу құралы.- Астана, 2007 ж.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается эффективность использования информационно-коммуникативных технологии в формировании мастерства и навыков говорения на английском языке.

SUMMARY

In this article is presented effective use of information and communication technology for forming skills and habits of speaking in English.

ӘОЖ 80: 316. 642. 3

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ «ЖАСТЫҚ-YOUTH» КОНЦЕПТІСІНІҢ ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Снасапова Гүлжахан Жұмашқызы,
филология ғылымдарының кандидаты,
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

Танымдық тіл білімінде білімдер категориясы ең басты ұғымдардың бірінен саналады. Онда білімдер тілдік мағына тұрғысынан қарастырылады. Бұл жерде тіл дүние жайлы білімдер мен тіл жайлы білімдерден құралған танымдық әрекет ретінде танылады. Танымдық лингвистика концептросферада адамдардың туғызған образдары мен оларды бейнелейтін тілдік тәсілдердің арасындағы қатынастарды зерттейді. Сол себепті, танымдық тіл біліміндегі негізгі ұғымдардың біріне концепті жатқызсақ, қателеспейміз. Қоршаған дүние жайлы ақпараттарды қабылдау, бейнелеу, сезіну және оларды жеткізу құбылыстары адамдардың әлем туралы мағлұматтарының қалыптасуы мен дамуы барысында маңызды роль атқаратын танымдық лингвистиканың басым бағыттары саналады.

Кез келген тіл мен мәдениеттің белгілі бір нақты құбылысқа байланысты алуан түрлі тарихи және ұлттық тұрғыдағы танымдық ақпараттар мен мағлұматтар бере алатындығы белгілі. Осы жақтан алып қарағанда, лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің ұлттық дүниенің тілдік және концептуалдық бейнелерінің этникалық ерекшеліктерін айқындауға себін тигізері сөзсіз.

«Жастық-youth» концептісі құрылысы мен мазмұны, қызметі жағынан қабылдаудың сезімдік - деректік түрлеріне негізделген, ұлттық қауымдастықтағы мәдени, өркениеттік және әлеуметтік көзқарастарға тікелей байланысты концептердің қатарына жатады.

Концептердің шеңберіне танымдық құрылымдардың тілдік формаларының тасасында тұрған білімдер шоғырланады. Ұрпақтан - ұрпаққа ырым - жоралғылар, өсиет сөздер, салт - жоралар ретінде қалдырылып келе жатқан білім түрлерін де қарастырылып отырған концептінің төңірегінен кездестіруге болады. Рационалдық емес білімдердің бұл түрі халықтық білім саналады және ол ұжымдық санаға тиісті ерекшелік болып табылады.

Тілдік санада мәдени концептер лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық бірліктермен, этикеттік формулалармен айқындалатын құбылыс.

Тілдің ақиқат дүниені концептуализациялауы бір жағынан әмбебап болып келсе, екінші жағынан, ұлттық ерекшеліктермен айқындалады.

Концептердің өзара қарым - қатынасы мен вербальдық репрезенттері тілдің мағыналық кеңістігінде ғана емес, жалпы алғанда, нақты тілдік жүйені ұйымдастыруда да маңызды қызмет атқарады.

Концептерді зерттеуде тілдің лексика - фразеологиялық және паремиологиялық қабаттары басты назарда ұсталатыны тосын жай емес, өйткені, онда адамның рухани мәдениеті мен материалдық мәдениетінің деректері таңбалаңады, сол тілдік қауымдастықтың құндылықтар жүйесі, ондағы адамгершілік пен талғам жайлы көзқарастары мен ерекшеліктері көрініс табады.

Тілдік қауымдастық мүшелерінің танымындағы дәстүрлік білімдер сол ұлттың мәдениетімен тығыз қарым - қатынаста болып, ақиқатты тану барысында оның заңдылықтарына бағынады.

Youth and age will never agree деп жастық пен кәрілікті бір - біріне қарама - қайшы суреттеу қазақтар мен ағылшындардың тілдік қауымдастығының екеуінде де кездеседі. *Жастық пен кәрілікті* образды түрде сипаттайтын параллель тіркестердің қатарында қазақ тіліндегі *еңкейген кәрі мен еңбектеген жас; жастық – жалын, кәрілік – көмір; ілгері басқан жасты, кері қайтқан кәрі кейін тартады; кәрі қойдың жасы үлкен, ісек қойдың басы үлкен; бедері кеткен торқадан, бек тоқыған бөз игі* ағылшын тіліндегі *an old head on young shoulder, young folks think old folks to be fools, but old folks know young folks to be fools; a young idler, an old beggar; knowledge in youth is wisdom in age; age is more just than youth; the woman who tells her age is either too young to have anything to lose, or too old to have anything to gain; where old age is evil, youth can learn no good, as the old cock crows, so doth the young* т.б. бар. Осы мысалдардың мазмұнындағы *жастық пен кәріліктің* бойындағы физиологиялық, физикалық, әлеуметтік ерекшеліктерді қатар қойып сипаттау олардың табиғатына тереңірек үңілуге көмектеседі. Бұл жерде *жастық пен кәріліктің* образдарын бір - біріне қарама - қарсы қойып суреттеу тәсілін қолдану тасада тұрған танымдық мағыналарды ашып қана қоймай, ұлт өкілдерінің оларға деген қатынасын да сезіп білуге мүмкіндік береді.

Әлі кеш емес деген мағынада қолданылатын *the night is young* (сөзбе-сөз: *түн – жас*) фразеологиялық тіркесі ағылшындардың дүниетанымында жастықтың *түнмен* ассоциацияланатынын көрсетеді. Бұл жерде *түнге* адами қасиеттер телініп, оның *қайратын, күш-қуатын* сипаттайды.

Аталған концептіні сипаттап, жағымсыздықпен ерекшеленетін фразеологизмдердің қатарына қазақ тіліндегі *шикі өкпе, боқ мұрын, шөп желке, шаранасы кеппеген, мұрнынан сорасы ағу* т.б. жатқызуға болады. Сондай - ақ, *ернінен енесінің емшек сүті кеппеген; ана сүті аузынан кеппеген; бесік табы белінен кетпеген; бала, баланың ісі*

шала; бесіктен белі шықпай жатып т.б. сияқты тым жас адамның істегеніне көңілі толмау, қомсыну мағынасында немесе оның мінез - құлқына көңілі толмағанда қолданыла алатын тұрақты тіркестермен кезігеміз. Ал, ағылшындардың дүниетанымында аталған коннотация *young devil* (сөзбе-сөз: *жас сайтан*), *young Tartar* (сөзбе-сөз: *жас татар*); *young barbarians* (сөзбе-сөз: *жас варварлар*); *youth is the brother of madness* (сөзбе-сөз: *жастық – ақымақтықтың інісі*) *children and fools must not play with edged tools* (сөзбе-сөз: *балалар мен ақымақтар үшкір заттармен ойнамауға тиіс*); *young folks think old folks to be fools, but old folks know young folks to be fools* (сөзбе-сөз: *жастар кәрілерді ақымақ деп ойлайды, ал кәрілер жастардың ақымақ екенін біледі*) т.б. ойлармен астарласады.

Ағылшындардың танымында да *жастықтың* төңірегінде қарама-қайшы көзқараспен кездесуге болады. Мысалы, бір нақылда *the young have great value* (сөзбе-сөз: *жастық – үлкен құндылық*) немесе *young saint, old devil* деген тіркесте жастық пірәдарға, кәрілік сайтанға теңестірілсе, келесі ой *the young have great disadvantages* (сөзбе-сөз: *жастықтың өзіне тән кемшіліктері бар*) деп алдыңғы пікірмен келіспейді.

Келесі бір көзқарас *жастық шақты* босқа өткізбеу керектігін тілдік ұжым мүшелерінің санасына құйып, *lazy youth makes lousy age; a young man idle, an old man needy; reckless youth makes rueful age; a young prodigal in a coach will make an old beggar barefoot; youth is wasted on the young; diligent youth makes easy age* деп, яғни, жайбарақат, бейкам өткізілген жастықтың кәрілікте опық жегізетінін үнемі еске салып отырады.

Ұлттық дүниенің тілдік бейнесінде *өлім* физикалық құбылысының кәріге тән екендігін *төріненкөрі жуық; асарын асау, жасарын жасау; кәрі қойдың жасындай жасы қалу* т.б. тәрізді тұрақты тіркестер дәлелдейді. Дәл осы оймен мазмұндас келетін көзқарасты ағылшын тіліндегі *young men may die, but old men must die* (сөзбе - сөз: *жас адам өле алады, ал кәрі адам өлуге тиіс*) тәрізді нақылы имплицитті түрде жеткізеді. Бұл жерден ағылшындардың көп нәрсені эксплицитті түрде емес, тұспалдап жеткізетіндігін аңғарамыз.

Қазақ тіліндегі *келінді бастан, баланы жастан* деген нақылдың мазмұны ағылшын тіліндегі *a tree must be bent while young* (сөзбе-сөз: *ағаш жас кезінде майыса алады*) немесе *you can't teach an old dog new tricks* (сөзбе-сөз: *кәрі итті жаңа әрекеттерге үйрете алмайсың*) деген даналық сөздермен сәйкес келеді.

Қазақтардың танымында жастықты физикалық тұрғыдан сипаттайтын *беттің қызылы, шаштың ұзынында; қабырғасы қатпаған; буыны бекіп, бұғанасы қатпаған, бетінен қаны тамған* т.б. тәрізді фразеологизмдерді кездестіруге болса, ағылшын тілінде *young*

blood (сөзбе-сөз: жас қан); *young shoulders* (сөзбе-сөз: жас иін) т.б. бар.

Екі тілде де жастықтың өткіншілігі, одан кейін міндетті түрде кәріліктің келетіндігі туралыкөзқараспен ұшырасамыз. Мысалы: *үлкенге жол бер, өзің де қартаясың; жас екен деп жастықты сөкпе, бәріңнің шыққан тегің сол; қарт екен деп қарттықты сөкпе, бәріңнің барар жерің сол; қамқа тон шүберек болар тозған соң; өмір озар, ажар тозар; time is the rider that breaks youth* (сөзбе-сөз: уақыт жастықты бүлдіретін (сындыратын) шабантоз); *time and tide wait for no man* (сөзбе-сөз: уақыт пен ағыс адамды күтіп тұрмайды); *remember one`s young days* (сөзбе-сөз: жас күндерді есте сақтау); *to waste one`s youth* (сөзбе-сөз: жастықты босқа өткізу) т.б.

Концептердің төңірегіне топтасқан лексемалар мен фразеологизмдер, мақал - мәтелдер, олардың ішінде метафоралық қолданыстар да ақиқат дүние туралы білімдермен қаруланған. Олар концепт пен дүние жайлы білімдерді белгілі бір танымдық - ақпараттық кеңістікке жинап, жақындастырады. Сол сияқты «жастық-youth» концептісінің мазмұнын айқындау үшін тілдік репрезенттермен қатар, ментальдық репрезенттерге де иек артуға тура келеді. Мұндай репрезенттер метафоралық қолданыстар төңірегінен де табылады, өйткені, метафоралар тілдік ұжым мүшелерінің ойлау әрекеттерімен тығыз байланысты. Мысалы: *a young shaver* (сөзбе-сөз: жас ұстара), *a growing youth has a wolf in his belly* (сөзбе-сөз: өсін келе жатқан жастың қарнында қасқыр бар) т.б.

Ағылшын тіліндегі *youth will have its course* (сөзбе-сөз: жастықтың өзінің бағыты бар); *the young will sow their wild oats* (сөзбе-сөз: жастық өзінің жабайы сұлысын себеді) сияқты нақылдар аталған концептідегі қайрат, күш, жігер деген мағыналармен астасып жатыр.

Жоғарыда келтірілген мысалдар образдық ассоциациялардың ойлаудың айнымас элементі саналатынын тағы да дәлелдейді. Сезім және ойлау категорияларының тілдік құрылымдарға айналуының әдістері мен тәсілдерін талдау ақпарат алмасуда, оны өңдеу кезінде образдар мен символдардың атқаратын қызметіне, олардың маңызына тереңірек үңілуге мүмкіндік береді. Олардың қолданылу аясының кеңдігі тілдік тұлғаның танымдық белсенділігіне, ойлау қабілетіне тікелей қатысты болады.

Талданған мақалдар мен мәтелдерден, тұрақты тіркестерден кәріліктің, көбіне данышпандықтың, өмірлік тәжірибенің символы ретінде қабылданатынын, ал жастықтың, пәктіктің, сұлулықтың, балғындықтың, бейкүнәліктің, тәжірибесіздіктің, шалалықтың, қайтпас қайраттың символы іспетті қарастырылатынын байқадық.

ӘДЕБИЕТ

1. Longman Dictionary of English Language and Culture. – England, Addison Wesley Longman, 1998. – 1568 pp.
2. Collins Cobuild English Language Dictionary. – England, Collins Publishers, the University of Birmingham, 1996. – 1703 pp.
3. Random Dictionary of English. Random House Inc. England, 1995. – 1986 pp.
4. Кунин А.В. Англо-русский фразеологический словарь. – 4-е изд., стереотип. – М.: Рус. яз., 2002. – 512 с.
5. Словарь английских пословиц и фразеологических выражений / Под ред. А.В. Хазана. М.: Русич, 2001. – 560 с.

РЕЗЮМЕ

Данная статья выполнена в рамках лингвокогнитивного подхода. Национально - культурная природа пословиц, поговорок и фразеологизмов казахского и английского языков рассматривается в аспекте национально-культурной специфики народа-носителя рассматриваемых языков и культур в сопоставительном плане.

SUMMARY

The article has been conducted within lingvo-cognitive approaches. The national and cultural nature of proverbs, sayings and phraseological units in Kazakh and English is seen in the aspect of national and cultural specificity of the nation-bearer of the investigated languages and cultures from contrastive viewpoint.

ӘОЖ 811.512.122'36

КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ ДЕНГЕЙІ

Байдаулетова Аякөз Өтеуқызы,
ф.ғ.к., аға оқытушы,
Тоғызбаева Рауа Әбілхайырқызы,

магистрант,
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

Қазақ тіл білімінде ғылым тілі мәселелері көбінесе терминология деңгейінде қарастырылып келеді. Ғылыми стильдің синтаксистік ерекшеліктері Ж.Р.Әмірованың және тарихи қалыптасуы тұрғысынан Ж.Д. Құрмамбаеваның еңбектерінде сөз болған. Ғылыми мәтін де мәтіннің басқа типтері сияқты соңғы уақытта зерттеушілердің назарын аударуда. Ғалым А.Қ. Жұбанов қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік мәтіндердің азат жолдарға тән функционалды-мағыналық топтарының статистикалық ерекшеліктерін анықтаса, А.И. Тілембекова ғылыми-техникалық мәтіндердің лингвопрагматикалық құрылымын айқындауға талпыныс жасайды. Алайда ғылыми тілдің барлық ауқымды жақтарын тануда, синтаксистік бірліктердің функционалды-коммуникативтік қызметін түсінуде бұл еңбектердің аздық етері сөзсіз, функционалдық тәсіл арқылы ашылатын ғылыми тіл синтаксисінің көп жақтары аталған жұмыстардың негізгі нысанына айналмаған.

Ғылыми қарым-қатынас аясындағы сол қатынасты тікелей жүзеге асырушы тілдік құрал – синтаксистік бірліктердің жұмсалымы, оның маңызы ғылыми тұрғыдан жеткілікті дәрежеде зерттеулер жоқтың қасы. Соның ішінде ғылыми ой, ғылыми ойлаудың тілмен байланысын көрсететін, солардың арақатынасын сипаттайтын тілдік коммуникативтік құрылымдар толыққанды зерттелінбеді. Тіліміздің синтаксистік мүмкіндіктері – ғылыми қарым-қатынас аясында да өз мүмкіндіктерін нақты таныта алатын тілдік бірліктердің бірі. Зерттеуші С.Қ.Әлісжанов ғылыми тіл синтаксисін құрылымдық-коммуникативтік жағынан зерттеулер жүргізген [1]. Ғылыми қарым-қатынасты бірден-бір іске асырушы синтаксистік бірліктерді теориялық жағынан толыққанды зерттеулер жасады.

Белгілі ғалым Р. Сыздық өзінің «Тілдегі жаңалықтардың сыры неде?» атты мақаласында «Ғылым тілі болу үшін ең алдымен ғылымның сан саласын сол тілде баяндауды іске асыру керек» [2], – деп атап көрсетеді, ал мұндай баяндаудың тіліміздің синтаксистік мүмкіншіліктерінсіз жүзеге аспайтыны белгілі.

Қазақ тіл біліміндегі ғылыми стильге қатысты азын-аулақ еңбектер негізінен семантикалық (терминологиялық) талдауларға, я болмаса таза тілдік ерекшеліктерді көрсетуге құрылып, ал стильді құрайтын сыртқы лингвистикалық факторларды, олардың тілдік құбылыстармен байланысын ашу өз алдына міндет етіп алынбады. Айталық, Р. Сыздық: «Тегі, функционалдық стильдердің пайда болып қалыптасуында және әрі қарай баяу не интенсивті дамуында тіл қозғалысының өз заңдылықтарынан тыс тұратын

жағдайлар – ғылымда «экстралингвистикалық факторлар» дегендер – басты рөл атқарады, анықтаңқырап айтсақ, тілдің әлеуметтік қызмет өрісі функционалдық стильдердің қалыптасуына не өшуіне тікелей ықпалын тигізеді» [3, 163-б.], - деп жазады. М. Серғалиев экстралингвистикалық факторларға мыналарды жатқызады: қарым-қатынас аясы, қоғамдық қызметтің түрі, қоғамдық сананың түрі. Одан әрі «функционалдық стильдің толыққанды өз міндетін атқару үшін лингвистикалық фактордан гөрі тілге қатыссыз фактор жетекші роль атқарады» деп көрсетеді [4, 4-б.].

Тілден тыс құбылыстардың табиғатына тереңдей бару, сөйтіп белгілі бір қызмет аясындағы тілдің түзілу үдерісін зерттеу, әсіресе, қазіргі тіл білімінде өріс алып отырған бағыт. Экстралингвистикалық фактор термині бүгінгі күні өзгеше мән алып, көп кешенді мәселеге айналды. Бұл мәселе сөйлесімнің коммуникативті-прагматикалық, мәндік және құрылымдық ұйымдасуының өзара әрекетіне байланысты болып келеді. Сонда тілді зерттеу мәтіннің түзілісін (байланыстылығы, тұтастығы) және типологиялық белгілерін (стиль, жанр, сөйлеу типі) ескереді. Тілдік және соған дейінгі қатынастардың сыр-сипатын ашу қажет. Осы тұрғыдан келгенде, ғылыми қарым-қатынас аясындағы тілдік қызметтің көрінісі ондағы қарым-қатынастық жағдаяттарды айқындаумен де тікелей байланысты. Мұның бәрі тілдің түзілу (туу) тетігіне ықпал етеді де, оның ұйымдасуының тәсілдеріне өз нақышын салады.

Жалпы тіл білімінде коммуникативтік жағдаяттардың компоненттерін қарастырған едәуір еңбектер бола тұра, қарым-қатынастың ғылыми аясындағы жағдаяттарды топтастыру әлі күнге аз кездеседі. Қарым-қатынастың ғылыми аясындағы үлгілерді алғаш көрсеткен Р. Якобсон болды. Ғалымның айтуында, әрбір таңба түсіндірудің керектігін көрсетеді. Семиотикалық коммуникацияның перцептивті типі екі жеке түсіндіруді – хабарлаудың адресантын және адресатты талап етеді.

Ғылыми мәтін, бір қарағанда, монологтік болып көрінеді, сонымен бірге ол жасырын диалогтілікке ие. Өйткені кез келген мәтін сияқты ғылыми мәтін атаулы да белгілі бір адресатқа арналады, оқырман қауымның нәтижелі білім алуы – оның басты және түпкі мақсаты. Демек, адресант мәтін құруда адресаттың ықпалын ескеріп отырады, қабылдаушының аялық біліміне байланысты мәтінді түзеді. Ғылым саласындағы қарым-қатынастың неғұрлым өзіндік үлгілерін анықтауда қарым-қатынас тақырыбы, тілдік құралдардың жұмсалыу тәртібі, әлеуметтік ұстаным т.б. факторлар ерекше орын алады. Қазақ тіл білімінде зерттеуші З.Ш. Ерназарова ауызша ғылыми тілді жалпы сөйлеу тілінің құрамында қарастыра отырып, ғылыми сөздің прагматикалық бағытын мынадай түрлерге бөледі: 1) сөйлеуші өз

ойын дәлелдеп, жеткізуді мақсат етеді; 2) сөйлеуші белгілі бір ғылыми бағытты, тақырыпты жақтап, қолдап сөйлеуді мақсат етеді; 3) пікірді, ғылыми тұжырымды сынау, қарсы шығу мақсаты көзделеді, 4) ескерту, ұсыныс айту мақсаты көзделеді. Автор осылай бөле отырып, одан әрі былай деп жазады: «Сөйлеуші мақсатының әр түрлі болуы түзілетін мәтіннің құрылымы мен мазмұнына әсер етеді. Бірақ кез келген ғылыми сөзде дәлелдеу, ойды нақты, тартымды етіп жеткізу, жаңа мәлімет беру сияқты қосымша мәліметтері бар»[5, 43-44-б.].

Ғылым саласындағы қарым-қатынастың неғұрлым өзіндік үлгілерін анықтауда қарым-қатынас тақырыбы, тілдік құралдардың жұмсалыу тәртібі, әлеуметтік ұстаным т.б. факторлар ерекше орын алады. Қазақ тіл білімінде З.Ш. Ерназарова ауызша ғылыми тілді жалпы сөйлеу тілінің құрамында қарастыра отырып, ғылыми сөздің прагматикалық бағытын мынадай түрлерге бөледі: 1) сөйлеуші өз ойын дәлелдеп, жеткізуді мақсат етеді (хабарламалық прагматикалық бағыт); 2) сөйлеуші белгілі бір ғылыми бағытты, тақырыпты жақтап, қолдап сөйлеуді мақсат етеді (мақұлдаушы прагматикалық бағыт); 3) пікірді, ғылыми тұжырымды сынау, қарсы шығу мақсаты көзделеді (қарсылық білдіруші прагматикалық бағыт), 4) ескерту, ұсыныс айту мақсаты көзделеді (ұсыныс білдіруші прагматикалық бағыт) [5, 43-44-б.]. Ғылыми жазба мәтіндердегі прагматикалық бағыт ғылыми стильдің шағын түрлері деген дәстүрлі ұғыммен тығыз байланысты болып келеді. Ғылыми стиль өз ішінде бірнеше түрге жіктелетіні белгілі: жаратылыстану, техникалық және гуманитарлық. Бұл топтарға енетін ғылыми мәтіндердің әрқайсысының тілдік ерекшелігі болады, айталық, әрқайсысы өзіндік терминологияның болуымен ажыратылады. Сондай-ақ бірінде символдар, формулалар көп қолданылса, енді бірінде табиғи тіл элементтері, ал гуманитарлық, соның ішінде, әсіресе, әдебиеттану бойынша жазылған еңбектерде ғылыми тіл үшін шеткері болып табылатын мәнерлегіш бағалауыштық құрылымдар кездеседі.

Кейінгі уақытқа дейін лингвистер арасында ғылыми мәтіндердің осындай тілдік ерекшелігіне, сондай-ақ олар қызмет атқаратын ғылыми қарым-қатынас аясын саралай көрсетуіне байланысты стильдің бұл түрін іштей химия тілі, математика тілі, лингвистикалық тіл т.б. топтарға бөлу кездесіп отыр. Бұлай бөлу, әрине, белгілі бір дәрежеде белгілі бір міндеттерді шешуге септігін тигізеді. Атап айтқанда, терминдер мен ұғымдарды жүйелеу, терминдік жүйелерді бірізге түсіру сияқты жұмыстарда көмек береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Қ.Әлісжанов. Ғылыми тіл синтаксисінің құрылымдық-коммуникативтік негіздері. Филол. ғыл. докт. ... диссертациясы: 10.02.02. –Алматы, 2007. -259 б.

2. Сыздықова Р. Тілдегі жаңалықтардың сыры неде? // Ана тілі, 1991, желтоқсанның 19-ы.

3. Сыздық Р. Сөз күдіреті. – Алматы: Санат, 1997. - 163 б.

4. Серғалиев М.С. Кейбір стилистикалық ұғымдар мен категориялар туралы // ҚазМУ Хабаршысы. Филология сериясы. - Алматы, 1997, №8. - 3-7 б.

5. Ерназарова З. Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері. Филол. ғыл. докт. ... авторефераты: 10.02.02. - Алматы, 2002. - 53 б.

Резюме

В статье рассматривались проблемы научного языка в казахском языкознании.

Summary

The problems of science language in Kazakh language studying are examined in this article.

УДК 808.2:801.541.2

**ФАКТОРЫ, АКТИВИЗИРУЮЩИЕ НОМИНАТИВНЫЕ
ИННОВАЦИИ В ЦВЕТЕ ПОЛЕ РУССКОГО ЯЗЫКА**

Шумейко Надежда Емельяновна,
*кандидат филологических наук, доцент,
Университет «Болашақ», г.Кызылорда*

Цветовое пространство бесконечно, потому что «цвет – это всего-навсего определенное расположение частиц вещества, особым образом отражающих свет...

Следовательно, цвет не является действительной принадлежностью предметов, которые попали в поле зрения...это создается рукой и мозгом вдохновенного человека... Идея и краски даны жизнью» [1].

В силу субъективности восприятия объективной действительности приемы создания человеком цветовых образов бесконечны. Кроме того, всегда существует стремление носителя языка более адекватно передать мир ощущений.

Лексико-семантическое поле цвета – структура, состоящая из иерархически соподчиненных элементов и вертикальных отношений между ними. Идентификатором, интегрирующим эту совокупность языковых единиц, является абстрактное обобщенное понятие, заключенное в слове цвет. Оно занимает вершинное положение в иерархии смысловых элементов.

Вся совокупность номинаций в этой лексической парадигме имеет постоянную доминанту, неизменную понятийную величину. Цветовое поле (как классификация) предусматривает иерархическое восхождение от конкретного к абстрактному. Вершиной восхождения является абстрактное понятие с большим семантическим объемом, но меньшим содержанием. В движении от абстрактного (вершины поля) к конкретному малосодержательное понятие пополняется различными компонентами лексического характера, что оппозиционирует их друг другу.

Абстрактное понятие, заключенное в слове цвет, имеет меньшее содержание (чем, к примеру, в слове синий, представляющему конкретный цвет). В то же время идентификатор поля «цвет» обладает значительно большим семантическим объемом. Величина семантического объема служит определением степени абстракции. Обозначения всех конкретных оттенков вместе с абстрактной семьей «цвет», включая дифференциальный признак каждого оттенка, составляет одно поле.

Составляющие данного поля находятся в вертикальных отношениях и связях. Для цветового, как и для любого лексического объединения, характерен такой охват входящих единиц, для которых не обязательны словообразовательные связи, зримые в силу корневого тождества. Семантика цвета может быть представлена целым рядом связанных друг с другом эпидигматическими

отношениями между единицами, под которыми понимается обусловленность одного значения другим, независимо от того, выраженной или невыраженной является эта обусловленность. Поле – это структура с отношениями полного включения между верхними и нижними уровнями иерархии.

Как было сказано выше, вся совокупность слов интегрируется обобщающим понятием «цвет», самым высоким в иерархическом смысле.

Необходимо отметить (в связи с особенностью семантики) возрастающую роль слова цвет в служебной функции (ср.: цвета кофе, цвета абрикоса, цвета хурмы, цвета доллара, цвета бордо, цвета хаки).

Лексическая опустошенность слова определяется как способность утрачивать лексическую составляющую в структуре слова. Подобное явление приводит к тому, что слово подвергается изменению с функциональной точки зрения, превращается в грамматический показатель категориальных признаков.

Семантическая структура слова представляет собой так называемый изоморфизм, то есть такой синтез, где наблюдается равновесие, симметрия грамматических и лексических компонентов. Иногда равновесие между грамматическим и лексическим наполнением структуры слова нарушается. Лексическая составляющая структуры убывает, в результате чего происходит активизация грамматического значения. Грамматической составляющей заполнено все пространство семантической структуры слова, а лексическая составляющая равна нулю. Ограниченное содержание в данном смысле позволяет эврисемичному слову выполнять функцию морфокомпонента и вступать в лексические соединения с неограниченным количеством единиц, в семантической структуре которых имеется таутосема цвета. В связи с тем, что в обобщающем понятии цвет нет лексических сем (пустые клетки), это место свободно для заполнения конкретными компонентами цвета, содержащимися в другом слове. Данное широкозначное слово в этой функции можно назвать грамматическим «сгустком», носителем идеи признаковости, грамматической составляющей языковой единицы. Лишенный какой бы то ни было конкретности, обладая самым общим значением, носитель идеи признаковости отличается способностью выбирать в свое содержание, дополнять его лексической составляющей, заключенной в другом слове, однако содержащей таутосема «цвет».

Таким образом, механизм порождения номинации цвета таков: неограниченные способности идентификатора поля легко позволяют входить в союз с существительными. Вступая в лексическое соединение с существительным, идея признаковости получает

необходимые конкретные семы, лексическую составляющую, заполняя «пустые» клетки, «окутывая» их признаковой семантикой качества. Возникает поляризованная структура с разведенными грамматической и лексической составляющей семантики. Сказанное подтверждает большую фразеобразовательную способность идентификатора поля, выраженного именем существительным в форме родительного падежа единственного числа.

Цветовое поле разделяется на группы по цвету. Это уже другой уровень структуры поля. Идентификаторов второго уровня по количеству больше: белый, черный, красный, желтый и др. Каждое из вышеназванных слов возглавляет отдельную группу, занимая вершинное положение. Сема конкретного цвета объединяет наименования в одну ЛСГ, что отличает весь арсенал группы от других в ряду подобных объединений.

В примерах, описывающих глаза человека, фигурирует идентифицирующая сема «цвет» + лексическая сема «желтый» + лексические семы, несущие различные оттенки – *золотоглазый, глаза чайного цвета, цвета виски, желтоватого оттенка, цвета червонного золота, золотистые, глаза цвета йодной настойки, золотисто-карие, глаза цвета темного меда, темно-янтарные, янтарные, золотые, рыжие, злато-карие и др.*; в языковых единицах следующей ЛСГ также содержится обобщающая сема «цвет» + лексическая сема «синий» + лексические компоненты с означением оттенков: *синие-синие, синеглазый, голубые, синие, бледно-голубые, васильковые, серо-голубые, темно-голубые, темно-синие, жидко-бирюзовые глаза, прозрачно-синие, синие-пресиние, бездонно-синие, жидко-бирюзовые, глаза цвета неба, цвета голубого льда, цвета синьки и др.*

Как видно из примеров, членами ЛСГ являются наименования, различные по своей структуре: простые, сложные, составные, несколькословные устойчивые структуры, включающие 2, 3, 4, 5 и более компонентов.

Каждая ЛСГ может в свою очередь подразделяться на подгруппы: ЛСГ со значением синего может иметь направление в сторону светлого тона, так называемого «разведенного» синего или в сторону более насыщенного тона с преобладанием темного, «глубокого» синего, а также синего, смешанного с другими оттенками и т.д.

В аспекте системной организации антонимия и синонимия как семасиологические категории неотъемлемы от цветообозначающей лексики, и это предопределено характером обозначаемых цветовыми номинациями понятий. Антонимы как выразители противоположных понятий присутствуют внутри ЛСГ (ср.: *светло-синий* и *темно-*

синий). Соотносительная противоположность как одно из важных проявлений системности свойственна отношениям между лексико-семантическими группами (ср.: ЛСГ со значением белого цвета и ЛСГ со значением черного цвета).

Парадигматические отношения в системе поля представлены и синонимическими отношениями между номинативными единицами, которые образуют пары синонимов (ср.: *черный – черно-вороненый*), либо создают синонимические ряды различной величины (ср.: *кумачовый – пунцовый – алый – маково-алый – кроваво-алый – кроваво-красный – красный – вино-красный – свекольно-красный – пурпурно-красный – свекольно-красный – томатно-красный – багровый – багряный – цвета мака – цвета огня – цвета крови – пламенный – огненно-пламенный – пламенно-алый – огненный – пурпурный – корраловый – помидорный ...* и др.

Характерным признаком семантики цветовых номинаций является присутствие семы интенсивности. Интенсивность – это явление количественно-качественное. Думается, можно вывести шкалу интенсивности, в основе которой лежит разное количество и качество цветового признака: высокая степень интенсивности цвета, средняя, низкая степень интенсивности цвета. Выразителями семы интенсивности могут быть словообразовательные средства, ср.: *синий-пресиний, зеленый-презеленый; синий-синеватый, зеленый-зеленоватый*. К зоне словообразовательных средств примыкают синтаксические средства. К ним относятся обычно повторы – редупликации, сообщающие о высокой степени признака (ср.: *белый-белый, желтый-желтый* и др.): «Зимний вечер, она легко скользит на коньках по замерзшему пруду, лед под луной белый-белый, а под ногами скользит ее отражение и словно шепчет ей что-то» [2].

Для этого типа характерно слитное и убыстренное произношение обеих форм в составе одной синтагмы. На письме такие повторы оформляются с помощью дефиса. Поскольку подобные образования признают обычно сложными словами, они принадлежат уровню словообразования. Второй тип повтора на письме обычно оформляется с помощью запятых, а при произношении расчленяется на самостоятельные синтагмы (ср.: *белый, белый*). В этом случае, очевидно, редупликация выступает как явление синтаксическое: «Дуглас повернул голову – как болит затылок, как больно расплющивается о белую, белую, мучительно белую подушку»; «Овраг был глубокий и черный, черный, непроглядно-черный» [3].

Степень интенсивности цветового признака может проявляться с помощью языковых единиц, представляющих оттенки одного цвета. К примеру, словарь свидетельствует: «Лиловый, -ая,-ое. – цвета сирени или фиалки, фиолетовый. Светло-фиолетовый, *фиолетовый*,

лиловый, бледно-сиреневый – оттенки одного цвета, а не самостоятельные цвета, сирени или фиалки»; «...сиреневый цвет (светло-лиловый)» [4].

В контексте данные оттенки поставлены в синонимические отношения и представлены как семантический повтор: «*И снова статуя фонтана, на ней бледно-сиреневый отсвет, вдруг переходящий в серое, землистое... Может быть, все вокруг окрашено в лиловый цвет? Посмотри на свои ногти. Разве когда-нибудь видел ты их фиолетовыми, почти серыми?*»[5].

Одним из факторов, обуславливающих новации, - является влияние внеязыковых причин – новые формы общественно-политической жизни, увеличение числа продуктов материального и духовного производства, артефактов. Номинацию можно определить как обращение фактов действительности в языковые знаки. К примеру, черный цвет – это бесконечные вариации, каждая из которых нуждается в языковом обозначении. Язык отзывается на социальный заказ и создает наименования, дифференцирующий цвет: «Бывает, что на поиск подходящей пары к роскошному, *цвета «черного дерева»* пиджаку, идеально скроенному и с чудесным ярлычком, уходят десятки недель. Почему так? Не все «черные» одинаковы. Они бывают синеваты и красноваты, отдают зеленым или желтым, они насыщенные и бледные, холодные и теплые. Интенсивный глубокий черный – (бархата), переливающийся черный – (атласа), угольно-матовый- (шерсти), печальный черный - (крепа), прозрачный черный – (вуали), простовато-выгоревший, летний черный – (льна)... Два главных фактора, влияющих на оттенок черного, - вид текстиля и способ окраски. И того и другого в сегодняшней модной индустрии немало, и подсчитать точное количество комбинаций, да еще и с учетом разных производителей, просто невозможно» [6]. Данная информация подтверждает высказанную мысль выше, показывая, что семантическое расчленение объективного мира зависит от общественной практики, которая определяет, какие отрезки действительности нуждаются в наименовании.

Другой фактор, обуславливающий новации, – собственно-языковые условия. Они определяются свойствами, семантическими и стилистическими потенциями языка.

Часто необходимого слова для передачи определенного цвета нет, так как вопрос о возможности создания однословного наименования решается в зависимости от наличия необходимого “строительного

материала”, деривационного средства. Так, есть средство для обозначения инхоативного глагола от прилагательного, скажем,

красный – краснеть, но нет такой возможности, чтобы обозначить становление признака от слов рубиновый, коралловый и др., - поэтому эту роль выполняют словосочетательные наименования – становятся рубиновым, становятся коралловым. В данном случае неоднословные номинации заполняют лакуны, образованные в языке в связи со структурной недостаточностью, поэтому довольно активно в языке функционируют номинативные единицы, в образовании которых используется техника сочетания слов: “В сочетании с натуральными цветами, к примеру *цветом верблюжьей шерсти*, бирюзовый приобретает нотку эlegantности” [7].

Таким образом, «идея и краски даны жизнью». Природа – это световые волны, а цвет есть порождение мозга человека. С одной стороны, есть реальная действительность, с другой, - глаз и мозг человека. Срединное место в этом ряду занимают языковые средства - результат восприятия, ощущения, познания и отражения человеком в языке. Цветовое видение бесконечно разнообразно, следовательно, беспредельно языковое пространство цвета.

ЛИТЕРАТУРА

1. Брэдбери Рэй. Избранные сочинения. В трех томах. Том 1. Марсианские хроники.-М.:Олимп, 1992. с. 72.
2. Брэдбери Рэй. Избр. соч. В трех томах. Том 2. Вино из одуванчиков.- М., 1992, с.188.
3. Брэдбери Рэй. Избр. соч. В трех томах. Том 2. Вино из одуванчиков.- М., 1992, с.134.
4. Ожегов С.И. Словарь русского языка /Под ред.Н.Ю.Шведовой.-13-е изд.-М., 1981.
5. Брэдбери Рэй. Избранные сочинения. В трех томах. Том 3. Канун всех святых.-М.: Олимп, 1992, с.253.
6. Газета «Новое поколение», 2004, № 31.
7. Журнал “Лиза”, 2001, №32.
8. Костомаров В.Г. Активные процессы в современном русском языке.- М.,2001.
9. Языковая номинация. Общие вопросы.-М.:Наука, 1977.

РЕЗЮМЕ

Мақалада бір сөзден тұратын түс атаулары, атаулардың жасалу техникасы, олардың коммуникациядағы (қарым-қатынастағы) қызметі және мағынасы қарастырылады. Сонымен қатар, олардың түс жүйесіндегі рөлін, қолданысын туындайтын себептері талқыланған.

SUMMARY

The article touches upon a non-oneword denomination of colour, considers the techniques (process) of nomination formation, their functions and

meanigin communication. There are analysed some incentive motives leading to making their role more active in the system of colour vocabulary.

ӘОЖ 821.512.122(574.54)(092)

**Ә.ҚОҢЫРАТБАЕВ: «ҚОБЫЛАНДЫ» - ПАТРИОТИЗМ
РУХЫНЫҢ ЖЕҢІС ЖЫРЫ**

Тайманова Сара, ф.ғ.к.,доцент
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

Халықтың батырлық эпосын және елдің салт-дәстүрін зерттеу Ұлы Отан соғысы кезінің және одан кейінгі жылдардың өзекті мәселелерінің бірі болатын. Әсіресе соғыстың қиын кездерінде қазақ батырларының дәстүрі кеңінен насихатталды. Қазақ әдебиетінің барлық жанрында халық батырларының образын сомдау дәстүрге айналды. Сонымен қатар әдебиеттану ғылымында да халық мұрасын зерттеу, оны ұрпақ санасын зерделеу назардан тыс қалған жоқ. Ғалым Әуелбек Қоңыратбаев эпостың генезисін зерделей келе: «Эпос оқиғаның ыстық ізімен емес, көбіне сол оқиғаның ізі суып, екінші бір таусыншақ күн туған кезде пайда болады. ХҮІІІ ғасырда Жоңғар соғысы басталғанда, қазақ жыраулары бұрын-соңғы оқиғаларды жалғап, ескі сюжеттерді жаңаша жырлай бастайды», - дегенін ескерсек [1] әдебиеттің барлық жанрында, әсіресе, поэзияда отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күрескен жауынгерлердің рухын көтеру үшін ел әдебиетіндегі батырлар образын негізгі нысана етіп алуының танымдық та тәрбиелік те маңызы зор болды. Қаламгерлер қазақ жауынгерлерінің қаһармандық ерлігін паш еткенде олардың жаңа образын суреттеді. Сонымен қатар Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанға келген одаққа белгілі ғалымдар жергілікті қазақ әдебиетші кадрларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне көмек көрсетіп отырды. Академик А.С.Орловтың, профессор В.М. Жирмунскийдің қазақ эпосы туралы көлемді зерттеулері осы Отан соғысы кезінде жүргізілді. Ә.Қоңыратбаевтың «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» зерттеу мақалалары 1942 жылы, «Қырымның қырық батыры» мақаласы 1948 жылы жарыққа шықты. «Қырымның қырық батырын» жеткізуші – Мұрын Сеңгірбайұлы.

«Қобыланды батыр» жыры – қазақ халқының ерте заманнан бері келе жатқан ең көне батырлық жырларының бірі. Негізгі идеясы – шет ел басқыншыларынан елді қорғау, осы жолда асқан ерлік жасаған ер азаматтардың батырлық істерін көрсету. Жоғары илеялылығы, көркемдік биік қасиеттері жағынан дүние жүзі халықтарының белгілі батырлық эпостарының қатарында тұрған классикалық шығарма. Жыр туралы ғалым: «Қобыланды батыр» - қазақтың эпостық жырлары ішіндегі аса бір көркемі, құндысы, халықтың өте көп сүйіп тыңдаған жыры,- деп [2] бастайды да деректерге сүйеніп, Қобыландының тарихта болғандығын, оның өзі еркін өмір сүрген тайпа қыпшақ елінен шыққандығын айтады. Жырда «ел-жұрт», «отан» деген ұғымдарға ерекше мән берілетіндігіне ерекше көңіл бөледі. Автор осы бір келелі ойын жалаң баяндамайды. Негізгі ойды дәлелдеуде халықтың мақал-мәтелдерін орынды қолданып, ойды көркем әрі дәйекті жеткізеді. Мысалы, «ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді», «ел қамын жеген Едіге», «тұлпар ат

– ер қанаты болса, батыр- халық қанаты», «тон жағасыз болмас, ел ағасыз болмас» т.б .

Әдебиеттану ғылымында «Қобыланды батыр» жыры туралы мақалалар мен зерттеулер Ә.Қоңыратбаевқа дейін де болды Олардың қатарына Ә.Бөкейхановты айтуға болады. Мысалы, «Қазак» газетінде Ә.Бөкейхановтың «Қарақыпшақ Қобыланды» мақаласы жарияланды. Ә.Бөкейханов пікірінше, Қобыланды Тоқтамыс ханның тоғыз батырының бірі, оның өмір сүрген дәуірі ХІҮ ғасыр деп мөлшерлеген. Шәкәрім шежіресіне сүйеніп жырдағы Қазан –қалмақ, ол Қобыландымен соғысатын Қазак шағатай дәуірінің адамы болуға тиіс. Жошы қарауындағы қыпшақтармен соғысатын Қазак тұлғасы осы дәуірге келеді деген болжам айтады. М.Әуезов те «Әдебиет тарихы» еңбегінде қаһармандық жырларды «батырлар» әңгімесі ретінде атап: «Батырлар әңгімесінің басы ескі түрік бірлігінің заманындағы әңгімелерден шығады. Қазак елінің ескілігі жалғыз қазақтікі емес, жалпы түрік жұртының ескілігі деп санауға керек»,- деген [3] тұжырым жасаған. Бұл- эпостық жыр арқауында ру-тайпалар тарихы жатады деген ойдың көрінісі. Сондай-ақ М.Әуезов Қобыландыны тарихта болған адам деп біледі.

«Қобыланды батыр» жырын зерттеу, бастырып жариялау ісі кеңес дәуірінде кең өріс алды. Жырдың Марабай нұсқасын 1922 жылы Ә.Диваев Ташкентте жеке кітапша етіп бастырды. Осы жырды 1932 жылы С.Сейфуллин, 1939 жылы С.Мұқанов «Батырлар жыры», «Батырлар» деген жинақтарда бастырды. Мергенбай айтуындағы жырдың толық нұсқасы 1957 жылы қайта басылды.

«Қобыланды батыр» жыры қазақ әдебиетінің тарихын зерттеген еңбектерде, оқулықтарда талданып, ол жайында ғылыми қорытындылар жасалды. С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, Р.Бердібаев, А.Орлов, А.Петросян, О.Нұрмағамбетова т.б. ғалымдар зерттеу еңбектерінде жан-жақты талданып, тиісті бағасын алды. Десек те, Әуелбек Қоңыратбаев зерттеулері бұл жыр жайлы екіұдай пікірлерді тұжырымдауда маңызы зор. Автор жырдың генезисіне қатысты келелі ойлар айтады. Жырдың нұсқаларын салыстыра отырып оның сюжеттік негізі ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы оқиғаларда жатқандығын меңзейді. Сондай-ақ ғалым жырдың қаһармандарын жан-жақты талдап береді. «Қобыланды батыр» жырындағы образдар: Қобыланды, Құртқа, Орақ және Тоқтарбай мен Аналық, қарындасы Қарлығаш бейнелері өте шебер сомдалған. Батырдың сүйген жары Құртқа, жауынгер серігі Қарлығаш тұлғалары да ерекше тартымды бейнеленген. Құртқа – үлкен ақыл иесі, сұлулығына сабырлылығы сай, өнерлі, өнегелі жан, ардақты ару, хас батырға лайық жар. Қарлығаш бас азаттығын аңсаған, махаббаты жолында ешбір

қиындықтан қорықпайтын берік, табанды, қажыр-қайрат иесі, батыр қыз. Жырдағы батырға қарама-қарсы суреттелетін кейіпкерлер де өте әсерлі, нанымды, батырлық эпос дәстүріне тән әсірелеу әдісімен баяндалған. Жырда эпитет, теңеу, салыстыру, бейнелеу, әсірелеу т.б. көркемдік бейнелеу құралдары өте шебер жасалған.

«Қобыланды» - патриотизм рухының, жеңіс жыры. Отанымыздың бүгінгі жас батырларына ерлік дәстүрін қалдырған қарт батырларымыздың бір алыбы, сүйіктісі, дүрі – Қобыланды», - дей [2] келе ғалым жырдағы ел мақтаған ерлік істерге тоқталып өтеді. Жырдағы әр кейіпкер өз бағасын алады. Біздіңше де, жалпы ел тарихында көсемдігі, табиғатында парсаты, төрткүл дүниенің терезесі тең болсын деген тілегі бар қазақ елі үшін бұл жыр аса құнды. Сол сияқты, жырды талдағанда ғалым тегеурінді теңеу сөздер мен адамды қамшылай түсетін мақалдарды орынды қолдана білген. Мысалы, Қобыланды батырға тән мінездерді саралай келе батыр мінезін ұлттық құндылықтар аясында қарастырады. «Қазақ ақ көңілдің «аты арымас. тоны тозбас» дейді. Аңғалдық пен ақ көңілдіктің түбінде адалдық, молдық, тереңдік, өз бойындағы адамгершілік сезімдеріне сену, кішіпейілдік, әділдік, ізгілік қасиеттері жатады. «Қошқар болар қозының, маңдай жағы доң болар, адам болар жігіттің етек-жеңі мол болар» дейді халық. «Семіздікті қой, жүкті нар көтерер» Мұндай молдық мінез ірі адамдарда ғана болады», - дейді [2] де осы мінездерді Қобыланды бейнесінен табады.

Ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың жоғарыдағы мақаласымен таныса келе біз «Қобыланды» жыры арқылы халықтың төл тарихына зейін қойдық, ғасырлар қойнауынан сыр ұқтық. Осы жыр алдиярымызды ардақтай алатынымызды, данамызды даралай алатынымызды, күрмеуі қиын күрделі жылдардың өзінде «рухы еркін халық қана» ұлы істерді атқара алатынын, ең бастысы «ұлылардың ұлағатын ұмытпау – ел боламыз деген халықтың тарих алдындағы парызы» екендігін ұғындық. Қазақтың қамал бұзар қорғаны атанған дарабоз рухын көтерген батыры туралы ғылыми баға бере отырып ел үшін еңіреген ерлердің ерлік істері бүгін де мұра болып қалуы керек деген ойды түйдік.

Кез келген көркем туындыда айтылар ой белгілі көркем образ - адам бейнесінің негізінде айқындалады. Ал кейіпкердің болмыс-бітімі, іс-әрекеті, сөйлеген сөзінде халықтың өзіндік өзгешелігінің көрініс табуы табиғи құбылыс. Ол ұлттық болмысы-мыздың айқын сипаты халық ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған. Мұның себебі ауызша таралған әдеби мұраның тікелей халықтың әдет-ғұрпымен, тұрмыс-тіршілігімен байланысты болуында. «Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман- әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем елдерімен терезесі тең

қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргетасын қаладық», - делінген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жолдауында [4]. Мәңгілік елдің тарихи тамыры тереңде жатқаны белгілі. Осы тұрғыда бізге жеткен құндылықтардың бірі әрі бірегейі – «Қобыланды батыр» жыры. Осы батырлық жырды жан-жақтан зерделеп, зерттеп, дәйектеп, сыни көзбен қараған әдебиетші ғалым Ә.Қоңыратбаев болатын. Жанын шүберекке түйіп жүрсе де, тайсалмай, тарихын талайға паш ете білген ғалымның ел үшін сіңірген еңбегі мол. Балалықтың бал дәуренінен бастап-ақ халықтың асыл мұрасынан сусындап, рухани азық алу, елінің бүтіндігі мен бірлігін, егемендігін ойлау, тұтастығын сақтау әлі де маңызын жоймаған құндылықтарымыз. Ол туралы ғалым: «...ол жауын мұқатып, елін мұратқа жеткізді. Бақыт, дәулетке кенелтті. Майданда жүрген қазіргі мың сан қазақтың батыр ұлдары да Қобыланды сияқты ата-бабаларының осы дәстүрін ұмытқан жоқ, ұмытпақшы да емес. Біздің бүгінгі жаңа батырларымыз Қобыландының әруағына сыйынып, соны тіріліп отыр. Ата-бабасының жауынгерлік дәстүрлерін ұмытпаған халық жеңілмейді», - дейді [2]. Олай болса, ұлтының дәстүрін, отаншылдық рухын сүйген, еңбегімен елге танылған Ә.Қоңыратбаевтың ғалымдық қырын тануға, насихаттауға «Қобыланды батыр» жырын зерттеген мақаласы бүгінгі ұрпақ үшін маңызды. Жырды, мақаланы оқыған әрбір жас өз елінің тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен, дүниетану ерекшеліктерімен, тарихи оқиғалармен таныса отырып патриоттық сезімге бөленеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: «Ғылым». 1987. - 72б.
2. Қоңыратбаев Ә. Шығармалар жинағы, 10т.- Алматы: «МерСал». 2004. - 6-8-38 б.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 56 б.
4. «Қазақстан жолы - 2050» Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. // Егемен Қазақстан 17.01.2014ж.
5. Қоңыратбаев Т. Әуелбек Қоңыратбаев-түркітанушы. Алматы: «Білім». 1996ж.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассмотрен научный труд Ауелбека Кобыратбаева «Кобыланды батыр». Автор в своем труде

рассматривает вопросы казахского героического эпоса и на её основе привит патриотические чувство у подрастающего поколения.

SUMMARY

The present article deals with the scientific work of Auelbek Konratbayev «Kobylandy batyr».

The author considers the questions of heroic epos on the basis of patriotic senses of new generation.

ӘОЖ 811.512.122-114.2

ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ МЕН САЛТ- ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ «ӘЙЕЛ» КОНЦЕПСІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Серікбай Майра, студент;
Нұрсұлтанқызы Жазира ф.ғ.к, доцент,
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

Қоғам мен ғылымның қазіргі уақыт тынысына сәйкес дамуы тіл біліміне ықпал етіп, лингвистикада жаңа бағыттар мен салалар пайда болуда. Тіл ғылымындағы жаңа бағыттар мен ағымдар тың ізденістерге жол ашып жатыр. Кейінгі жылдардағы зерттеулер этносты, ұлт мәдениетін тіл арқылы анықтауды негізгі қағида етеді. Демек, тілді тұтынушы этносты алғашқы орынға қоятын лингвистикадағы антропоцентристік парадигма өз шеңберінде жаңа бағыттарға жол ашты. Осымен байланысты М.Күштаева, Қ.Жаманбаева, Г.Снасапова, С.Жапақов, Б.Ақбердиева, Ш.Елемесова, Қ.Қайырбаева, С.Жиренов, Н.Аитова, А.Әмірбекова сынды жас зерттеушілердің жұмыстарында тіл – таным кілті деп қаралып, когнитивтік лингвистика мәселелері лингвомәдениеттану, этнолингвистика, психоллингвистика, гендерлік лингвистикамен тығыз байланыста зерттелген.

Когнитивтік құрылымның негізгі элементтерінің бірі – концепт. Қазіргі тіл білімінде «концепт» терминіне зерттеушілер тарапынан берілген анықтамалар әртүрлі. «Концепт» терминін тіл аясындағы мәселелерге қатысты пайдалануды тұңғыш рет орыс философы С.А.Аскольдов 1928 жылы «Концепт және сөз» мақаласында жариялады. С.А.Аскольдов концептінің қосымша қызметін көрсете отырып, оны былайша түсіндіреді: «...мысленное образование, которое замещает нам в процессе мысли неопределенное множество предметов одного и того же рода» [1]. Ал Ю.С.Степановтың көрсетуінше «Концепт – это «сгусток» культуры в сознании человека... Концепты не только мыслятся, но и переживаются. Они – предмет эмоций, симпатий и антипатий, а иногда и столкновений. Концепт – основания ячейка в ментальном мире человека... У концепта сложная структура. С одной стороны ей принадлежит все, что принадлежит строению понятия, с другой стороны, в структуру концепта входит все то, что делает его фактом культуры – сжатое до основных признаков содержания история; современные ассоциации; оценки; и т.д.» [2,73]. «Концепт» терминіне анағұрлым сәтті анықтаманы А.Вежбицкая берді. Ғалымның пікірі қазіргі кезде көптеген зерттеушілер тарапынан қолдау тауып отыр. Ғалымның тұжырымы бойынша «концепт – бұл ақиқат әлемі туралы адамның тиянақталған мәдени түсінігін бейнелейтін ғаламның тілдік бейнесі» [3,85].

«Әйел» концептісіне қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар этнос өмірінен, ұлттық дүниетанымынан, халықтық болмысынан, оның тарихы мен мәдениетінен мәлімет беретін тілдік құндылықтар ретінде қызмет атқарады.

«Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тіркестердегі әйел лексемасы А.Смайловтың зерттеу еңбегінде [4], қазақ әйелінің қоғам өміріндегі, ұлттық мәдениеттегі рөлі мен орнын сипаттайтын тілдік деректерді лингвомәдени бағытта айқындап, әйел концептісінің лексика-семантикалық, концептуалдық мазмұнын аялық білім деңгейі тұрғысынан түсіндірген А.Байғұтованың кандидаттық диссертациясында [5], әйел қолөнеріне байланысты атаулардың этнолингвистикалық сипаты мен ономазиологиялық негіздерін жан-жақты зерттеп, әйел қолөнеріне қатысты атаулардың табиғатын тілдік және тілдік емес факторлар арқылы анықтап, оның ұлттық сипатта қалыптасуы мен рухани-мәдени өмірдегі орнын, этномәдени мазмұнын қарастырған А.Әлімжанова [6] зерттеулерінде «әйел» концептісінің берілу жолы, жалпы «әйел» лексемасының ұлттық-мәдени сипаты қарастырылған.

Қазақ халқының ұлттық-мәдени ерешеліктерінің бірі – әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі. Қай халықтың болмасын өзінің өмір сүрген дәуіріне қарай тұрмыс-тіршілігі, сол ұлтқа ғана тән әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі қалыптасады. Әр елдің өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрі арқылы халықтың тұрмыс-салты, мінез-құлық ерекшеліктері мен дүниетанымының сыр-сипаты көрінеді. Қазақ ұлты салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа бай халық. Жас сәби «іңгәләп» жар салып жарық дүниеге келгеннен, адам қартайып бұ дүниемен қоштасқанға дейінгі аралық олардың әрбір баспалдағы, әрбір кезеңі өзіне лайықты той-томалақпен, қуанышпен аталып өткен. Тіпті ақырғы демі бітіп, соңғы сапарға аттанған адамды арулап жөнелтудің өзі де халқымыздың өзіндік ерекшелігі мол ғажап салты болып қалыптасқан. Осындай салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың бір қатары тек әйел затымен байланысты.

Сәлем ету. Халық дәстүрінде қазақ келіншектері қайын аталары мен енелеріне, қайынағалары мен жасы үлкен абысын-ажынға қырындап тұрып, тізесін бүгіп, оң қолын кеудесіне қойып, иіліп сәлем беруі кездеседі. Қырындап тұрып амандасуда өзіндік сыр бар. Үлкен кісіге қарама-қарсы тұру әдепсіздік болып саналады. Келіннің сәлем беру салты беташар дәстүрінен бастау алады. Белгілі жазушы-этнограф С.Кенжеахметұлы: «Жаңа түскен келінді «беташар» дәстүрі жасалмай ешкім көре алмайды. Оны көру үшін әдейі «беташар» жасалады. Оған тойға жиналған туыс-туғандар тегіс қатынасады. Мұнда «Беташар» жыры айтыла отырып, келінге оның атасы, енесі, оның басқа туыстары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды», - дейді [7,15]. Үлкен кісілерден табақ қайтқанда да келін сәлем ету дәстүрі қалыптасқан. Ондайда үлкендер өз ризашылықтарын білдіріп, батасын береді. Келіннің сәлем етуі әдептілік пен сыйлаудың белгісі

ретінде қабылданады. Сәлем әйелге қатысты болса оны «сәлем етті» дейді.

Жаңа жеңешеміз ибалы, көпті білетін иман жүзді адам екен, сабаға сүт құямын деп қазан-ошақ жақта салдыр-гүлдір жүріп алған жоқ, іле кіріп, нағашымның ық жағын ала бір тізерлей отырды да, әуелі Шаруа-шалмен, сосын менімен майда есендесті (О.Бөкеев). Үшеуі де қабырғаласып өте берген Есенейдің пәуескесіне беттерін бұрып, бір тізелеп сәлем етті (Ғ.Мүсірепов). Ұлпан үлкендерге бұрылып бір тізелеп сәлем етті. Шынар да соны істеді, ұяла-ұяла, бетін жаулығымен бүркемелеп сәлем етті (сонда).

Қазақ халқының ата дәстүрінде жасы үлкендерге деген құрмет ерекше. Үлкендер отырған жерге кіші ұрпақ рұқсатсыз баса көктеп кірмеген. Ақсақалдардан, қариялардан бала-шаға, жасөспірім-жеткіншектер ешуақытта жоғары отырмаған. Қазақ келіндері үлкендердің жолын ешқашан кеспеген, бетіне тура қарамаған. Халқымыздың осы тәрізді әдет-ғұрыптарын алғаш зерттеушілердің бірі – академик В.В.Радлов былай деп жазды: «Прежде всего, от невесты требуется не задирать голову; молодой жене положено скромно опускать взор, потому что ей не разрешается смотреть прямо в лицо ни одному из старших родственников мужа. Она должна скромно уступить дорогу старшим родственникам и не смеет проити перед ними» [8,310].

-Ата,- дедім мен иіле төмен қарап. (Қанша арып-шаршап қиындық көріп жүрсем де ол кісінің жүзіне тура қарамаған инабатты келіні едім зой, қайтейін) (О.Бөкеев).

Ғалым А.Қобланова өзінің «Тыйым сөздердің тағылымдық мәні» атты мақаласында қазақ келіндері өзін ата-енесінің алдында асқақ ұстамауына, бетін тура қаратпай бір қырындай, бір тізерлеп отыруына, төрге шықпауына, даусын көтеріп сөйлемуіне, үлкендердің әңгімелеріне беталды араласпауына, оларға жол беріп, сәлем жасауына қарым-қатынас сөздерінің аса сыпайы түрлерін тандауына қатты мән беретіндігін айтып кетеді [9].

Отқа май құю немесе отқа салар. Халқымыздың түсінігі бойынша, қасиетті от отбасының символы болып саналған. Қазақ халқында отқа байланысты көптеген тыйымдар қалыптасқан. Мысалы, оттың орнын басуға, отқа түкіруге, отты сабауға, отты аттауға болмайды. Қалыңдық күйеудің үйінің табалдырығын аттағанда отқа май құю арқылы істелетін ырым «От ана, май ана, жарылқа!» дейтін тілек те отқа табынумен тікелей байланысты. Бұл дәстүр бойынша келіншек табалдырықтан аттаған бойдан, ошаққа жеткенше тізесін бүгіп, сәлем етеді. Содан кейін үй ортасында жанып тұрған отқа бір бақыраш май құяды. Бұл майды әйелдердің бірі дайындап тұрып, сол жерде келіншекке бере қояды. Лапылдап жанған

майдың жанына кемпірлер қолдарын тосып: «От әулие, май әулие, жарылқа!» деп беттерін сипайды. Бұл ырым «сол үйдің оты сөнбесін» деген мағынада орындалады [10,67]. Келіннің босағаны аттарда жасалатын бұл ырым сондықтан «отқа май құю» немесе «отқа салар» деп аталады.

Шашу. Ата-бабаларымыздан жалғасып келе жатқан дәстүріміздің бірі – **шашу**. Қуанышты сәттің бәрінің шашумен басталуы – арты той-томалаққа ұласып, игілікті істерге жалғассын деген ізгі ниеттің белгісі. Сондықтан да халқымыз келін алғаш босағадан аттаған сәтте, күйеу қайын жұртына келіп түскенде, қыздың жасауы келгенде, отау көтергенде, бәріне шашу арнайды. Гендерлік ерекшелікке байланысты шашуды әйел адамдар шашады.

Қанша дегенмен, біздің Бағилаш та көргенді жердің қызы емес пе: «Бұл үйде той көбейсін, шашу, шашу!» - деп екі-үш уыс конфетті ақ жоңқа ғып есіктен кіре шашты. Бес-алтылар шамасындағы мысық көз сары бала аң-таң. «Беретін конфетін қолға ұстатпай, еденге шашқаны несі?»- дегендей, әке-шешесінің, содан соң біздің бетімізге аңырая қарайды (К.Сегізбаев).

Шөміш қағу. Халықтың тұрмыс-тіршілігінде қандай да бір жағдайға, оқиғаларға байланысты қимыл-әрекеттер қолданылып отырады. Солардың бірі – **шөміш қағу**. Бұл ырым бойынша көкек айының бас кезінде күн күркіреп, найзағай жарқыраған шақта әйелдер сыртқа шөміш алып шығып, үй айнала шөміш қағады. Бұндай бейвербалды амалдың беретін мағынасы – сүт көп, ақ мол, төл аман болсын деп жаратқанға жасалған ақ тілеу болып табылады.

Онымен бірге кеше күн күркіреді! Күн ерте күркіресе ырысты жыл боларын шалдар бал ашпай білді. Кемпірлер үй айналып, шөміш қағып, отқа ақ құйды (О.Бөкеев).

Жоқтау. Көне заманнан қалған көп кәде, жора-жосынның бірі – өлген адамды естіртіп, көңіл айту, жоқтау. Қазақтың ежелгі салтында өлген ердің бір жыл бойы найзасы босағада қадаулы тұрады. Аты жал-құйрығы күйзеліп жылқыға жіберіледі, жұбайы шашын тарқатып, басына қара жамылып, күніне үш мезгіл жоқтау айтады. Марқұмның жылы болған соң атын сойып, найзасын сындырып, асын береді. Әйелінің басындағы қара жамылғы алынады. Қазақ халқында «бетінді тырнама», «шашынды жұлма», «шашынды жайып жүрме» деген тыйымдар бар. Бұл бейвербалды амалдар тек әйел қарым-қатынасында кездеседі. Қаралы, қайғылы, зарлы әйел ғана шашын жайып (кейде жұлып) жіберіп, екі бетін тырнап, қан жоса жасаған. Бұл бейвербалды амал дауыс қылу, жоқтау кезінде жасалады. Сондықтан қазақ шашты жұлу, бетті тырнау, шашты жаю үлкен қасіреттің белгісі деп білген. Қазақ әйелдері жоқтау айтқанда «басым қаралы, бетім жаралы» деген тіркесті жиі айтады. Бұл жөнінде

Ы.Алтынсарин «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі» атты еңбегінде: «Сүйекті үйден шығарарда өлген адамның әйелдері ойбай салып дауыс шығарады, оған ауылдағы басқа әйелдер де қосылады; беттерін тырнап, қан қылады; бастарына түскен қайғы-қасіретін жұрт алдында қаншалық күштірек көрсеткісі келсе, беттеріне де жара соншалық көп түседі»- дейді [11,169].

Бұл кезде Бәжсейдің өз үйінің ішінде қара сұр бәйбішешаршысын шорт байлаған. Қара шашын тарқатып, екі иініне жайып салған. Қан сөлден айрылып, сұрланып талған жүзінде көк тамырлары білінеді. Екі бетінің ұштары жылап жыртқан тырнақтың табын сақтап, жарадар боп тұр (М.Әуезов).- Қарт ана оқыс есін жинап алды. -Ойпырм-ай!.. – деп өкіріп, жас жуған бетіне тырнақ салып, қанын ағыза осып-осып жіберді. Қанша кісі жабылса да, күйік көтерген әйел қолда тұрмай, жұлқып шықты. Ажал шеңгелі жалғыз баласын бүріп алып, жұпыны жер үйдің бір жағын омсырайтып ойып әкетіп бара жатқанын көрді. Қара шашы жайылып кеткен. Үрей қаптаған көздерінің ағы айналып, ұясынан шыға ақшаңдап: «Жан ботам-м!» - деп зарлап, қос қолын созып ұмтыла берді де, құлап түсті (Ә.Нұрпейісов).

Қорыта келгенде, тіліміздегі «Әйел» концептісін қалыптастыратын осындай салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар молынан кездеседі. Әр ұлттың ерекшелігі этностың салт-санасынан, дәстүрінен, әдет-ғұрпынан байқалады. Ұлттық мәдениетіміз бен ментальдық дүниесінде, болмысында әйел бейнесінің сипаты, қоғамдағы рөлі, гендерлік ерекшелігі жайында нақты ақпарат алуға болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Аскольдов-Алексеев С.Концепт и слово // Русская словестность: Антология. –Москва, 1997. -271 с.
2. Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры . – М.,1997. –401 с.
3. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М., 1996. – 411 с.
4. Смайлов А. «Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тіркестердің лингвомәдени сипаты. Филол.ғыл.канд.дисс.автореф. – Алматы, 2008. -25 б.
5. Байғұтова А. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. Филол.ғыл.канд.дисс. –Алматы, 2008. -143 б.
6. Әлімжанова А. Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолингвистикалық сипаты. Филол.ғыл.канд.дисс. –Алматы, 2008.

7. Кенжеахметов С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. -Алматы: Ана тілі, 1994. -79 б.

8. Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника. -М.: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1989. -749 с.

9. Қобланова А. Қазақ сөз этикеті: филол. ғыл. канд. дисс. - Алматы: А.Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі институты, 1993. -151 б.

10.Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. – Алматы: Арыс, 2006. – 168 б.

11. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. -Алматы: Жазушы, 1988. -320 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются лингвокультурные описания традиции и обычаев касающиеся концепты «Женщина»

SUMMARY

In this article concept «woman» concessions and traditional linguistculture about it.

ӘӨЖ 82-024:89 (574.54)

СЫР БОЙЫ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Сапартаева Ләззат Егізбайқызы,

Егемен елдің ертеңі, тәуелсіздіктің тірегі мықты болуы жастарды жан-жақты жетілген, парасатты азамат етіп тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі талабы. Елбасының Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында: «Біздің жас мемлекетіміз өсіп жетіліп кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады» [1],– деген болатын. Еліміздің өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді десек, осыдан жастарға ғылыми негізде білім беру міндеті туындайды. Білім мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамытуды өмірдің өзі талап етіп отыр.

Халқымыздың аса бай мәдени мұрасын қалпына келтіру, сақтау, одан әрі дамыту мақсатында жарияланған «Мәдени мұра» бағдарламасының [2] келер ұрпақ үшін мән-маңызы ерекше. Халықтың мәдени-рухани бай қазынасының негізінде жастардың бойында жоғары мәдениетті ұлттық сананың негіздерін қалыптастыру – бүгінгі оқыту үрдісіндегі әр пәннің алдындағы басты мәселе. Бұл бағытта әдебиет пәнінің атқарар жүгі ауыр.

Қазақ әдебиеті тарихындағы мәдени мұралар қорынан мол орын алатын Сыр сүлейлері шығармаларын жоғары оқу орындарында оқыту мәселесі осы саладағы жасалып жатқан жұмыстарға өзіндік үлесін қосары сөзсіз. Қоғам талабы оқыту, білім беру жүйесінің алдына студенттің әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық тұлға қалыптастыру міндетін қойды. Болашақ маман иесі өзін қоршаған табиғатты, әлеуметтік органы неғұрлым жақсы білсе, соған өз тарапынан өзгеріс жасауға соғұрлым ынталы, қабілетті. Бұл орайда өлкелік әдебиет – Сыр бойы ақын-жырауларының шығармашылығы әдебиет сүйер жастардың ынта-ықыласын оятары сөзсіз.

Сыр бойы ақын-жырауларының шығармалары – ұлттық әдебиетіміздің тарихын құрайтын рухани арналардың бірі. Көне түркі өркениеті мен шығыстың классикалық мәдениетінен, қазақтың өзіндік төл дүниетанымынан сыр шертетін Сыр бойы ақын-жырауларының мұралары халықтың өткені мен бүгінін, келешегін жалғайтын рухани дәнекер болып табылады. Шығыстық поэзиядан келген шығармашылық үрдістің Сыр бойы ақын-жыраулары шығармалары арқылы жалғасуы ұлттық сөз өнері дамуының дәстүрлі көркемдік негізі болып қала беретіні ақиқат.

Әдебиет – сөз өнері. Әдебиет пәні философиялық, педагогикалық, ұлттық ізгілікті, психологиялық, мәдени-рухани

құндылықтарға құрылып, ұлттық танымды, ұлттық рухани сананы қалыптастырады. Қазақ әдебиетін оқытуда білікті мамандар даярлау үшін оқытушыларға жаңа міндеттер жүктеліп отыр. Бүкіл әлемдік білім кеңістігіне өтуде ұлттық сананы жетілдіру, оқыту әдістеріне ене бастаған жаңа үрдістер кеңінен қолданылуда.

Қазақ әдебиетінің тарихынан ерекше орын алатын Сыр бойы ақын-жырауларының әдеби мұрасы ұлттық рухани құндылықтарымыздың үлкен бір саласы болып табылады десек, ақын-жыраулардың өмір, заман жайындағы толғаныстарын, дана өсиеттері мен ақыл-нақылдарын қазіргі жастарға насихаттау – білім мен тәрбиені ұштастырудың негізгі тәсілдерінің бірі.

Қазақ даласында XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде ақындық-жыраулық өнер ерекше өріс жайып, әсіресе, Сыр өңірінде көптеген ақын-жыраулар өкілдерінің жыр сайысындағы ерекшеленген, өрлеген кезеңі болды. Оның тарихи негіздері де жоқ емес. Студенттерді Сыр бойы ақын-жырауларының шығармаларымен таныстырып, тақырыптық-идеялық, жанрлық, көркемдік ерекшеліктеріне қарай талдауға машықтандыру арқылы ғылыми ізденушілігін, өлке әдебиетін танып-білуге құлшынысын арттыруға болады.

Студенттерге әдебиеттің құдыретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін түсіндіре отырып, сол әдебиетті жасаушылардың бір тобы – Сыр бойы ақын-жыраулары, олардың шығыстық дәстүрде жазылған көркем шығармалары жайында айтуымыз керек. Айта кететін бір жайт: Сыр бойында жасаған ақын-жыраулардың шығармашылығы туралы сөз болғанда, олар нәр алып, сусындаған шығыс елдерінің әдеби дәстүрінсіз әңгімелеу мүмкін емес. Жалпы адамзат руханияты өзінің бастау-бұлағын шығыстың әдебиеті мен мәдениетінен алғаны әдебиет тарихынан белгілі. Әйгілі шығыс жұлдыздары – Фирдоуси, Сағди, Науаи, Низами елдеріндегі бай әдеби мұралардың өзге халықтар әдебиетіне тигізген әсері бұған дәлел болады. Осы дәстүр Сыр бойындағы ақын-жыраулар шығармашылығын да айналып өткен жоқ. Орта Азиядағы медреселерден білім алған Сыр шайырларының бәрі дерлік шығыстық үрдіс, дәстүрді ұстаған. Олар шығыстық классикалық әдебиет үлгілерін қазақ ұғымына жақындата отырып, қазақ әдебиетіне жаңалық әкелді, сөйтіп шығыстық дәстүрді қалыптастырды.

Сыр бойындағы ақын-жыраулардың шығыстық дәстүрде жазған туындыларын оқытудағы ең басты жұмыстардың біріне студенттердің көркем шығарманы қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім-болмысымен түсіне білулері жатады. Оқытушы осы

мақсатпен іздене отырып, оны жүзеге асырудың ең тиімді әдіс-тәсілдерін сұрыптай пайдаланып, студенттің көркем шығарманы оқу белсенділігін, әсерлі сезімін дамытудың жолдарын қарастыруы керек.

Сыр бойында жасаған шайырлардың шығыс сюжеттерінен алып жазған шығармаларын студенттерге оқыту барысында олардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру, оқырмандық ынта-ықылас, биік талғам қалыптастыру, логикалық ойын қалыптастыру мәселелері кешенді түрде жүзеге асырылуы тиіс. Қазақ әдебиетіне жаңа леп, тың екпін әкелген Балқы Базар, Тұрмағанбет, Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерімбет, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп сияқты ақындардың шығыстық дәстүрлі тақырыптарды заманмен үндестіре жырлап, қазақ даласына қазақы үрдіспен жеткізгенін көркем туындыны оқыту, идеялық мазмұнына талдату арқылы түсіндірген тиімді. Ақын-жыраулардың шығыстық дәстүрді ұстана жазған шығармаларының жанрлық ерекшелігін де қамти отыру студенттердің әдеби-теориялық білімін кеңейтуге септігін тигізеді. Бұл орайда ғалым Б.Кәрібозұлының «...Шығыс әдебиетінің дәстүрінде дүниеге келгенімен, мазмұндық, тақырыптық, пішіндік сипаттары жағынан төлтума туынды, қазақ әдебиетінің шығармаларына айнала отырып, туған әдебиетіміздің дамуына үлкен үлес болып қосылады» [3,31], – деген пікірін назарда ұстағанымыз абзал.

Студенттің көркем шығарманы қабылдауы – оның өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Қандай жақсы көркем шығарма болмасын, студент автордың жан күйзелісін, шалқар шабытын барынша сезінуі керек. Оның бойындағы осы сезімді ояту оқытушының қолында.

Поэзиялық туындыларды оқыту – әдебиетті оқытуда кездесетін келелі мәселелердің бірі. Осы шығармалардың қатарындағы шығыстық үлгіде жазылған дастандарды оқыту кезінде студенттердің туындыны түсініп оқуына, туындыны талдай білуге төселдіру керек. Мұны меңгерген студенттің сөз байлығы, танымы артып, өресі биік болары анық. Осының нәтижесінде студент Сыр шайырларының небір қызық хикаяға құралған шығармаларын өз бетінше оқуға құмартып, өз білімдерін көтереді.

Сыр бойы ақын-жырауларының шығармашылығында студенттерді адамгершілікке, сүйіспеншілікке баулитын дүние мейлінше мол. Соның бірі – әдеби талдау әдісін меңгерту үшін студенттерді шығарманың көркемдік әлеміне көз жіберте білуге, шығармашылықпен оқи білуге үйреткен жөн. Шығарманы мазмұндап айтып беру арқылы ғана оның идеялық, көркемдік сапасы ашылмайды. Оқыту мен шығармаға талдау жасау әдісі бір-бірімен

тығыз байланысты. Оқыту процесінде студенттердің теориялық білімдерін үнемі шыңдап, талдау әдісіне үйретіп отырған жөн.

Сыр бойы ақын-жырауларының шығармаларын зерттеу ісі соңғы жылдары жана арнаға түсіп, ерекше қарқын ала бастады. Халқымыздың ғасырлар бойы жасаған дәстүрлі мәдениеті үлгілері ең алдымен ұлттық санамен бірге жалпыадамзаттық құндылықтарға қосылған үлес ретінде қарастырылуда. Бұл пәннен алған білімдері арқылы студенттер Балқы Базар, Күдері қожа Көшекұлы, Қарасақал Ерімбет, Бұдабай Қабылұлы, Дүр Оңғар, Құлан Алдабаргенұлы, Ешанияз сал, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Қаңлы Жүсіп, Тұрмағанбет, Нұртуған, Сәрсенбай, Әбзәли, Жиенбай, Көшеней, Нартай, Манап, т.б. Сыр бойында жасап, жырдың дариясын ағызған сүлейлердің терең ойлы, ақыл-насихатқа толы туындыларымен танысып, талдап, ғылыми ойлау қабілетін ұштай түсуге машықтанады.

Сыр бойы ақын-жырауларының шығыстық үлгідегі шығармаларында өмір шындығы түрлі кейіпкерлердің өзара тығыз қарым-қатынастары арқылы бейнеленеді. Негізгі көркемдік белгілеріне, өмір шындығын игеру сипаттарына орай шығармаларды жүйелеп қарастыру студенттердің осы туындылардың елеулі қырларын айқындауға, өлкелік әдебиет өкілдерінің өмірін түрлі тұрғыдан зерттеуге деген құлшынысын арттырады анық.

«Көркем шығарма – әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – студенттің сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру» [4,62], деген болатын әдебиет зерттеуші ғалым Қажым Жұмалиев. Сыр бойы ақын-жырауларының шығармаларын оқыту барысында олардың адамгершілік мұрат мәселелерін қозғайтын туындылары негізгі нысанға алынады. Мысалы, Сырдың белгілі ақыны Тұрмағанбет Ізтілеуов поэзиясындағы адамгершілік тақырыбы туралы былай толғауға болар еді: «Өз замандастары арасында «шығыс тілдерінің тірі сөздігі» атанған кәсіби тәржімәші Тұрмағанбет шайырдың шығармаларына өзек болған адамзат баласына ортақ алуан мәселелерден, ол оқыған шығыс әдебиеті үлгілері мен діни-философиялық кітаптар мазмұнынан парасатты да, пайымды дінтанушы, кемел шығыстанушының дүниетанымынан нағыз оқымыстыға тән тылсым қасиеттерді танимыз. Сыршыл лиризм мен философиялық толғаудың тізгінін тең ұстап, Сыр бойына мәлім бүтін бір жыраулар әулетіне өзін ұстаз санатып, ұлықтата білді.

Ақын адамгершіліктің ең биік сатысына жетуді біліммен, сауаттылықпен байланыстырып, рухани сұлулыққа ие болу мүмкіндігі туралы философиялық ойларын шығыс ойшылдарының гуманизмімен

үндестіреді. Адам атаулыны ардақ тұту гуманизмнің ең жоғары талабы екенін түсінеді. Оған жетудің бірден-бір жолы – өнер-білімді, ғылымды игеру, рухани баю, жан-жақты жетілген азамат деген атаққа ие болу, бүгінгі ұрпаққа адамгершіліктің түпкі мақсаттарын таныту. Ақынның өмірлік ұстанымы – оның бар шығармасының идеялық арқауы.

Әрбір ұлттың әдебиеті өзінің өнегелі өміршең дәстүрлері мен қасиеттерін дамыту арқылы әлемдік рухани дамуға өзінше үлес қоса алады. Ал әдебиеттің жан-жақты дамуына оның өзін-өзі тануы айрықша игі ықпал етеді десек, шығыстық үлгіде жазылған Сыр бойы ақын-жырауларының шығармаларынан алатын әсер рухани әлемдегі қайталанбас өзіндік эстетикалық құбылыс ретінде санада қалады.

Бүгінде білім беру саласында өлкелік әдебиет өкілдерінің шығармашылық мұрасын жаңа ғылыми тұрғыдан зерттеу, оқыту талабы қойылып отыр. Зерттеуші-ғалымдардың пікірі Сыр бойы ақын-жырауларының бүкіл қазақ халқына ортақ ой қозғаған, ел болудың өзегі – оқу мен білім игеріп, өнер үйренуде екендігін таныған, сол ізгілікті ойды өз шығармалары арқылы халқына жеткізе білген өнерпаздар екендігін дәлелдейді. Олар көтерген өзекті идея қай кезде де өзінің маңызын жоймайды, уақыт өткен сайын мән-мағынасы артып, ерекшелене түседі. Бүгінгі ұрпақты заман талабына сай оқытып тәрбиелеу үшін де қажеттілігі арта береді. Еліміз тәуелсіздік алып, көне мұраларымызды түгендеп, тарихи тұлғаларымызды, рухани қазыналарымызды қайта қарап, әділ бағалауға қол жеткен қазіргі уақытта Сыр бойы ақын-жырауларының мұрасына ғылыми негізде жаңаша көзқарас биігінен қарап, қайтадан саралап, талдап оқу және оқыту қажеттігі туындайды.

ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. – Алматы: Білім, 1997. – 256 б.
2. Назарбаев Н. «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс // Егемен Қазақстан. – 2003. – 29 қараша.
3. Кәрібозұлы Б. Беталыс. – Алматы: Арыс, 2005. – 200 б.
4. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: ҚМКӘБ, 1958. – I т. – 402 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассмотрено творчество акынов-жырау Сырдарьинского региона и проблематика их изученности.

SUMMARY

In this article the methods of teaching creative works of poet-zhyraus of Syr are examined.

ӘОЖ 811.512.122'36

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ МӘСЕЛелЕРІ

Мусилимова Жанат Қадырқожақызы,

Сөз – ойды білдірудің, сөйлем құраудың басты материалы. Құрылыс материалынсыз үй салуға болмайтыны сияқты, сөзсіз сөйлем құрауға болмайды. Сөйлем – адам ойын айтудың негізгі формасы. Сөйлемге қатынасты әрбір сөз – айтайын деген мақсатты ойдың қажетті бөлшегі. Сөйлем жеке сөздерден құралғанда, ол сөздер айтылмақ ойдың бірден-бір дәл қондырған бөлшегі тәрізді болу керек. Сөйлемде бір сөздің орнына басқа сөзді қоя салған кісі тіл жұмсаудағы ұқыпсыздықтан болған сәтсіздікке душар болады.

Сөз байлығы – күрделі түсінік. Сөз – тілдің негізгі бірлігі, ол мағынаға ие және дыбысталады. Сөздің екі жағы бар сыртқы (сөз дыбыстарсыз пайда болмайды), ішкі жағы (мағынасыз сөз жоқ). Қандай да болмасын дыбыстың бірлігі сөзді құрау үшін, ол бір нәрсенің мағынасын білдіруі қажет. Сөздің грамматикалық мағынасы бар әрі белгілі бір сөз табына жатады. Сөз мағынасы кең не тар болады. Сөз дегеніміз айтылған (не жазылған) ой, әңгіме. А.Құнанбаев «Сөз түзелді, тындаушы сен де түзел», «Сөз айттым Әзірет Әлі, айдаһарсыз» деген жолдарында сөз деп автор поэзияны меңзеп отырса, «Біліміден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез» дегендегі «сөз» ой-пікір деген мағынада айтылған. Демек, тілдің әр түрлі мақсатта жұмсалудың сөз деп айтамыз.

Тіл мәдениеті мен сөз мәдениеті деген терминдер қатар ұғымда жұмсалады. Өзара мағыналас болғанмен, олардың бір-бірінен айырмашылығы да бар. Сөз мәдениеті дегеннің ұғымы кең, ауқымды. Ол көбінесе қарым-қатынас құралы болып табылатындықтан, тілді жетілдіре беру, ұштай түсумен қатар сөз шеберлігі, сөйлеудегі әдептілік сияқтыларды қамтиды. Әсіресе, соңғы ұғымдарға қатысты *сөз мәдениеті дегеніміз* қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз, оның әр алуан тәсілдерін дұрыс, дәл, ұтымды қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па дегенге тіреледі. Яғни сөз мәдениеті әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стильдік, орфоэпиялық норманы меңгеру, сонымен бірге, бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасау мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді [1,9].

Ахмет Байтұрсынұлы 1920 жылдары қазақ тілін зерттей келе, сөз мәдениетінің теориялық мәселелерін ғылыми тұрғыда негіздеген еді. Тіл мәдениеті, сөзді дұрыс қолдануға қатысты: «Сөздің дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Олай болу үшін:

- сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулықтарды жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына пайдалану қажет;

- сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, ымырластыру қажет;

- сөйлемдерді дұрыс ойластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру» [2,350-353] аса маңызды дейді.

1930 жылдардан кейін сөз мәдениеті тілімізде орфографиялық ережелермен байланысты қаралып келсе, тілші мамандардың ішінен алғашқылардың бірі болып М.Балақаевтың «Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері» атты еңбегі (1965) жарық көрді. Еңбекте қазақ әдеби тілі мен сөйлеу тілі, оның нормалары мен стильдік ерекшеліктері мен мерзімді баспасөз, аударма жұмыстарының негізгі принциптеріне талдаулар жасалды. Ғалым шаршы топ алдындағы сөйлеу мәдениеті, сөз қолдану мәдениеті, грамматикалық тәсілдерді тиімді де ұтымды қолдану сөз мәдениеті дәрежесін биіктету екендігіне тоқталады да, «Мәдениет – оқу-ағарту, ғылым, өнер, тағы басқа рухани өмір табыстарының жиынтығы да, тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тілдік жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық, тілдік тәсілдерді дұрыс қолдану дағдысы», – деген тұжырым жасайды [3,9]. 1966 жылғы М.Дүйсебаеваның «Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының негізгі мәселелері» атты кандидаттық диссертациясы мен 1972 жылғы «Сөз мәдениеті және баспасөз» деген жинақтағы Қ.Неталиеваның мақаласында сөз мәдениеті бірсыпыра дұрыс бағытта зерттелген болатын.

«Тіл мәдениеттілігін сөз ету үшін, алдымен тіліміздің ішкі тазалығын, ұлттық негізін түзеп алуымыз керек. Өйткені біздің тіліміз – орыстанып, еуропаланып кеткен тіл.

Неге десеңіз, біздің әліпбиіміздің құрамында қазақ тіліне қажеті шамалы орыстың 12 әрпі жүр. Сөздік құрамымыздан «халықаралық терминдер» деген құрметті атақты иеленген Еуропа тілдерінің 100 мыңнан аса сөздері ойып тұрып орын алған. Ол жат сөздер біздің тілдік ерекшелігімізге (үндестік заңына) бағынбай қолданылады. Сөз саптау үрдісіміз де қазақ тілінің қалыбынан шығып кеткен», – деп тіліміздегі қазіргі өзгерістер туралы айтады [4,12].

Дұрыс сөйлеу үлкен өнердің бірі болып саналады, әрі ондағы сөздік қор міндетті түрде төл сөздерден құралып қоймайды, қоғамның тарихи қарым- қатынас жағдайлары тілден орын алып отыратындықтан, сөздік құрамда көршілес, аралас тұрып жатқан халықтардың сөздері кездесіп отырады [5,1].

Сөз мәдениеті дегеніміз – тілдік, коммуникативтік, этикалық нормаларды сақтай отырып, тілдік құралдарды, амал-тәсілдерді қарым-қатынас жағдаятына, ерекшелігіне сәйкес талғап, таңдап

қолдану арқылы дiттеген коммуникативтік мақсатқа жетуге барынша мүмкіндік беретіндей етіп тиімді түрде ұйымдастыру [1,105].

Дұрыс сөйлеу ұғымына әдеби тілдің орфоэпия нормаларын меңгеру жатады. Тіл арқылы студенттер көркем ойды ұғынып, одан эстетикалық тәрбие алады ана тілінің құдіретіне тәнті болады. Сөз мәдениеті теңдесі жоқ тарихи кезеңді басынан өткеріп отыр. Ал біз сол кезеңнің тек куәгері ғана болмай, талабы мен табысын, қайшылықтары мен қиындықтарын қолымыздан өткізіп отырғанымызды біріміз сезсек, біріміз сезбей, күнделікті күйбең шаруаның біріндей көріп жүрміз. Сондықтан сөз мәдениетінің шын мәніндегі сапалы дәрежеге көтеріле алмай келе жатқаны, оған қатысты жоғары оқу орындары мен оқытушылар тарапынан жүргізілетін нақты іс-әрекеттің тым жеткіліксіз, тіпті немқұрайлы жүріп жатқаны туралы кейде ашынып, кейде күйініп, кейде жөнсіз даурығып, кейде ақылға салып, дәлелді айтылатын әлеуметтік пікірдің белсенді бола түсуі – өте заңды құбылыс. Яғни сөз мәдениеті үшін күрес үздіксіз жүріп жатыр деген сөз.

Мәдениет дегеніміз – дұрыстық, тәртіпке бағыну, заңдылықты сақтау. Демек, сөз мәдениеті – норманы сақтау дегеннің баламасы. Сөз мәдениетінің ауызша және жазба түрін қатар дамытып, оның қоғам өміріндегі қызметінің өрістей түсуіне мүмкіндік жасау сөзді дәл, анық жеткізе білуге көпшілікті тәрбиелей түсу т.б. сөз мәдениетін көтеру деген ұғымды білдіреді. Сөздің дұрыс қолданылуы, табиғи заңдылықтарының бұзылмауы, ұлттық нәрінен айрылмауы маңызды. Кісінің тіл мәдениетінің дәрежесі оның эстетикалық талғамының қандай екеніне де байланысты. Сөздің сұлулығы, кісіге етер әсерінің күшті болуы айтылған ойдың айқындылығымен, мазмұндылығымен байланысты. Сонымен қатар, тілдегінің таңдаулыларын талғай білген кісі – тілге деген эстетикалық сезімі күшті кісі болғаны. Ол қасиет адамда бірден пайда бола қалмайды, көп оқып, көп ізденіп, тіл мәдениеті талаптарына қанық болу арқылы қалыптасады. Сөз мәдениеті төмен адам тіл байлығының саналы мұрагері бола алмайды, тілдің дағдысына қанық, құдіретті күшіне сенімі мол азаматтар ғана ие бола алады.

Сөз мәдениеті деңгейінің жоғары көтерілуі – халық, ұлт тілінің жаңа сапаға ие болғанының белгісі. Сол сөз мәдениетінің белгілі бір дәрежеде ойысып, ауызекі сөйлеу тілінен оқшауланып жоғары сатыға көтерілуі –

тарихи құбылыс. Қорыта айтқанда, Сөз мәдениеті деп – адам тәжірибесі арқылы жүйелі қалыпқа түскен, қоғамдық қызметі әр алуан сөйлеуді айтамыз.

ӘДЕБИЕТ

1. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филология ғылым. докт. ... диссер. - Алматы, 2007. - 328 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1999. - 448 б.
3. Ұйықбаев К.И. Тіл мәдениетінің кейбір мәселелері. - Алматы: Білім, 1969. - 24 б.
4. Қалиев Б. Тіл мәдениеті және ұлттық сана // Жетісу. - 2004. № 3.
5. Сыздық Р. Бүгінгі жазу-сызу мәдениеті // Егемен Қазақстан.- 2004. №9

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривались проблемы культуры речи, опираясь на мнения ученых.

SUMMARY

In this article the problems of culture speech are examined, taking into consideration scientists' points of view.

УДК 512.815.6

О МОДУЛЯХ ВЕЙЛЯНАД SL_n В ПОЛОЖИТЕЛЬНОЙ ХАРАКТЕРИСТИКЕ

Ибраев Шерали Шапатаевич,

кандидат физико-математических наук, профессор;

Жугинис Венера Сарбаевна, магистр

Университет «Болашақ», г. Кызылорда

В настоящий момент основные трудности вычисления когомологии простых модулей односвязных алгебраических групп с неприводимой системой корней над полем положительной характеристики связаны структурными вопросами модулей Вейля. Одним из эффективных методов изучения модуля Вейля является построение фильтрацию Янцена. Общие свойства фильтрации Янцена для модулей Вейля изучены в работах [1] – [10]. Характеры простых модулей полностью вычислены только для малых алгебраических групп с системами корней типов A_1, A_2, A_3, B_2, G_2 . Из результатов исследования, полученные к настоящему моменту видно, что структура модулей Вейля не получены даже для ограниченных старших весов. В данной заметке построены фильтрации Янцена для некоторого семейства модулей Вейля для алгебраической группы $SL_n(k)$ над полем k характеристики $p > n + 1$.

Пусть $G = SL_n(k)$ и $p > n + 1$. Обозначим через $\chi(\lambda)$ формальный характер модуля Вейля $V(\lambda)$ и через $\chi_k(\lambda)$ формальный характер простого $L(\lambda)$ со старшим весом $\lambda \in X_+(T)$, где $X_+(T)$ – множество доминантных весов. Будем предполагать, что система корней R группы G неприводима и обозначим максимальную корень системы R через $\tilde{\alpha}_0$. Действие аффинной группы Вейля W_p определяется формулой

$$s_{\alpha, rp} \cdot \lambda = \lambda - \langle \lambda + \rho, \alpha^\vee \rangle + rp\alpha,$$

где ρ – полусумма положительных корней.

Рассмотрим следующие элементы множества ограниченных весов $X_1(T)$:

$$\begin{aligned} \omega_{00}(v) &= s_{\tilde{\alpha}_0, p} \cdot v, & \omega_{10}(v) &= s_{\tilde{\alpha}_0, p} s_{\alpha_1, 0} \cdot v, \\ \omega_{0j}(v) &= s_{\tilde{\alpha}_0, p} s_{\alpha_{n-j+1}, 0} \cdots s_{\alpha_n, 0} \cdot v, \quad j = 1, \dots, n-2, \\ \omega_{1j}(v) &= s_{\tilde{\alpha}_0, p} s_{\alpha_{n-j+1}, 0} \cdots s_{\alpha_n, 0} s_{\alpha_1, 0} \cdot v, \quad j = 1, \dots, n-2, \end{aligned}$$

$$\mu_i^j(v) =$$

$$S_{\tilde{\alpha}_0, p} S_{\alpha_{n-i}, 0} \cdots S_{\alpha_n, 0} S_{\alpha_1, 0} \cdot \omega_{oi}(v), \quad i = 0, \dots, n-5, j = i+1, \dots, n-2,$$

где v – элемент внутри нижнего фундаментального аффинного алькова.

Предложение. Пусть $G = SL_n(k)$ и $\text{Char } k = p > n+1$. Тогда

$$\chi(v) = \chi_k(v) \text{ и}$$

$$\chi(\omega_{00}(v)) = \chi_k(\omega_{00}(v)) + \chi_k(v),$$

$$\chi(\omega_{10}(v)) = \chi_k(\omega_{10}(v)) + \chi_k(\omega_{00}(v)),$$

$$\chi(\omega_{0j}(v)) = \chi_k(\omega_{0j}(v)) + \chi_k(\omega_{0,j-1}(v)), \quad j = 1, \dots, n-2,$$

$$\chi(\omega_{11}(v)) = \chi_k(\omega_{11}(v)) + \chi_k(\omega_{10}(v)) + \chi_k(\omega_{01}(v)) + \chi_k(\omega_{00}(v)) + \chi_k(v),$$

$$\chi(\omega_{1j}(v)) = \chi_k(\omega_{1j}(v)) + \chi_k(\omega_{1,j-1}(v)) + \chi_k(\omega_{0j}(v)) + \chi_k(\omega_{0,j-1}(v)), \quad j = 2, \dots, n-2,$$

$$\chi(\mu_0^1(v)) = \chi_k(\mu_0^1(v)) + \chi_k(\omega_{1,1}(v)) + \chi_k(v),$$

$$\chi(\mu_0^2(v)) = \chi_k(\mu_0^2(v)) + \chi_k(\mu_0^1(v)) + \chi_k(\omega_{12}(v)) + \chi_k(\omega_{11}(v)) + \chi_k(\omega_{10}(v)),$$

$$\chi(\mu_0^j(v)) = \chi_k(\mu_0^j(v)) + \chi_k(\mu_0^{j-1}(v)) + \chi_k(\omega_{1j}(v)) + \chi_k(\omega_{1,j-1}(v)), \quad j = 3, \dots, n-2,$$

$$\chi(\mu_1^2(v)) = \chi_k(\mu_1^2(v)) + \chi_k(\mu_0^2(v)) + \chi_k(\omega_{10}(v)),$$

$$\chi(\mu_1^3(v)) = \chi_k(\mu_1^3(v)) + \chi_k(\mu_1^2(v)) + \chi_k(\mu_0^3(v)) + \chi_k(\mu_0^2(v)) + \chi_k(\mu_0^1(v)),$$

$$\chi(\mu_1^j(v)) = \chi_k(\mu_1^j(v)) + \chi_k(\mu_1^{j-1}(v)) + \chi_k(\mu_0^j(v)) + \chi_k(\mu_0^{j-1}(v)), \quad j = 4, \dots, n-2,$$

$$\chi(\mu_i^{i+1}(v)) = \chi_k(\mu_i^{i+1}(v)) + \chi_k(\mu_{i-1}^{i+1}(v)) + \chi_k(\mu_{i-2}^{i-1}(v)), \quad i \geq 2,$$

$$\chi(\mu_i^{i+2}(v)) = \chi_k(\mu_i^{i+2}(v)) + \chi_k(\mu_i^{i+1}(v)) + \chi_k(\mu_{i-1}^{i+2}(v)) + \chi_k(\mu_{i-1}^{i+1}(v)) + \chi_k(\mu_{i-1}^i(v)), \quad i \geq 2,$$

$$\chi(\mu_i^j(v)) = \chi_k(\mu_i^j(v)) + \chi_k(\mu_i^{j-1}(v)) + \chi_k(\mu_{i-1}^j(v)) + \chi_k(\mu_{i-1}^{j-1}(v)), \quad i \geq 2, j \neq i+1, i+2$$

Доказательство. Следует из формулы суммирования фильтрации Янцена ([2], стр.133) для модуля Вейля и принципа перехода ([3], стр.297).

Следствие. Для короткой точной последовательности G -модулей $0 \rightarrow L(\lambda) \rightarrow V(\lambda^*)^* \rightarrow M(\lambda) \rightarrow 0$ имеют место следующие изоморфизмы G -модулей:

$$\text{Soc}_G M(v) = 0,$$

$$\text{Soc}_g M(\omega_{00}(v)) = L(v),$$

$$\text{Soc}_g M(\omega_{10}(v)) = L(\omega_{00}(v)),$$

$$\text{Soc}_g M(\omega_{11}(v)) = L(\omega_{10}(v)) \oplus L(\omega_{01}(v)) \oplus L(v),$$

$$\text{Soc}_g M(\omega_{0j}(v)) = L(\omega_{0,j-1}(v)), \quad j = 1, \dots, n-2,$$

$$\text{Soc}_g M(\omega_{1j}(v)) = L(\omega_{1,j-1}(v)) \oplus L(\omega_{0j}(v)), \quad j = 2, \dots, n-2,$$

$$\text{Soc}_g M(\mu_0^1(v)) = L(\omega_{11}(v)),$$

$$\text{Soc}_g M(\mu_0^2(v)) = L(\mu_0^1(v)) \oplus L(\omega_{12}(v)) \oplus L(\omega_{10}(v)),$$

$$\text{Soc}_g M(\mu_0^j(v)) = L(\mu_0^{j-1}(v)) \oplus L(\omega_{1j}(v)), \quad j = 3, \dots, n-2,$$

$$\text{Soc}_g M(\mu_1^2(v)) = L(\mu_0^2(v)),$$

$$\text{Soc}_g M(\mu_1^3(v)) = L(\mu_1^2(v)) \oplus L(\mu_0^3(v)) \oplus L(\mu_0^1(v)),$$

$$\text{Soc}_g M(\mu_1^j(v)) = L(\mu_1^{j-1}(v)) \oplus L(\mu_0^j(v)), \quad j = 4, \dots, n-2,$$

$$\text{Soc}_g M(\mu_i^{i+1}(v)) = L(\mu_{i-1}^{i+1}(v)), \quad i \geq 2,$$

$$\text{Soc}_g M(\mu_i^{i+2}(v)) = L(\mu_i^{i+1}(v)) \oplus L(\mu_{i-1}^{i+2}(v)) \oplus L(\mu_{i-1}^i(v)), \quad i \geq 2,$$

$$\text{Soc}_g M(\mu_i^j(v)) = L(\mu_i^{j-1}(v)) \oplus L(\mu_{i-1}^j(v)), \quad i \geq 2, j \neq i+1, i+2.$$

Заметим, что глубина фильтрации Янцена всех рассматриваемых модулей Вейля не больше чем 2. Тогда доказанное предложение и его следствие полностью определяют фильтрацию Янцена рассматриваемого семейства модулей Вейля.

Замечание. Формулы формальных характеров $\chi(\omega_{0j}(v)) = \chi_k(\omega_{0j}(v)) + \chi_k(\omega_{0,j-1}(v))$, $j = 1, \dots, n-2$, были описаны ранее Янценом и остается верным и для других простых односвязных алгебраических групп.

ЛИТЕРАТУРА

1. Jantzen J.C. Darstellungen halbeinfacher Gruppen und contravariante Formen // J. reine angew. Math. - 1977. - vol. 290. - P. 117-141.
2. Jantzen J.C. Zur Charakterformel gewisser Darstellungen halbeinfacher Gruppen und Liealgebren // Math. Z. - 1974. - Vol. 140. - P. 127-149.
3. Jantzen J.C. Weyl modules for groups of Lie type in M. Collins ed., Finite simple groups. London, New York: Acad. Press, 1980. P. 291-300.
4. Andersen H.H. Modular representations of finite groups of Lie type in M. Collins ed., Finite simple groups. London, New York: Acad. Press, 1980. P. 259-290.
5. Wong W.J. Irreducible modular representations of finite Chevalley groups // J. Algebra. - 1972. - Vol. 20. - P. 355-367.
6. Carter R.W., Lusztig G. On the modular representations of the general linear and symmetric groups // Math. Z. - 1974. - Vol. 136. - P. 193-242.
7. Jantzen J.C. Über das dekompositionsverhaltens gewisser modularer Darstellungen halbeinfacher Gruppen und ihrer Liealgebren // J. of Algebra. - 1977. - vol. 49. - P. 441-469.

8. Vogan D. Irreducible characters of semisimple Lie groups I // Duke Math. J. - 1979. - Vol. 46. - P. 61-108.
9. Carter R. W., Payne M.T.J. On homomorphisms between Weyl modules and Specht modules // Math. Proc. Cambridge Philos. Soc. - 1980. - Vol. 87. - P. 419-425.
10. Andersen H.H. On the structure of Weyl modules // Math Z. - 1980. - V. 170. - P. 1-14.

ТҮЙІНДЕМЕ

Сипаттамасы $p > n+1$ алгебралық тұйық өріске қатысты SL_n алгебралық группасы үшін Вейль модулдерінің кейбір үйірлері үшін характерлер формулалары мен максималь ішкі модульдердің цоколдары алынған.

SUMMARY

The characters formulas and socles of maximal submodules of some families of the Weyl modules for the algebraic groups SL_n over an algebraically closed fields of characteristic $p > n+1$ are described.

УДК 629.73

ОСОБЕННОСТИ ПРОЕКТИРОВАНИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ СИСТЕМ

Скрипец А.В., *зав. кафедрой авионики, профессор,
академик Транспортной академии,
заслуженный работник образования Украины,
г. Киев (Украина);*

Еркебаева С.К., *магистр;*

Тажибаева А.С., *старший преподаватель,*

Усайнова Г.М., *магистр*

Университет «Болашақ», г. Кызылорда

Одной из наиболее важных проблем, характерных для систем искусственного интеллекта, является представление знаний. Это объясняется тем, что форма представления знаний оказывает существенное влияние на характеристики и свойства системы. Для того чтобы манипулировать всевозможными знаниями из реального мира с помощью компьютера, необходимо осуществлять их моделирование.

Проблема представления знаний – это проблема представления взаимосвязей в конкретной предметной области в форме, понятной системе искусственного интеллекта. Представление знаний – это их формализация и структурирование (в целях облегчения решения задачи), с помощью которых отражаются характерные признаки знаний: внутренняя интерпретируемость, структурированность, связанность, семантическая метрика и активность. Другими словами, представление знаний – это соглашение о том, как описывать реальный мир. В рамках этого направления решаются задачи, связанные с формализацией и представлением знаний в памяти интеллектуальной системы с помощью специально разработанных моделей представления знаний.

В отличие от методов представления данных, базирующихся на строгих алгоритмах, модели представления знаний имеют дело с информацией, получаемой от специалиста в конкретной предметной области (эксперта), которая часто носит качественный и даже противоречивый характер. Тем не менее, подобная информация должна быть приведена к формализованному виду. Это осуществляется использованием различных методов и приёмов, в частности, на основе идей многозначной логики, теории нечетких множеств и других математических моделей.

При работе со знаниями используются два основных подхода:

1. *Логический* (формальный) подход, при котором основное внимание уделяется изучению и применению теоретических методов

представления знаний, формализации, а также логической полноте (например, создание моделей представления знаний на основе некоторых логических исчислений).

2. *Эвристический* (когнитивный) подход, который ориентируется на обеспечение возможностей решения задач. При этом опора делается на принцип организации человеческой памяти и эвристическое моделирование. В отличие от формальных, эвристические модели имеют разнообразный набор средств, передающих специфические особенности той или иной области. Именно поэтому эвристические модели превосходят логические по выразительности и возможности адекватно представить предметную область.

Типичные модели представления знаний: *логические модели*; модели, основанные на использовании правил (*продукционные модели*); *семантические сети*; *фреймовые модели*.

Логические модели.

Основная идея подхода при построении логических моделей представления знаний состоит в том, что вся информация, необходимая для решения прикладных задач, рассматривается как совокупность фактов и утверждений, которые представляются как формулы в некоторой логике. Знания отображаются совокупностью таких формул, а получение новых знаний сводится к реализации процедур логического вывода.

В основе логических моделей представления знаний лежит понятие формальной теории, задаваемое четверкой: $S = \langle B, F, A, R \rangle$, где B – счетное множество базовых символов (алфавит), F – множество, называемое формулами, A – выделенное подмножество априори истинных формул (аксиом), R – конечное множество отношений между формулами, называемое правилами вывода.

Достоинства логических моделей представления знаний:

1. В качестве «фундамента» здесь используется классический аппарат математической логики, методы которой достаточно хорошо изучены и формально обоснованы.
2. Существуют достаточно эффективные процедуры вывода, в том числе реализованные в языке логического программирования Пролог.
3. В базах знаний можно хранить лишь множество аксиом, а все остальные знания получать из них по правилам вывода.

Однако действительность не укладывается в рамки классической логики. Так называемая человеческая логика, применяемая при работе с неструктурированными знаниями, – это интеллектуальная модель с нечёткой структурой, и в этом её отличие от «старой» (классической) логики. Таким образом, логики, адекватно

отражающей человеческое мышление, к настоящему времени ещё не создано.

В представленной ниже экспертно-интеллектуальной задаче проводится моделирование электронных оболочек атома в результате соединения двух атомов. В условии задаются два номера атомов.

После подсчета суммарного номера атома, программа находит полученный атом и начинает заполнять электронные оболочки согласно главных атомных чисел согласно формулы $N=2n^2$ ($N_1=2$, $N_2=8$, $N_3=18$, $N_4=32$, $N_5=50$ и т.д.).

Одновременно ведется подсчет электронных оболочек, их стабильности и количество нейтронов в ядре.

Ниже показан пример соединения атомов Циркония (40) и Ниобия (41) и построена электронная оболочка Таллия (81).

Соединение ядер атомов и полученный элемент периодической системы Менделеева

Цирконий Ниобий	40 41	Полученный элемент Таллий Его номер 81	Число электронных слоев =
--------------------	----------	---	---------------------------

Соединяются Цирконий и Ниобий. При соответствующих условиях (P,T) они дают элемент Таллий. Его порядковый номер $p=81$. Масса = 204. Число электронов и протонов = 81. Число нейтронов = 123. Он не радиоактивен.

Программа.

procedure TForm1.Button1Click(Sender: TObject);

```
label ww,yy,xx; ConstPT:array[1..109]of string =(
'Водород ','Гелий ',
'Литий ','Бериллий ','Бор','Углерод ','Азот ','Кислород ','Фтор','Неон ',
'Натрий ','Магний ','Алюминий', 'Кремний', 'Фосфор ', 'Сера','Хлор ',
'Аргон ','Калий ','Кальций','Скандий ','Титан ', 'Ванадий ','Хром ',
'Марганец ','Железо ','Кобальт ','Никель ','Медь ', 'Цинк ','Галлий ',
'Германий ', 'Мышьяк ','Селен ','Бром ','Криптон ','Рубидий ',
'Стронций ','Иттрий ', 'Цирконий ','Ниобий ','Молибден ','Технеций ',
'Рутений ','Родий ','Палладий ','Серебро ','Кадмий ', 'Индий ', 'Олово ',
'Сурьма ','Теллур ','Йод ','Ксенон ','Цезий ','Барий ','Лантан ','Церий ',
'Празеодим ',
```

```
'Неодим ','Прометий ','Самарий ','Европий ','Гадолиний ','Тербий ',
'Диспрозий ','Гольмий ','Эрбий ','Тулий ','Иттербий ','Лютеций ',
'Гафний ','Тантал ','Вольфрам ', 'Рений ','Осмий ','Иридий ','Платина ',
'Золото ','Ртуть ','Таллий ','Свинец ','Висмут ','Полоний ','Астат ','Радон '
```


Из-за технических неисправностей ежегодно не используется 1/3 тракторов, комбайнов и других машин. Примерно 70% парка комбайнов и тракторов имеет возраст более 16 лет при сроке службы 8-10 лет. Коэффициент технической готовности сельскохозяйственной техники не превышает 0,7, а нагрузка на единицу техники больше нормативной в 1,2-1,6 раза.

Помимо высокого износа наблюдается общий недостаток техники. На 1 тыс. га зерновых приходится около 4 комбайнов, тогда

как в Канаде – 9 ед., в Германии – 20 ед. Недостаточная обеспеченность машинами приводит к увеличению времени выполнения агротехнических операций, что в конечном итоге снижает качество урожая.

В растениеводстве более 70% сельскохозяйственных товаропроизводителей производят продукцию по экстенсивным технологиям, в которых очень мало используется достижения науки, передового отечественного и зарубежного опыта, применяются машины старых поколений. В животноводстве в большинстве регионов страны производство молока и говядины осуществляется также по экстенсивным технологиям.

Основные потребности в сельскохозяйственном оборудовании – около 80% - удовлетворяются в настоящее время за счет импорта и не оказывают положительного влияния на техническую оснащенность аграрного сектора экономики Казахстана (табл.1).

Таблица 1. Приобретение основной сельскохозяйственной техники(в ед.)

	2003г	2004г	2005г	2006г	2007г	2008г	2009г	2010г
Тракторы	223	243	495	360	211	215	419	837
Культиваторы	658	185	121	13	12	12	6	17
Сеялки	1402	665	504	162	79	283	213	559
Зерноуборочные комбайны	918	397	233	485	377	190	581	197
Кормоуборочные комбайны	74	20	3	0	2	0	0	0
Жатки	293	155	104	23	32	196	337	508

В настоящее время объем рынка сельскохозяйственных машин и оборудования составляет около 1 млрд. долл. При этом потенциальная емкость рынка республики, с учетом накопленного парка, гораздо больше (табл.2).

Таблица 2. Наличие основной сельскохозяйственной техники(в тыс.ед.)

	2003г	2004г	2005г	2006г	2007г.	2008г.	2009г.	2010г.
Тракторы	210,5	189,2	165,1	147,2	130,0	120,1	121,1	119,8
Зерноуборочные комбайны	74,1	67,4	59,4	52,9	45,1	41,8	41,3	40,0

Согласно экспертным расчетам, в масштабах страны потребность сельских товаропроизводителей в обновлении тракторов составляет 8 тыс. ед., комбайнов – 4 тыс.ед., сеялок и жаток – 1 тыс.ед. в год, на приобретение которых требуется около 50 млрд. тенге. В республике за последние несколько лет в среднем за год производилось не более 10% ежегодной потребности в тракторах и сеялках, 25% - в жатках.

В государственной программе индустриально-инновационного развития Казахстана до 2014 г. уделяется приоритетное внимание сельскохозяйственному машиностроению. Согласно этой программе к 2014 г. выпуск продукции вырастет в 2 раза, в том числе будет увеличено производство комбайнов до 800 ед. в год, организовано сборочное производство тракторов в объеме 1 тыс.ед. в год и производство навесного оборудования. Будет создана сеть из 9 торгово-сервисных центров по реализации и обслуживанию сельскохозяйственной техники в крупных областях страны.

Будет осуществляться стимулирование развития научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ (НИОКР) путем сокращения налогооблагаемой базы по корпоративному подоходному налогу на 150% от расходов на внедрение результатов по НИОКР.

Для обновления основных фондов и технологического перевооружения предприятий сельскохозяйственного машиностроения будет организован лизинг оборудования на льготных условиях.

Согласно стратегии в сфере сельскохозяйственного машиностроения предполагается создание и развитие национального агропромышленного технологического бизнес-парка.

Создание технопарка направлено на построение национальной системообразующей структуры в сфере агропромышленного производства, охватывающей различные отрасли. Имеется потенциал и значительное количество производственных, научных, научно-технических предприятий в сфере агропромышленного кластера.

Наши исследования показали, что внедрение перспективных машин и прогрессивных технологий позволит по сравнению с достигнутым уровнем повысить производительность труда в 2,2 раза и обеспечить прирост чистого дохода .

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ауыл шаруашылық өндірісіндегі технологиялық модернизация қажеттілігі және қарқынды технологияны пайдалану жолдары көрсетілген. Сонымен бірге ауыл шаруашылық өнімінің өндіріс көлемін екі есе өсіру үшін қажетті машина-трактор паркінің мінездемесі келтірілген.

SUMMARY

The necessity of technological modernization of agriproduction and application of intensive technologies has been motivated⁶ stating the characteristics of machinery and tractor park required for duplicating the volume agricultural produce.

ӘОЖ 537. 531: 532. 74

ГРАНУЛОЦИТТЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӨНІРДЕГІ СИПАТТЫҚ ӨЗГЕРІСІН ЗЕРТТЕУ

Жарылқасын Өтесінұлы Өтесінов,
*ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор,
«Болашақ» ғылыми-зерттеу институтының
директоры міндетін атқарушы,
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы*

Физиологиялық ағзаның жағдайы дұрыс бағалану үшін органдар мен жүйелердің қалыпты және аурудан өзгерістік жағдайлардың функциялық қызметімен өзара тәуелділік өзара бірігумен жүретінін анықтаумен ғана дұрыс байқалады.

Зерттелген немесе анықталған нәтижелерді салыстырумен ағзаның қалыптылығын дифференциальді түрде босайды (диагнозы дұрыс болады). Одан әрі қарай қорытындылау үшін басқа да жүргізілген ағза қанындағы гормондардың мөлшері, қан жасушаларының цитологиялық ұлпалардың гистологиялық зерттеулер нәтижесімен толықтырылып ағзадағы динамикалық үдерістердің барысы кеңінен байқалып, көмекші зерттеу әдістерін де пайдаланады. Соған орай функциялық жағдайдың өз қалпында жүруі спецификалық органдар, жүйелер белгілерін нақтылаумен қатар, олардың морфологиялық өзгеріссіз тек қана аса қажетті функциясының бұзылу фонын анықтау мүмкіндігі туындайды. Бұл мәселе Арал өңірі экологиялық жағдайымен де тығыз байланысты зерттеулерге тоқтамау керек. Бұндағы басты негіз өзендер мен Арал теңізіне келетін су тапшылығынен туындаған табиғи құбылыстарды зерттеулер И.О. Байтуллин ж.б. (1993) жұмыстарына сүйеніп, яғни Арал өңіріндегі экологиялық қиыншылықтарды зерттеп, көп уақыт тіршілік иелерінің табиғи жағдайы қайта қалпына келуін экологиялық өзгерістер ықпалына қарай үш зонаға бөлгені белгілі. Олар апатты, дағдарыс және дағдарыс алды деп деректі материалдармен, сипаттамалық түсініктер нұсқасына сәйкес жіктелген [1]. Ол экономикалық тұрғыдан да халыққа көмектің жүйесіне жатқызылады. Бұл қазіргі Арал теңізінің бір бөлігіне салынған қаржылар арқылы кіші теңіздегі тіршілік қалыптасуынан экология әсерлерін қайта зерттеулер қойылуы байқалады. Дегенмен мәселелердің әле де болса тегеуріні азаймағаны белгілі. Оның қиындығы жалғасуда, яғни тартылған теңіздің түбіндегі тұз шөгіндісі тонна-тоннасымен ауаға көтеріліп ауада топырақтың қыртысының ақ сорға айналуы тіршілік иелерінің физиологиялық жағдайы күрделеніп, сауығу үдерістеріне нұқсан келтіретіні, яғни функциялық қиындықтар бөлінуі белең алғаны

жасырын емес [2]. Сол себептер өңірдің көптеген аймақтарында жалғасуда. Осыған сәйкес біздің зерттеулеріміз екі топ қаракөл қошқарларына (үш-үш бас) тәжірибелік бақылауларды қыс айы мен көктем айларында екі экологиялық аудан төңірегінде бағылып өсірудегі малдарға жүргізіледі. Белгілі бір айдың күндеріне сәйкес қан үлгілерін алып иммунитетке қатысты гранулоциттер мөлшерінің өзара қатынасы, абсолюттік сандарының (1мкл қанда) динамикалық өзгерістерін зерттедік.

Зерттелетін қан үлгілерін қаракөл қойларының қошқарлар табынының аналықтары (түсі – қара, жасы – 2-2,5 жас, салмағы, рациондық азықтары бірдей) екі ауданда Қармақшы (дағдарысты зона) және Шиелі (дағдарыс алды зонасы) аудандарында топтастырылды.

Қан үлгілерін таңертең сағат 8:00 де мойынның жуан көктамырынан (яремная вена) алынып дайындалды. Екі топтан қан үлгісі қыс айының (ақпанның 20 жұлдызына) және көктемнің (сәуірдің 20 жұлдызына) айының соңғы декадасында зерттеуге дайындалды. Арнайы заттың шыныға жағындылар жасалынды. Үлгілер Эрлих тәсілімен боялды. Саналуында тек қана гранулоциттерді есептедік. Сол сияқты заманауи приборында саналған (А-25) гранулоциттер мөлшерімен салыстырғанда ауытқулар білінбеді. Әрбір қошқарлардан алынған үлгілерді бөлек есептеуді де жүргіздік. Айырмашылық байқалмады.

Базофильдер мөлшері 0,3-0,5 % арасында болса, эозинофильдердің шамасы дағдарыстық зонадағы қошқарлардың 1 мкл қанда абсолюттік тұрғыдан Қармақшы ауданындағы жануарлардың қанында 560-588 аралығында, көктемде 1,2 % көтеріңкі болғанын айта кетуді жөн көрдік. Ал сол топтың аналогтар қанындағы эозинофильдер Шиелі ауданындағылар табындағы қан жасушалары 2-1,4% кемігені көрініп тұр. Бұл эозинофильдік жасушалар қандағы зиянды заттардың әсерінен төмендеуі мүмкін, себебі бұл зона Байқоңыр ғарыш айлағының әсері және Арал теңізінің бұл ауданға жақындығы себеп болуы керек. Өйткені эозинофильдер ағзадағы зиянды заттарды жоюынан тез және көп өзгерістерімен жауап береді, өзінің сақталыну мүкіншіліктері төменгі деңгейде екені белгілі. Олар гиперсезімталды. Жарты ғұмырлық уақыты 12 тәулік. Өсу факторы милоидтық дифенциясы ИЛ-5 тің қатысуымен жілік майында жасалады, сондықтан түйіршігіндегі ферменттер тез реакция қатысып, негізгі компоненті өзегінде кристалды формада орнығатын басты сілтілік ақуыз, сондай-ақ бактериоцидтік белсенділікке ие. Олардың ферменттері қышқыл фосфотаза, арисульфатаза, катепсин, РНК аза өзінің рецепторлары арқылы шапшаң түрде зиянды токсиндерді, метаболістік улы өнімдерді жоюмен өзі де тіршіліктерін тоқтатады.

Бұл жасушадан тыс цитоллиздің журуі барысында басты сілтісі ақуыз негізгі орынға ие, ол синтезделместен бұрын, кристалды формада ерітінді түрінде айналуы керек [3]. Эозинофильдерді зақымдалған зақымдалған аймаққа қатыстыру үшін Ig F маңызды, міне осы тұрғыдан бұл жасуша түрі Шиелі ауданындағы жануарлари қанынды өз функциясын көрсетілген мөлшерде де жақсы жақсы атқарылатынын байқатады (1-кесте).

Гранулоциттердің қыс және көктем айындағы қандағы өзгерістері.

Гранулоциттер түрлері	Қармақшы ауданы (дағдарысты экологиялық зона)				Шиелі ауданы(дағдарыс алды экологиялық зона)			
	Ақпан		Сәуір		Ақпан		Сәуір	
	Абсолюттік саны 1 мкл қанда	Пайызы (%)	Абсолюттік саны 1 мкл қанда	Пайызы (%)	Абсолюттік саны 1 мкл қанда	Пайызы (%)	Абсолюттік саны 1 мкл қанда	Пайызы (%)
Базофил	32	0,4	35	0,5	24	0,3	25	0,32
Эозинофиль	560	6,0	588	7,2	450	5,2	424	5,8
Нейтрофил соның ішінде:	2600	28,0	2827	38,6	2542	25,8	2552	25,4
Метамилцит (жас түрі)	18	0,7	37	1,8	14	0,5	3	0,1
Таяқша ядролысы	57	2,2	75	2,9	56	2,1	59	2,7
Сегмент ядролысы	2525	97,1	2715	95,3	2472	96,4	2493	97,3

Гранулоциттердің қандағы мөлшері барлық лейкоциттердің 30-35 % құрайды. Олардың ішінде метамиелоцит немесе жетілмеген формасы көбіне өтпелі түрінде кездеседі. Әсіресе таяқша және сегмент тәрізді формаға өту кезеңінде. Жетілгендерінің диаметрі 12-20 мкм. Түйіршіктері цитоплазмада ірі емес таралуы біркелкі болмайды. Таяқша ядролы нейтрофильдер-дөңгелек диаметрі 10-14 мкм, түйіршіктері өте майда цитоплазмасындағы ядросын мембрана бірдей қашықтықта қоршайды. Ядро қысылғандай, сондықтан таяқша тәрізді көбіне С-әрпі және 3, кейде 6 санын еске түсіреді. Бұл түрі циркуляциялық қанда көп байқалады, патологиялық жағдайда саны

көбейе түседі, жаңа жасушалармен жойылушылары қабаттаса байқалуы, олардың регенерациялық және дегенерациялық формаларының қандағы қызметтері жүруіне байланысты, сандықтан олардың сандарын бірдей есепке алынады. Сегмент ядролысы дұрыс дөңгелек формасы. Цитоплазмасында нәзік түйіршіктерге толы ашық алқизыл түске боялады, ядросы қою күлгін түсті болады, жолақтық байқалады. Әрбір сегменттері жіңішке жіпшелермен жалғанғандай формасы латынның L, W және 8 санды еске салады. Бұларда әртүрлі рецепторлары (Fe, CRI, 3 және 4 ж.б.) комплимент компоненттерін іске қосумен ИЛ-8, x – хемокиндерге арнаулы рецепторы олардың қабыну ошағында болуына реакциялық қорғау үдерістеріне қатысуларына жауапты. Белсенділігі жоғары жылдамдылықта бөлу мобильдік жасушаларымен қамтамасыз етуі қорғану реакциялары жақсы жетілгендігін көрсетеді. Оған көбінесе сегмент ядролысы. Бұлардың түйіршіктері бойынша екі түрге жіктейді. Біріншілік және екіншілік (маманданған). Алғашқысы гидролаза және басқа ферменттер жинағынан болса (d - мукозидоза, l - нуклетидоза, d - миопероксидоза т.б. бұлар улы заттарды тез бейтараптайды. Ал маманданғандарға лактофиллин, фосфотоза, лизоцим ж.б. кез келген микробтарды жоюға, жеңілдетуге қабілетті. Онда дегрануляциялау фагымен бірігу үдерісінде жетіледі. Сонымен 1-кестеде абсолюттық сандарының өзгерулері экологиялық жағдайда болатын қиындықтарға қарсы тұрады [4]. Таяқша ядролы нейтрофильдердің пайыздық шамалары қалыпты жағдайдағысын көрсетеді. Өйткені олардың қайтадан орнына толығыуы гиперсезімділіктігінен. Қармақшы ауданындағы ауа мен топырақтағы улы заттар жануар ағзасына енсе, оны бейтараптап, өзінің қалыпты қан циркуляциясындағы саны түгелденетін болуы керек.

Ал сегментті ядролы нейтрофильдер ақпан айында көп өзгерістері байқалмайды, ал сәуірдегі шамасы көктемнің алғашқы күндерінде азықтар құндылығы, азықтардығы ағзаға қажетті органикалық минеральдық заттар азаюы, биохимиялық реакциялар соңғы қосылыстарына жетуі кешігеді, тотығып үлгермеген пептидтер, көмірсулар, майлар ағзаға кері әсерін тигізбеуден сақтайтын осы сегмент ядросы нейтрофильдерге күш түсетіндіктен және шөп-азықпен ағзаға түсетін микроағзалар, кейбір ауамен топырақтан енетін тұздарды да бейтараптаумен, олардың зияндылығын төмендетеді, бұл Байқоңыр ғарыш айлағының зиянды қалдықтарының әсері екендігін дәлелдейді. Сонымен қатар Арал өңіріндегі әрбір гектар жерге 0,5-6 тонна тұзды тозаң түсетінін де есепке алу керек [6].

Сегмент ядролы нейтрофильдер мөлшері Қармақшы аудандық топ қошқарлары қанында 2525-2715 жасаушылары аралығында ауытқыса, сәуір айында нейтрофильдік жасушалардың көбеюінен ағза

қанындағы артуын қажетті физиология тұрақты реакциялар үшін төмендетеді дейміз.

Ал Шиелі ауданындағы қошқарлар тобы қанындағы сегмент ядролысы көбіне қалыптылықты сақтағандығын байқатады. Яғни екі ауданның жануарлар тобы қанындағы нейтрофильдер көрсеткішінің айырмашылығы Қармақшы ауданындағы топтың қанындағы сегменті ядролысы мобилизация жылдамдығы ақпан айы көрсеткіштерімен салыстырғанда, сәуір айы сегмент ядролы нейтрофильдердің дамуы, қайта пайда болу мүкіншілігі төмендеу екенін көрсетеді. Яғни бактериализдер реакциясына қатысатын нейтрофиль түйіршігіндегі ферменттер миллопероксиоза лактофилмен сілтілі фосфотаза белсенділігі шапшаң түрде жұмыс істеуіне кедергі болатынын, сондықтан олардың саны көбеюі арқылы компенсацияланады екен.

Сонымен екі аудандағы қошқар топтарының қыс және көктем айларында қан гранулоциттер (эозинофильдер, сегмент ядролы нейтрофильдер) қалыптылығы экологиялық зонада және көктем айында да динамикалық өзгерістер қан жасушаларындағы ферменттердің функциялары салыстырмалы түрде төмендейді екен.

ӘДЕБИЕТ

1. Байтуллин И.О., и др. О прикладном экологическом зонировании в Казахстане и критериях выделения зон экологического бедствия. Доклад АН РК, №3, 1991 г. 59-67 с.
2. Отарбаев Р. Ұшқан тұз бен көшкен құм. «Арал тағдыры». - Алматы, «Қазақстан», 1989 ж.
3. Петров Р.В. Иммунология. - М., 1987 г.
4. Өтесінов Ж.Ө. Цитология және гистология. Оқу құралы, - Қызылорда, 2010, 208 б.

РЕЗЮМЕ

Гранулоциты в крови каракульских баранов по экологическим зонам Кызылординской области в сравнительном аспекте меняются по-разному и в сегментоядерных нейтрофилах ферменты восстанавливаются медленно.

SUMMARY

Granulocytes in blood of the karakul rams on ecological zones of Kyzylorda area in comparative aspect change differently and in the segmented neutrophils enzymes are restored slowly.

УДК 537. 531: 532. 74

ЦИТОТОКСИЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ ЕСТЕСТВЕННЫХ КИЛЛЕРНЫХ КЛЕТОК

Махмутов Болат Бижанович,

кандидат химических наук;

Убайда Бакытгул, студент

Университет «Болашақ», г. Кызылорда

Как известно, естественные киллерные клетки (ЕКК) относятся к резидентной популяции лимфоцитов, которые принимают активное участие практически во всех реакциях иммунной системы – в регуляции процессов пролиферации и дифференцировки лимфоидных клеток, элиминации опухолевых и вирусинфицированных клеток. Все эти регуляторные и эффекторные функции ЕКК имеют большое значение в противоопухолевом иммунитете, в частности, в предотвращении спонтанного возникновения опухолей и распространении метастаз в организме животного [1]. В связи с этим, интересно было изучить динамику изменения цитотоксической активности естественных киллеров мышей линии NMRI в процессе развития солидной опухоли и при действии низкоинтенсивного амплитудно-модулированное электромагнитное излучение крайне высокой частоты (АМ ЭМИ КВЧ).

В наших экспериментах в качестве источника популяции ЕКК служила селезенка мышей. В этой лимфоидной ткани присутствует примерно 10% ЕКК от общей популяции лимфоцитов. Цитотоксическая активность ЕКК оценивалась по лизису клеток-мишеней линии K562 предварительно меченных [³H]-уридином (10 мкКи/мл, удельная активность 0,85 пБк/моль). Данная клеточная линия обладает высокой чувствительностью к действию ЕКК, поскольку эти клетки-мишени не экспрессируют на своей поверхности молекулы МНС класса I. По литературным данным, цитотоксическая активность ЕКК селезенки нормальных крыс и мышей варьируют в пределах от 15 до 25% [2, [3]. Результаты, полученные в наших экспериментах по цитотоксической активности ЕКК здоровых мышей не противоречат данным других исследователей (рис.1). Более того, активность ЕКК селезенки интактных животных в течение всего периода исследования оставалась практически на одном уровне (23-26%). Это свидетельствует не только о высокой чувствительности радиоиммунологического метода, но и о генетической однородности используемой линии мышей. При развитии иммунного ответа, направленного на отторжение опухоли, наблюдается резкое

повышение цитотоксической активности ЕКК (+ 43%), выделенных из селезенок животных с 10-дневным опухолевым ростом. Интересно отметить, что на 20 день развития опухоли киллерная активность ЕКК снижалась до 29%, но все же оставалась на высоком уровне по сравнению с контролем.




Рис. 1. Цитотоксическая активность ЕКК селезенки мышей.

Каждое значение – среднее от 3-5 животных; цитотоксический тест проводили индивидуально для каждой мыши в 6 повторах. Соотношение эффекторных клеток к мишеням было 25:1. ● – контроль; ○ – АМ ЭМИ КВЧ; □ - опухоль; △ - опухоль + АМ ЭМИ КВЧ. *Достоверное отличие от контроля, $p < 0,05$.

Однако через 10 дней мы вновь обнаружили резкую активацию естественных киллеров, причем уровень цитотоксичности ЕКК достигал практически тех же значений, что мы наблюдали на начальной стадии опухолевого роста. Эксперименты, проведенные с применением АМ ЭМИ КВЧ (1,5 ч ежедневно) показали, что облучение здоровых животных приводило к угнетению функциональной активности ЕКК селезенки на 10 и 30 день экспозиции. Напротив, воздействие АМ ЭМИ КВЧ в течение 20 дней вызывало только тенденцию к снижению активности ЕКК у здоровых мышей. Несмотря на угнетающий эффект АМ ЭМИ КВЧ,

обнаруженный на 10 день экспозиции здоровых животных, воздействие АМ ЭМИ КВЧ не вызывало заметных изменений цитотоксической активности ЕКК, выделенных из животных с 10-дневным опухолевым ростом. По мере увеличения длительности облучения животных-опухоленосителей наблюдали подавление повышенного уровня цитотоксичности естественных киллеров, которые были проактивированы в процессе опухолевого роста. Особенно это было очевидно на 30 день экспозиции животных с опухолевым ростом, когда активность ЕКК существенно снижалась с 43 до 28%.

Таким образом, в течение всего исследованного периода рост опухолей вызывал повышение активности естественных киллерных клеток, что можно рассматривать как адаптивный ответ организма, направленный на разрушение раковых клеток. Результаты этих экспериментов свидетельствуют, что применение низкоинтенсивного АМ ЭМИ КВЧ приводит к угнетению реакций клеточного иммунитета организма, направленных против опухолевого роста, когда в качестве критерия рассматривали активность естественных киллерных клеток.

ЛИТЕРАТУРА

1. Lanier L.L. // On guard-activating NK cell receptors. Nat. Immunol. 2001, Vol. 2, P. 23-27.
2. Budzynski W., Chirigos M., Gruys E. // Augmentation of natural cell activity in tumor-bearing and normal mice MVE-2. Cancer Immunol Immunother., 1987, Vol. 24, P. 253-258.
3. Shirachi M., Sata M., Miyajima I., Tanaka M. // Liver-associated natural killel avtivity in cirrhotic rats. Microbiol. Immunol., 1998, Vol. 42(2), P. 117-124.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада тышқанның табиғи киллерлік жасуша қабықшаларына аса жоғары жиіліктегі амплитудалық-модуляциялық төменгі жиілікті электромагниттік сәуле әсер еткенде олардың цитотоксиндік белсенділігі қарастырылған.

SUMMARY

In the articles citotoksiches activity of natural killernykh cages of spleen of mise is considered with tumour growth at the action of low intensive the peak-modulated electromagnetic radiation of uttery high-purity.

УДК 621.643.414.2: 621.9.048.4

ZJ30 МОБИЛЬДІ БҰРҒЫЛАУ ҚОНДЫРҒЫСЫНЫҢ 3NB1000 БҰРҒЫЛАУ СОРАБЫНЫҢ ГИДРАВЛИКАЛЫҚ ҚОРАБЫНЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Мүслімов А. Д. *НГ-12 оқу тобының студенті,*
Бисенбайқызы Лаззат, *оқытушы*
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

Қазіргі таңда елімізде мұнай-газ саласының дамуына байланысты Қызылорда өңіріндегі ЖШС «НефтьТехСервис», ЖШС «Жанрос DRILLING», ЖШС «Сырдария-Мұнай» және т.б. мұнай-газ ұңғымаларын бұрғылау және күрделі жөндеу жұмыстарымен айналысатын мұнай компаниялары ZJ30 мобильді бұрғылау қондырғысын жиі қолдануда. Соңғы статистика мәліметтеріне сүйенсек аталмыш мобильді бұрғылау қондырғысын қолдану біршама арта түсуде (диаграмма 1).




Диаграмма 1. ZJ30 мобильді бұрғылау қондырғысын қолдану көрсеткіші

Өңіріміздегі мұнай-газ қабаттарының 1200-2700м тереңдікте орналасқанына байланысты ZJ30 мобильді бұрғылау қондырғысының техникалық мінездемесіне сәйкес мұнай-газ ұңғымаларын бұрғылау тиімді, әрі бағасының арзан болуымен ерекшеленеді (сурет 1).

Бұл аталмыш бұрғылау сорабы үш цилиндрлі, көлденен орналасқан және ілгері-кейінді қозғалыс жасайтын сораптар түріне жатады. 3NB-1000 бұрғылау сорабы ANSI/AISC 360-05 «Болатты құрастырмалар» және GB 50017-2003 «Болатты құрастырмалардың жобасы» үшін арналған Әлемдік нормасына сәйкес жасалынған. ZJ30 мобильді бұрғылау қондырғысының маңызды кешендерінің бірі 3NB-1000 бұрғылау сорабы болып табылады (сурет 2).



Сурет 1. ZJ30 мобильді бұрғылау қондырғысының жиналмалы түрі



Сурет 2. 3NB-1000 бұрғылау сорабы

Десекте, сораптың гидравликалық бөлігіндегі маңызды элементтерінің бірі гидравликалық қорап – бір рет қолданысқа сай етіліп жасалынған, яғни жабдықтың сенімділік және ұзақ мерзімділік қасиетінің төмен болуына байланысты өңіріміздегі мұнай-газ ұңғымаларын бұрғылау және күрделі жөндеу жұмыстарымен айналысатын бірқатар мұнай компаниялары үлкен экономикалық шығынға тап болуда (диаграмма 2).



Диаграмма 2. Экономикалық шығынның өсуі

Гидравликалық қорап – 3NB-1000 бұрғылау сорабының гидравликалық бөлігіндегі маңызды элементтерінің бірі (сурет 3).

Мұнай-газ ұңғымаларын бұрғылау барысында сорапты циркуляциялық жүйенің жұмыс тәртібіне сәйкес 3NB-1000 бұрғылау сорабы үлкен қысымда бұрғылау сұйықтығын ұңғымаға айдайды және ұңғымаға айдалған бұрғылау сұйықтығы қайтадан жер бетіне шығып, арнайы жабдықтардың көмегімен қайта дайындалып ұңғымаға қайта айдалады [1].



Сурет 3. Гидравликалық қорап
(гидравлическая коробка)




Сурет 4. Желінуге ұшыраған
гидравликалық қорап

Үлкен қысымда айдалатын бұрғылау сұйықтығындағы абразивті түйіршіктерінің және арнайы химиялық қышқылдардың қосындысының әсерінен, гидравликалық қораптың сору және айдау клапандарының ашылып-жабылуы барысында гидравликалық қораптың арасы желінуге ұшырайды (сурет 4).

Желінуге ұшыраған гидравликалық қораптың әсерінен бұрғылау сұйықтығын сору және айдау барысында бұрғылау сорабының жұмыс істеу қабілеті төмендейді, яғни дірілдің пайда болуы, қысымның төмендеуі немесе жоғарылауы және т.б. кемшіліктерге тап болады. Аталмыш кемшілікті жою үшін гидравликалық қораптың жаңасын сатып алу керек болады, себебі гидравликалық қорап бір-ақ рет қолданысқа сай (одноразовый) етіліп жасалынған. Оның өзіндік құнының жоғары болуы аталмыш компаниялардың қосымша экономикалық шығынға тап болуына әсерін тигізеді.


Жүргізілген зерттеу жұмыстарының мәліметтеріне сәйкес гидравликалық қораптың сору және айдау клапандарының орналасқан жері желінуге жиі ұшырайды. Дегенмен, желінуге ұшыраған бөлшектерді газды дәнекерлеу және құйылмалы пісіру (наплавка) әдістері арқылы қалпына келтіруге болады [2]. Газды дәнекерлеу әдісі құйылмалы пісіру (наплавка) әдісіне қарағанда жұмыс техникасының қарапайымдылығымен, мобильділігімен, әрі ықшамдылығымен ерекшеленеді. Бірақ, газды дәнекерлеу технологиясының тәртібіне сәйкес ацетилен, пропанбутанды қосылысты газдар қолданылатындықтан жарылысқа қауіпті болып келеді.

Желінуге ұшыраған бөлшектерді газбен дәнекерлеу арқылы жөндеудің жұмыс технологиясына сәйкес, ең алдымен гидравликалық қораптың желінген жерін әмбебап инжекторлы кескіш арқылы желіну тереңдігінің диаметрімен сәйкестендіріп жонады (сурет 5).



Сурет 5. Әмбебап инжекторлы кескішттің көмегімен металды кесу немесе жону технологиясы

Содан соң бастапқы диаметрге сәйкестендіріп гидравликалық қораптың желінген жеріне втулка немесе цилиндрді салып газбен немесе ацетиленді дәнекерлеу арқылы втулка мен гидравликалық қораптың арасын дәнекерлейді [2]. Дәнекерлеп болған соң цилиндрдің ішкі бетінің кедір-бұдырлығын механикалық өңдеу арқылы жойып тегістейді (сурет 6).



Сурет 6. Жөндеуден кейінгі күйі

1-гидравликалық қорап, 2-цилиндр, 3-дәнекерленіп байланысқан бөлігі



Сурет 7. Бастапқы қалпына келген гидравликалық қорап

Механикалық өңдеуден кейін гидравликалық қораптың қалпы өзіндік қалпына келіп ұзақ мерзімділігі арта түседі, яғни жұмысқа жарамдылығы әрі сенімділік қасиеті жоғарылайды (сурет 7).

Зерттеу жұмыстарының барысында гидравликалық қорапты жөндеуге кететін экономикалық шығындары есептеліп, зерттеу жұмысының экономикалық тиімділігі анықталды (кесте 1).

$$E = K - (F + Q)$$

мұндағы: E – экономикалық тиімділік;

K – гидравликалық қораптың өзіндік құны;

F – дәнкерлеушінің жалақысы;

Q – қосымша материалдық шығындар.

Сонда, $E = 650000 - (47800 + 8600) = 593600$ тг

Экономикалық тиімділіктің құнын ақтау мерзімі бөлшектің істен шығу санына байланысты болып келеді [3]. Ол

төмендегі формула бойынша анықталады: $T = \frac{F + Q}{K - E}$

мұндағы: T – құнын ақтау мерзімі немесе бөлшектің істен шығу саны.

Сонда,
$$T = \frac{47800 + 8600}{650000 - 593600} = 1$$

Кесте 1.

Құнын ақтау мерзімі (жыл) немесе істен шығу саны	Гидравликалық қораптың өзіндік құны, тг	Жөндеу жұмысына кететін шығын, тг	Экономикалық тиімділік, тг
1	650 000	56400	593 600
2	650 000	56400	593 600
3	650 000	56400	593 600
Барлығы	1 950 000	169 200	1 780 700

ӘДЕБИЕТ

1. Ильский А.Л. Расчет и конструирование бурового оборудования. Москва., «Госоптехиздат», 1962 г, 636 с.

2. Б.А.Авербух., Н.В.Калашников., Я.М.Кершенбаум., В.Н.Протасов. Ремонт и монтаж бурового и нефтегазопромыслового оборудования. Москва., «Недра» 1976 г, 368 с.

3. Г.Д.Аманиязова, Экономика нефтяной и газовой промышленности. Учебное пособие., Алматы «Экономика», 2004 г, 114с.

РЕЗЮМЕ

В научной статье приведены расчеты экономического эффекта при внедрении предлагаемых ремонтных работ, и в таблице № 1 показаны себестоимость гидравлической коробки бурового насоса 3NB-1000 и затраты на ремонтные работы. Таким образом обосновано

повышение долговечности одноразового элемента бурового насоса 3NB-1000.

SUMMARY

In a scientific paper presents calculations of economic benefit in the implementation of the proposed repairs, and Table 1 shows the number of hydraulic cost of boxes Mud Pump 3NB-1000 and the cost of repairs. Thus justified increase durability disposable element Mud Pump 3NB-1000.

ӘОЖ 633:31

ЖОҢЫШҚАНЫҢ АГРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ӨНІМДІЛІГІ

Жарылқасын Ж., студент;
Әлібекова Ғалия Бекқожақызы,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

Жоңышқа өте ертеден егіліп келе жатқан көп жылдық бұршақ тұқымдас шөптердің бірі. Оның 50-ге тарта, ал Еуразия аумағында 36 түрі бар. Қазақстанның кең байтақ жерінде жоңышқаның көк немесе егістік, сары, өзгермелі, көкбудан, сарыбудан және алабудан сорттары егіледі. Бұлардың арасында ең маңызды орын алатыны егістік жоңышқаның Жетісу экологиялық түрі. Ол 1934 жылы жергілікті сорт есебінде танылғаннан кейін бүкіл Қазақстан аумағында кеңінен таралды. Егістік немесе көк жоңышқа *Medicago sativa* L. А.И.Ивановтың анықтамасы бойынша бұршақ тұқымдастардың (*Leguminosae* Iuss.) жоңышқа (*Medicago* L.) тобындағы көпжылдық жоңышқалар (*Falcago* (Rchb) Grossh) қатарына жатады. Бұдан басқа жер бетінде кең таралған жоңышқаның орақ пішінді немесе сары (*M. Falcata* L.), өзгермелі немесе ортаңғы (*M. Varia* Mart.) және басқа 12 түрін атауға болады. Жоңышқа ежелден бергі егіншілікте ең көп тараған мал азықтық дақыл болып саналады. Біздің заманымыздан бес мың жылдай бұрын осы жерді мекендеген халық дүние жүзінде алғашқылардың бірі болып жоңышқа өсірумен айналысқан. Кейін осы арадан Орталық Азия, Қытай, Үндістан, Иран арқылы бұдан 2-2,5 жыл бұрын ғана ол ежелгі Аравия мен Греция жерлеріне жеткен. Содан соң барып Еуропа мен Америкада егістікке ене бастаған. Сондықтан жоңышқа туралы сөз болғанда ең әуелі Алатау, Қаратау, Тянь-Шань және Памир тауларымен қатар Жетісу өңірі де аталады. Васильченко, 1949; Зыков, 1967 жоңышқа бұдан 2,5-3 мың жыл бұрын егіліп өсірілді десе, басқа ғалымдар (Синская, 1950; Тарковский 1972) 4-5 мың жыл, ал А.И. Иванов 7-8 мың жыл бұрын әкелініп егілген дейді.

Жоңышқаны өсіріп баптаумен бұл жерде ертеден айналысқан халықта бұрыннан келе жатқан бай дәстүр мен тәжірбие жинақталған. Мәселен, Алматы облысының Іле ауданындағы бұрынғы "Қаскелең" кеңшарында В.И. Мень А.А. Шелепов деректері бойынша жоңышқа

егісінің әр гектарынан 700 центнерден балауса немесе 12000 азықтық бірлік өндірілген.

Академик Қ.Ә. Асанов және В.М. Денисов Оңтүстік Қазақстан обылыстық тәжірбие шаруашылығында жоңышқаның әр гектарынан суармалы жерде жыл сайын 900 центнерге дейін балауса алып отыруға болатын тәжірбелердің нәтижесін келтіреді.

Сондықтанда бағалы дақыл жоңышқа дүние жүзінің 80-нен астам елдерде өсіріледі, егіс көлемі 33649 мың гектарға жеткізілген оның ішінде бұрынғы ТМД республикаларында 5134 мың гектар, ал біздің республикамызда 887 мың гектарға егіледі. Ғалымдардың есептеріне қарағанда жоңышқаның егіс көлемін 10-12 млн гектарға жеткізіп, оның өнімін және сапасын арттыру проблемаларын тез арада шешу көзделіп отыр.

Жоңышқа - малдың қай түлігіне болса да қажетті жоғары сапалы азық. Өйткені одан пішен, балауса, жайылымдық көкмайса, сүрлем, пішендеме, сондай-ақ витамині мол ұн, түйіршік т.б. азықтар дайындалады. Сонымен бірге жоңышқадан өндірілетін азықтың өзіндік құны арзан. Бірнеше жыл бойы тұрақты мол өнім алуды қамтамасыз ететін және оған көп шығын шықпайтын шөпті пайдаланудың экономикалық тиімділігі зор.

Жоңышқаның 100 кг көк балаусасында 16-20 а.ө., пішенінде- 50-60 а.ө., 120-150 г сіңімді протейн, 17-29 мг каротин болады. 100 кг шөп ұнында 70-80 а.ө., 120-200 г протейн және 180-300 г каротин бар, ал қоректілігі жөнінен ол астыққа теңеседі.

Жоңышқа - мол өнімді дақыл. Жоңышқаның өсіру агротехникасы талапқа сай болған жағдайда, оны кез-келген топырақта өсіріп, мол өнім алуға болады. Кейбір зерттеу мәліметтеріне (Амантаев, Иманғазиев) қарағанда Жамбыл облысының сұр топырақты аймағында суармалы жердің әрбір гектарынан 96,7 центнер, тәлімі жерлерден 23,5 центнер пішен алынса, Шымкент облысының бозғылт қызыл түсті қоңыр топырақты жерлерінен 130,6 және 38,3 центнерден өнім алынған.

Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ғылыми-зерттеу ұйымдарының мағлұматтарына қарағанда Еуразияның барлық аймақтарында дерлік жоңышқа егісінен тұрақты мол өнім алуға болады. Мысалы, қара топырақты аймақта зерттеу жүргізген Б.А.Абубекеров және У.М.Сағалбековтың деректері бойынша жоңышқаның әр гектарынан 56-60 центнер пішен алынған, ал қызыл қоңыр топырақта С.Н.Игнатъев - 19,6-28,7 ц/га пішен өндірген болса, қызыл қоңыр сортаң топырақты аймақта Д.Е.Нұрымов күріш ауыспалы егістігіндегі жоңышқадан (екі жылда) 150-210 ц/га пішен жинаған.

Алматы облысының тау бөктерлік сұр топырағында Ю.Д.Зыков С.С.Садуақасов, М.Ә.Әбілденов және Е.Қ.Дошманов 20,6-56,4 ц/га жоңышқа пішенін өндіруге болатыны туралы деректер келтірген.

Суармалы жерлерде жоңышқа бұдан да мол өнім беретіні белгілі. Б.А. Айнабекова, М.М.Мельников, Г.М.Часовитина, П.Г.Величко және басқалар жоңышқадан суармалы аймақта әр түрлі жағдайда 1 гектарға шаққанда 960,4 центнер балауса, 205,3 центнерге дейін пішен өндіруге болатынын көрсеткен.

Жоңышқаның өнімділігі суармалы жерде де орымға және тіршілік ету жылына қарай өзгереді. Ол туралы Ж.М.Исағұлов мынадай деректер келтірген: жоңышқаның көкмайса өнімділігі бірінші жылы 72,6 ц/га, екінші жылы 710,4 ц/га, үшінші жылы 910,8 ц/га болады.

Ауа райы мен топырақ жағдайына қарай жоңышқа республика жерінде үш үлкен табиғи аймақта өсіріледі. Оңтүстік және оңтүстік-шығыста суармалы егіншілік аймағында орналасқан обылыстарда негізінде көк гүлді жоңышқа егіледі, қызыл қоңыр топырақты құрғақ дала және шөлейтті жерлерде сарыбас гүлді жоңышқа, ал орман далалы және қара топырақты әр түрлі астық тұқымдас шөп өсетін дала аймағында бұдан жоңышқа егіледі.

Жоңышқаның егіншілікте өндірістік маңызы зор екі түрі бар: көк немесе кәдімгі жоңышқа (*Medicago sativa* L.) және сарыбас немесе орактәрізді жоңышқа (*Medicago falcata* L.) түрі егіледі. Құрғақшылық аудандарда жоңышқаның көгілдір (*Medicago coerulea* L.) түрі де егіледі. 2,3 сурет. Осы түрлерден басқа, табиғи және қолдан тозаңдану арқылы шығарылған формалары да өсіріледі.

Жоңышқаның көк гүлді түрі кеңінен тараған. Өйткені оның бұл түрі қалған екі түрімен (сарыбас және бұдан) салыстырғанда жылу мен ылғалды көбірек қажет етеді.

Көк гүлді жоңышқа республикамыздың барлық суармалы жерлерінде кең тараған. Бұл жерде оны жаз бойы 3-5 рет орып алады және жинап алғаннан кейін 30-45 күннен соң тағы да шөбі қайтадан орылатындай болып өсіп жетіледі.

Жоңышқа тұқымы топырақтағы жылу 1-2⁰ болғанда өне бастайды. (Филимонов), ал оның көгі 3 градустан 6 градусқа дейінгі суыққа төзе береді (Лоптева, М.И.Тарковский, С.С.Берлянд). Жылу жеткілікті болғанда жоңышқа тұқымы өзінің көлемінен 100-120 процент артық суды бойына сіңіре алады.

Жоңышқаның тағы бір ерекшелігі - көктемде ерте көктейтіндігі. Бір жылдық дақылдар себіліп жатқанда, жоңышқа қаулап өсіп мал жаюға, не болмаса шауып алып, азық дайындауға жарайтын болады.

Тұқымы ұсақ, ұзындығы 1,8 мм, көлденеңі 0,6 мм, жалпақтығы 0,8 мм, бүйрек немесе үрме бұршақ пішендес, жасыл немесе қошқыл тартқан сары түсті болады. 1000 тұқымның салмағы 1,3-2,7 грамм.

Көк және буданды 1,95-2,6 г, сары буданды 1,35, сарысында 1,2 г болады. Бір килограмм көк гүлді жоңышқа тұқымында орта есеппен 543 мың дән болады.

Жоңышқа жер бетіне көктеп шыққан соң 4-5 күннен кейін бірінші жай жапырақ, 12-15 күннен соң күрделі үш тармақты жапырақ пайда болады. Ал, одан кейін әр 5-6 күннен соң үш тармақты күрделі жапырақтары біртіндеп шыға бастайды.

Өсімдік көктеп шыққаннан кейін 35-40 күнде жоңышқа қосымша бұтақ шығарып түптен бастайды, ал 50-60 күннен кейін бұтақ салу кезеңі (20-ға дейін жапырақты болады) аяқталады, содан соң 15-20 күннен кейін немесе көктеп шыққаннан соң 65-80 күнде өсімдік гүлдейді.

Қазақтың Егіншілік ғылыми-зерттеу институтында (Алматы жағдайында) жүргізген В.Ф.Винокурцеваның жоңышқаның жергілікті Жетісу сортына жүргізген тәжірбиесінде өсімдік 7 күннен кейін толық көктеп шыққан, бірінші күрделі жапырақ 25 күннен кейін, екінші күрделі жапырақ 30 күннен кейін, бұтақтану 38 күннен кейін, толық шанақтану 78-87 күннен кейін, 87-97 күннен кейін гүлдей бастаған. Толық гүлдену кезеңі 98-100 күнге созылған. Өсімдіктің өсу дәуірінде жоңышқаның биологиялық талаптарына үйлесімді болу қажет. Топырақтың құрамы ылғалдылығы, тығыздығы, ауа айналымы, температурасы және басқа факторлары тиісті деңгейде болмаса, тамыр дұрыс дамымайды, яғни жоңышқаның қоректенуі нашарлап, өспей қалады.

Жоңышқа қысқы суыққа төзімді өсімдік. Ол ерте күзден бастап ауа райының қолайсыз кезеңдеріне бейімделіп, алдағы қысқы суық мезгілге күн ілгері мұқият дайындалады. Жоңышқа осы кезеңде тыныштық жағдайда өткізеді. Жоңышқа күзде тамыр мойнына және қысқа буын аралығында (орналасқан жапырақ пен сабақтың қиысқан жеріне) суыққа төзімді бүршіктер салады. Оның ішінде қысқа шыдамдысы жер бетінен 1-4 см тамыр басына орналасқан бүршіктер. Ерте көктемде осы бүршіктерден өсімдіктің жаңа сабақтары өсіп шығады.

Бірақ оның қысқа төзімділігі көктеген комплексті жағдайларға байланысты. Атап айтқанда, ауа райының күзде немесе ерте көктемде құбылмалы өзгеруіне және қардың қалыңдығы мен оның сақталу мерзіміне, қар еріп кетіп мұз немесе су астында өсімдіктің көп жатып қалуына тағы басқа өсу агротехникасына тікелей байланысты. Әсіресе ерте көктемдегі ауа райының құбылмалы өзгеруі, өсімдікке қысты күнгі суықтан бетер қауіпті әсер етеді. Сондықтан бұл өсімдіктің қысқа төзімділігі әр жағдайда әр түрлі болады.

Көптеген ғылыми мекемелердің мәліметтеріне қарағанда қысқы суықтан бірінші жылы жоңышқаның 1,5-18,3 проценті, екінші жылы

22,4 процентке дейінгі өсімдік үсіп, жойылады. Қазақстанның суармалы жерлерінде жүргізілген Ю.Д.Зыковтың тәжірбиелерінде қысқы суықтан жоңышқаның 3-9 проценті ғана өліп жойылса А.В.Мироненконың тәжірбиесінде (Беларуссия жағдайында) бұл көрсеткіш 50-60 процентке жеткен.

А.И.Сметанникованың (1967) тәжірбиесінде сирек егілген жерде бір өсімдік жапырақ аландарының аумағы 13049 шаршы сантиметр, ал қалың учаскеде 9247 шаршы сантиметрге жеткен жоңышқаның жапырақ бетінің көлемі қарабидайға қарағанда 6 есе, сұлыға қарағанда 2 есе көп болған. А.М.Алпатъевтің мәліметіне қарағанда жоңышқа транспирациялық коэффициенті орта есеппен 800-1210 аралығында. Ылғалды көп қажет етуіне қарамастан жоңышқа қуаңшылыққа төзімді. Ю.М.Писковацкийдің және И.М.Шатскийдің деректеріне қарағанда, ылғалдығы топырақтың толық ылғал сиымдылығының 60-80% болатын жерде жоңышқа өте жақсы өседі. Бұл деңгей егілген жылы 45% дейін төмендейтін болса, егістік өте сиреп кетеді. Мұндайға әсіресе алғашқы жылы жол беруге болмайды. Себебі бүйтіп бірінші жылы-ақ сиреген жоңышқа келесі жылдары өнім беріп жарытпайды. Осы зерттеу нәтижесінде жоңышқа тамырының тез өсіп дамитын биологиялық ерекшелігі - жылдамырақ топырақтың суы мол қабаттарына жетуге экологиялық бейімделуінің белгісі деген анықтама берілген. Суармалы аймақтарда жоңышқа қант қызылшасы, күріш, мақта, жүгері, бидай ауыспалы егістерінің ең жақсы алғы дақылы болып есептеледі.

Жоңышқаның маңызы ең алдымен топырақтың физика-химиялық қасиеттерін жақсартып, құнарлығын арттыратындығы болып табылады. Соның нәтижесінде одан кейін егілетін дақылдардың өнімі артады. Жоңышқа көктемде ерте көктегеннен суық күзге дейін тіршілігін тоқтатпайды және осы екі ортада ол тек өнім беріп қана қоймай, сонымен қатар өзінің тамыр жүйесіне органикалық заттарды жинайды. Тереңге кететін кіндік тамырының арқасында жоңышқа қоректік заттарды топырақтың төменгі қабаттарынан да алады. Оның тамырына түйнек бактерияларының ұялауы топырақтың физика-химиялық құрамын байытады. Түйнек бактериялар өсімдіктердің тамырымен симбиоздық тіршілік ету нәтижесінде 250-300 кг ауадағы азотты топыраққа жинайды.

Осы азоттың мөлшері 12,5-15 центнер амоний сульфаты тыңайтқышына тең (Д.Е.Нұрымов, 1981). Д.Н.Прянишниковтың және А.И.Сметанникованың зерттеулері бойынша үш жылдық жоңышқа тұрған жер жыртылғанда 1 гектарда қалдыратын тамырындағы органикалық заттардың мөлшері 60-74 тонна орташа сапалы көңге тең. Д.Н.Прянишниковтың, Г.Е.Карлсон, Н.Д.Геттертон және Р.Х.Харттың хабарлары бойынша жоңышқа түйнек бактерияларымен

симбиоз арқасында бір жаздың ішінде 250-300 кг/га жуық азот жинап оның үштен бірін топырақта қалдырады екен.

Жоңышқаның суыққа төзімділігі Қызылорда облысының ауа-райы жағдайында өзгешелеу келеді. Мысалы, облыстың қысы суық болып, қатты жел мен боранның жиі соғуы, және қарының аз түсуі жоңышқаның қыстан нашар шығуына әсер етеді. Өйткені бұл жерде жыл бойғы жауын-шашынның мөлшері небәрі 107 мм, соның ішінде қыс айларында түсетін қардың мөлшері 20-45 мм ғана. Оның үстіне наурыз айы бірде жылып, бірде суық болып құбылмалы болып тұрады, ал сәуір айының бірінші он күндігінде, яғни, өсімдіктің түгел көктеп шығуы кезінде, кей жылдары 5-7 градус суық болып, жоңышқа көгінің 30-70 пайызын үсітіп жібереді. Жоңышқаның мұндай биологиялық ерекшеліктері суармалы аудандарда, әсіресе Қызылорда облысында, оның шығымдылығының төмендеуіне және көгінің сиреуіне, тікелей әсер ететін негізгі себеп болып табылады.

Жоңышқаның өсіру агротехникасы талапқа сай болған жағдайда, оны кез-келген топырақта өсіріп, мол өнім алуға болады. Кейбір зерттеу мәліметтеріне қарағанда Жамбыл облысының сұр топырақты аймағында суармалы жердің әрбір гектарынан 96,7 центнер, тәлімі жерлерден 23,5 центнер пішен алынса, Шымкент облысының бозғылт қызыл түсті қоңыр топырақты жерлерінен 130,6 және 38,3 центнерден өнім алынған. Демек, жоңышқа дақылынан республикамыздың Шымкент, Қызылорда облыстарында мол өнім алуға болады. Дегенмен жоңышқа сортаң, жер асты суы жақын (1,0-1,5 м) жерлерде нашар өседі.

Бұл өсімдік бітік өсуі үшін топырақтағы РН-ның мөлшері 5,8-6,5 болғаны жөн.

Қорыта келгенде, жоңышқаның жоғарыда айтылған биологиялық ерекшеліктерін, ғылым жаңалықтарын, алдыңғы қатарлы шаруашылықтар мен таңдаулы жоңышқа өсірушілердің озат тәжірибиелерін ескере отырып, егістікке қолданылатын агротехникалық шаралар комплексін жергілікті ауа-райы мен сол жерлердің топырақ жағдайында, бұл дақылдан мол өнім алуға, бағыттау керек.

ӘДЕБИЕТ

1. Асанов К.А. Кормопроизводство с основами земледелия. – Алма – Ата: Қайнар, 1969
2. Нурымов Д. Жоңышқа, Қайнар, Алматы, 1976
3. Зыков Ю.Д. Семиречинская люцерна, Қайнар, 1968
4. Юлдашев Х.С. Люцерна в Узбекистане. Ташкент, 1968

РЕЗЮМЕ

В статье приведены основные биологические, морфологические особенности и формирования урожая люцерны в условиях орошения.

SUMMARY

The present article deals with the main biological, morphological features and formations of crop in the conditions of an irrigation.

Журнал 2014 жылдан бастап жылына 4 рет шығады.

«Болашақ» университетінің Хабаршысы» іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялайды.

Редакция мекен-жайы: 120000 Қызылорда қаласы, Адрес редакция: 120000 город Кызылорда, Абай даңғылы, 31 проспект Абая, 31
«Болашақ» университеті Университет «Болашақ»

Техникалық редактор: Жөкенова А.
Жауапты шығарушы: Сманов А.А.

Басуға 01.09.2015 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 12 б.т. Офсетті қағаз.
Тапсырыс №38
Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. «Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
№3(7)

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала мазмұнына автор жауап береді.
«ХАБАРШЫДА» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.